


ОРАЗБЕК МАҚСҰТҰЛЫ Арқа ақыны

Ұлы Отан Соғысынан кейінгі жылдары театрға -Халық ақыны
Доскей Әлімбаевтың есімі берілді



Қарағанды
2020



Доскей Алимбаев в 1936 году.



1940 жылы- Халық ақыны- Доскей Әлімбаевқа

«Құрмет белгісі» ордені берілді

Жауапты редактор:

Пікір жазғандар:

ф.ғ.к., профессор Ғ. Ештанаев

Мақсұтұлы О. «Арқа ақыны» – Қарағанды: 20 «наурыз» 2020. – 140 бет.

ISBN

Доскей ақынның «Балалық шағы» әңгімесі, «Кенесары хан» дастанына және «Айтыс өнеріне» байланысты ғылыми-сараптама жасаған, кітаптың мазмұны, ғылыми ізденістері, фантазиялық ойлары, өлеңдерінің көркемдік деңгейі, құрылымы сапалы жазылған. Көркем сөз шеберлігі, жазушылық қарым-қабілеті айқын байқалады.

Кітап Доскей Әлімбаевтың 170 жылдық мерей тойына жасалған тарту ретінде ұсынылып отыр. Еңбек қазақ әдебиеті мен мәдениетін, айтыс өнерін зеттеушілерге, доскейтанушылар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN

*Халық ақыны - Доскей Әлімбайұлына және ұрпағы Мәнішкен апай
рухына бағыштаймын*

«Арқа ақыны» кітабының авторы

Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы

КІРІСПЕ

Ақын-журналист, Доскейтанушы, 1997 жылдан бері Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, әуесқой композитор, 1-ші санаттағы педагог-ұстаз, офицер, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі.

1968 жылы мамыр айының 30-да Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, «Арқалық» кеңшарында көп балалы жанұяда дүниеге келген. БұқарЖырау ауданы, Доскей ауылындағы Елтай орта мектебінде оқып, 1985 жылы орта білім туралы аттестат алды.

1986-1988 ж Ресей мемлекетінің, Забайкалье округінің, Чита қаласында Әскери жоғарғы қарулы күшінің Бас штабында-«радист» болып әскери борышын атқарды.

1990-1995 жж Қарағанды қаласындағы Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМу-дің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінде оқыған. Университетте оқып жүргенде, «Балауса-әдеби бірлестігі» төрағасының орынбасары және белсенді мүшесі боп әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты.

1992- 1993 жж облыстық «Замандас» және Медицина Университетінің «Шипагер» газетінде арнаулы тілші. 1994-1997 жж облыстық ПБ-ның «баспасөз тобының» инспекторы. 1997-1998 жж облыстық салық комитетінің «ревизия бөлімінде» бас салық инспекторы, аудармашы-мұғалім.

2009 жылдан бері «Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық-медициналық әлеуметтік мекемесі» КММ –де Емдік дене-тәрбиесінің нұсқаушысы.

2012-2014 жж Қарағанды қаласындағы «Болашақ» Университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» Магистратурасында білімін жалғастырған. Ғылыми тақырыбы-«Доскей Әлімбаев –халық ақыны».

БұқарЖырау ауданында ұйымдастырылатын түрлі іс-шараларға белсене қатысушы.

2010 жылы –БұқарЖырау аудандық «Үздік мақала» байқауының «Бас жүлде» иегері атанды.

2015 жылы-Доскей Әлімбаевтың «Балалық шағына» арналған фантастикалық әңгімесі проза жанрындағы ақын-жазушылар қатысқан әдеби байқауда 2-ші орын иеленді.

Сондай-ақ бірнеше аудандық прозалық шығармалар мен жыр-мүшәйралардың жеңімпазы.

2017 жылы Доскей ауылындағы «модельдік кітапханада «поэзиялық кеші» өткізілді.

2018 жылы Қарағанды қаласындағы Е.А Бөкетов атындағы ҚарМу баспасынан «Қазағым менің –Көктүрік» атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты.

2018 жылы «Экожан» баспасынан басылып шыққан «Бұқардан бүгінге дейін» антологиялық жинаққа Доскей Әлімбаевтың «Балалық шағына арналған фантастикалық әңгімесінен үзінділер берілген.

«Доскей сері», «Жаным,-деп айтқанда» т.б. 10 шақты лирикалық әндердің, 200-дей өлеңдердің авторы, 100 шақты мақаласы Республикалық, облыстық газеттерге жарияланған.

1993 жылы үйленген. Әйелі-Жұмашева Жанар Бақытжанқызы, ҚызылОрда облысының тумасы, облыстық ауруханада медбикенің көмекшісі, қызы-Мақсұтова Данагүл Оразбекқызы, Қарағанды қаласындағы Медициналық колледжінде «фельдшер» мамандығын алған. Өз мамандығы бойынша жұмыс істейді.

Ұлы-Мақсұтов Сұлтан, Қарағанды қаласындағы «Болашақ» колледжінде мұғалім мамандығы бойынша оқыды. Цон-да маман болып қызмет атқарады.

БІРІНШІ ТАРАУ

Халық ақыны Доскей Әлімбайұлын тану

Қазақ халқының әдеби мұрасын, фольклорын, ауыз әдебиетін, көркем туындыларын, шығармаларын насихаттау, рухани асыл мұраны ел-жұртқа, Алты Алашқа жеткізу жолында - Доскей Әлімбайұлы халық ақыны ретінде өзіне жүктелген тарихи миссияны, жауапкершілікті аса зор абыроймен атқарып шықты. Сол әдеби мұрасы, көркем шығармалары мен қазақ халқының айтыс өнеріне қосқан зор еңбегі үшін оның есімі, қазақ мемлекетінің тарихында, әдебиетінде алтын әріптермен жазылары хақ, ақиқат! Доскей ақын қазақ жұрты үшін дара, тарихи тұлға. Ғасырлар, жылдар өткен сайын оның есімі, атақ-даңқы, мәңгілік өшпес ғажайып әдеби-көркем туындылары, рухани асыл мұрасы көк аспандағы алтын күндей жарқырап тұрары сөзсіз. Өйткені, ол халық ақыны ретінде Алаш жұртының мыңдаған жылдар бойы сұрыпталған ауызша, ауыз екі тілде жеткізілген ауыз әдебиетін, тарихын, ана тілінің құдіретін, тілдік қордың байлығын, алтын қазынасын өзінің шығармаларында ерекше, жан-жақты көрсете білген дарын, өнер иесі. Оның көркем шығармалары, поэмалары, ертегі-дастандары, айтыстары, философиялық өлеңдері, қасиетті қара сөзбен жазылған әсем астарлы тілде жазылған туындыларынан қазақ халқының көшпелі өмірін, Сарыарқаның кең жазира даласын, ақ бұлттар жөңкіле көшкен тұңғұйық көк аспанын, тарихын, әдебиетін, ару қыздың сұлу бейнесін, образын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өткен замандар мен ғасырларда өмір сүрген адамдардың ізін, мінез-құлқын, өмір сүру дағдысын айқын көруге болады. Доскей халық ақыны ретінде ғана емес, айтыскерлік, жыршылық, әншілік өнер түрлерімен және өзінің бойындағы адамгершілік қасиеттерімен қоса, батырлық, батылдық іс-әрекеттерімен халық көзіне түскен, ел арасында қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген тұлға екенін ерекше атап өткен жөн.

Орыс патшасының отарлау саясаты мен Кеңес дәуірінің қазақ халқына жасап отырған озбырлығын, қиянатын, қорлығын көзбен көрген ақын-қоғамдағы әділетсіздікке жан-дүниесімен қарсы болған батыр адам. Бір ғана «Кенесары хан» туралы дастан-поэма жазғаны үшін, Доскейді нағыз халық батыры,-деп атап, оған «халық қаһарманы» деген атақты беруге болады және бұл ақынға көрсетілер нағыз құрмет болар еді. Ақын бабамыздың басқа ақындардан бір өзгешілігі, қыры, Доскей ақынның батырлығы мен түкті жүрегінде жатса керек.

Доскей Әлімбайұлы өзінің ұзақ ғұмырында, шығармашылық өнер бағытында-қазақ халқының дербес, Тәуелсіз мемлекет болуы үшін өмір бойы күрескен және сол арман-мақсатының түптің-түбінде жүзеге асатынына сенген, бойында көріпкелдігі бар өнер иесі екендігін бүгінгі заман дәлелдеп отырған жоқ па?

Доскей Әлімбайұлының өмірі мен шығармашылық жолы - қарама-қайшылыққа толы, жұмбақ адам,- деп айтсақ артық айтқандық болмас. Доскей-Абай Құнанбайұлымен замандас, үзеңгілес, бір дәуірде, ғасырларда өмір сүрген адам. Жетімдік пен кедейшіліктің, өмірдің қиындығы мен ащы-тұщысын көп көрсе де қиындықты жеңіп, өзінің бойындағы Алла-тағала берген ақыл-парасаттың, айтыс өнері мен намыстың, қайсарлықтың, табандылықтың, батырлық қасиетінің

арқасында биік таудың басындағы қыран құстай өнер додасында алға суырылып шыққан, мың ғасырда бір туатын тұлға ретінде өнер патшалығының намыс туын көк аспанда желбіреткен нағыз халық ақыны.

Доскейдің жастық шағындағы шығармалары, өлеңдері, әндері, айтыстарының көпшілігі ақ қағаз беттеріне түспей қалған. Абай өмір сүрген заманда, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармаларын жүйелі зерттеген - Мұхтар Әуезовтей классик жазушы болды. Ал, Доскей Әлімбаевты өмір сүрген кезеңде оның өнеріне жаны ашитын адамдардың, ағайын-туысқандарының болмауы, халық ақынына дер кезінде назар аудармауынан, көркем туындыларына көңіл бөлмеудің, енжарлықтың, зерттеушілердің болмағандығының салдарынан, Доскейдің балалық шағы мен жастық шағында жазған туындыларының көбі бүгінгі ұрпаққа жетпей қалды. Әсіресе, ақынның балалық шағына байланысты мәліметтер, жастық шағында бірге жүрген ағайын-туыстары, жора-жолдастары туралы ақпараттар жоқтың қасы.

Доскейді көзі тірісінде зерттеген жазушының бірі - Сәбит Мұқанов. Ол өзінің Доскей туралы монографиясында - халық ақынын сауатсыз, оқымаған деген сөздері түп - тамырымен сыңар жақ пікір екендігі дау тудырмайды. Өзінің ана тілін қастерлей білген, айтыскерлік өнерімен атағы шыққан және көркем туындыларында қазақ тілінің дүние жүзіндегі бай тіл екенін көрсете білген ақынды, даланың ақыл-парасат философиясының ізін жалғастырушы, ауыз әдебиетінің сан – алуан мұраларын тереңдей зерттеп, айтыс өнерінің биігіне «Шолпан» жұлдыздай жарқырап көрінген халық ақынын - сауатсыз деп айтуы, Сәбит Мұқановтай жазушының тарапынан жіберілген кемшіліктің бірі деп баға беруге болады.

Өйткені, айтыскерлік өнер дегеніміз - қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани - мәдени байлығының, мұрасының бриллиант тастай жарқырай көрінген алтын жауһары, асыл қазынасы. Ал, Доскей Әлімбаев болса, сол айтыс өнерін жалғастырушы, келешек ұрпаққа жеткізуші айтыс майталманының ірі өкілі, дүлдүлі боп қала береді. Ата-бабаларымыздан қалған аса мол рухани дүниені жанғыртушы, ізденуші, талаптанушы дала философы, абыз ақсақалы. Жалпы, айтыс өнері - өнер түрінің, ауыздан ауызға жеткен фольклордың биік шыңы, рухани байлықты ішіне жинап алған алтын сандық сияқты құнды дүние. Негізі, қазақ халқының мемлекеттілігін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық құндылықтарды жоғалтып алмаудың, халық ретінде жойылып кетуден сақтап қалған бірден-бір, қайталанбас өнер түрі.

Айтыс өнерін меңгеру үшін - адамға ерекше бір қабілет, зейінділік, Алла тағала берген ғажайып дарын, ақыл-парасат керек.

Ал, халық ақыны Доскей болса, айтыскерлік, жыршылық, әншілік, жазушылық, ақындық және көшпелі далалық философиялық өнер түрлерін бір бойына жинақтай, топтастыра білген, қазақ халқының ішінен шыққан-өнер патшалығының аса көрнекті тұлғасы.

«Алпамыс», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Қобыланды батыр», т.б. батырлар жырын бірнеше тәулік қатарынан жырлай білген Доскей ақынның есте сақтау қабілеті, зейіні, ерекше күшті болған. Оның жыршылық, әншілік өнері-біртіндеп айтыскерлік өнерге ұласты. Ақынның көптеген ақындармен кездескен айтысы – жиын-тойларда ауызша айтылғанымен, сол айтысқан жерлерінде қалып қойған.

Доскей Әлімбаев шығармаларының қайнар көзі, бастауы-шығыс дастандары, батырлар жыры, ғашықтық дастандар мен халық ауыз әдебиеті фольклорының «алтын арқау» болып отырғаны табиғи заңдылық. Оның шығармаларында: араб, парсы, түрік сөздері көп кездеседі.

Ақынның шығармалары: поэмалары мен дастан-ертегілерінің көпшілігі шығыстық дастандарға, мың бір түндегі қызықты сюжеттерге, оқиғалар желісіне ұқсастығы көпшілік ақын-жазушыларға тән құбылыс, қасиет. Бірақ, Доскей ақынның өзіндік бір ерекшелігі, сол көркем шығармаларында Он Сегіз Мың Ғаламның тылсым сырларына, құпияларына өзінше бір сара жол, Доскейдің өзіндік ақыл-парасат жолын ашқаны деп білеміз. Мың бір түндегі қызықты, тартымды оқиғалар желісінде, адамзат ұрпағының мыңдаған жылдар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі, ақыл-парасатқа, білімге жетудің «құпия білімі, заңдылығы» жазылған. Ақын-«Мың бір түнді» тек ертегі-аңыз деп қарамай, жер бетіндегі адам ұрпағының бақытты өмірге, байлыққа жетудің, мыңдаған жылдар бойы жинақталған білімнің, ақыл-парасат даналығының құпия көзі деп қарауы, ақынның әдебиет саласына қосқан тың жаңалығы деп есептеуіміз қажет. Доскейдің бұл бағыттағы еңбектері әлі күнге дейін зерттелмеуі, тыңғылықты, табанды, жүйелі ғылыми жұмыстардың тым аздығынан туындап отырған жайт. Оның көркем туындыларының, поэма-дастандарының, айтыстарының, өлеңдерінің, сөздік, синтаксистік құрылымы буын үндестігі, үйлесімділігі, композициялық құрылымы, мазмұны жайлы жан-жақты зерттеулер жүргізу Доскейтанушыларға үлкен міндеттер жүктеп отыр.

Доскей Әлімбаевтың жазған көркем туындылары, шығармалары, поэмалары, дастан-ертегілері, айтыстары ақынның көзі тірісінде көп зерттеле қоймады. Оның шығармаларын көздің қарашығындай сақтап, жинақтай білген-ақынның немерелері-Мәрмәр мен Мәпішкен Әупейісқыздарының және Сағынтай Кеншімбайұлының еңбектері орасан зор.

Халық ақыны-Доскейдің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген Доскейтанушы жазушы-ғалымдар, журналистер қатарында: Бүркіт Ысқақов, Қалижан Бекхожин, Айтпай Хангелдин, Рахымбай Құлбаев, Әуезхан Көшімов, Аллажар Теміржанов, Жаппар Өмірбеков, сыншы-журналист Кәржан Даукенов, Доскей ауылындағы Елтай орта мектебіндегі «Қазақ тілі мен әдебиет» пәнінің мұғалімі-ақын Е.Сарин, филология ғылымдарының докторлары - С.Негимов, М.Хамзин және ф.ғ. кандидаты-Ғ. Ештанаевты, айтыс өнеріне сүбелі үлесін қосып жүрген филология ғылымының докторы Қойлыбай Асанұлы және айтыскер ақын, Е.Бөкетов атындағы КарМУ-да аға оқытушы боп қызмет атқаратын Айтпай Жұмағұлды т.б. атап өтуге болады.

Қазақ мемлекеті өзінің тәуелсіздігін 1991 жылы алғаннан кейін ғана, Доскей Әлімбаевтың шығармаларын жан-жақты зерттеуге, Доскейтанушыларға ақынның еңбектерін кітап етіп шығаруға және бұқаралық баспа беттеріне, әртүрлі басылымдарға мақалалар жариялауға кең жол ашылды.

Доскей ауылындағы орта мектеп әлі күнге дейін Елтай Ернараров атымен аталады. Осы білім ордасына Доскей Әлімбайұлының атын берсек, Доскей бабамыздың аруағы бір аунап түспей ме?!

1986 жылы «Кенші жыры» жинағы ғалым, филология ғылымының докторы, Серік Негимовтың алғы сөзімен жарық көрді;

2013 жылы Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс қоры»-«Доскей» атты кітапты Бүркітқызының құрастыруымен жарыққа шығарып, оқырманның ыстық ықыласына ие болды. Таяу жылдарда Доскей ақынның өмірі, ата-бабаларының шежіресі туралы кітаптардың қалың жұртшылыққа жол тартуы, сірескен сеңнің бұзылуы Доскей Әлімбайұлына ашылған «алтын жол» деп білеміз. Доскей бабамыздың ХХІ –ші ғасырға ұласқан сара, дара жолы деп ұғынуымыз қажет. Сонымен қатар, «Доскейтану» пәнін оқулық ретінде шығару және ол оқулықты Доскей ауылындағы орта мектептің бағдарламасына енгізу жұмыстары бүгінгі Доскейтанушылардың өзекті мәселесі болып отыр және бұл бағыттағы атқарылатын жұмыстардың нәтижелі болуы баршамызға, Доскейлік ел-жұртқа зор жауапкершілік жүктеп отырғаны өмір шындығы, бүгінгі заман талабы.

Ақын-журналист, Доскейтанушы, Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі, Оразбек Мақсұтұлы

«Арқа ақыны» кітабы және Доскейдің «Балалық шағы» фантастикалық жанр түрінде жазылған әңгімесіне

(Алғысөз)

1990 жылы Қазақ елі өзінің Тәуелсіздігін алып, жеке дербес мемлекет болғанын төрткүл дүниеге паш етті. Егемендігін алған жас қазақ мемлекеті өзінің Тәуелсіздігін нығайту, күшейту бағытында әртүрлі экономикалық-әлеуметтік реформалар жүргізе бастады. Солардың бірі-орысша аталып келген елді-мекендердің, аймақтардың атын өзгертіп, қазақша атауларға ауыстыру міндеті тұрды.

Сондай елді-мекеннің бірі-Қарағанды облысы, Ульянов ауданына қарасты, «Победа»-«Жеңіс» кеңшары еді. Бұл совхозға Доскей ақын есімі берілді.

Доскей Әлімбаевтың 140, 150, 160 жылдық мерейтойларына орай, ауыл, аудан, облыс деңгейінде әртүрлі мәдени-рухани іс-шаралар өткізілді.

1990 жылы Ебіней Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне оқуға түстім. 1993 жылы сырттайғы бөлімге ауысып, облыстық «Замандас» газетінде меншікті тілші боп, алғашқы қызметімді бастадым. Сол жылдардан бастап, қазақ халқының тарихына, әдебиетіне деген қызығушылығым арта түсті. 1994 жылы облыстық ПБ-ның «баспасөз тобының» инспекторы боп жаңа қызметке ауыстым. Сол жылдары мен үшін Доскей Әлімбаев жаңа есім еді, оның өмірбаянын, жазған көркем шығармалары туралы көп нәрсе білмейді екенмін. Доскей ақын кеңшарында тұрып жатқандықтан, ақынның жазған өлеңдерін, әдеби-тарихи туындыларын білмеу журналист адамға тіпті ұят нәрсе екен. Сол себепті, Доскей Әлімбаевты жақсырақ білу үшін, бос уақытымда ауылдағы «Доскей атындағы модельдік кітапханасына» барып, халық ақыны –Доскей жайлы жазған жазушылардың кітабын алып, оқи бастадым.

2012 жылы ҚарМУ-дің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетінің Магистратурасына құжатымды тапсырып, оқуға түстім. Таңдаған ғылыми тақырыбым; « Халық ақыны- Доскей Әлімбаев» Оқу кезінде Доскей бабамыздың әдеби туындыларына ғылыми сараптама жасадым. Магистратурада оқып жүрген кезімде, Доскей ақынның «Балалық шағы» жайында әңгіме жазу идеясы туындады. Доскей Әлімбаевтың «Балалық шағы» туралы әңгімесін фантастикалық жанр түрінде жаздым. Оның басты себебі; Доскейдің «Балалық шағына» байланысты тарихи деректердің тым аздығы, шынайы фактілердің жетіспеушілігі әңгіме жазу барысында біраз қиындықтар тудырды. Сондықтан да әңгіменің құрылымын, сюжетін, мазмұнын көбіне ойдан құрастырып, фантазиялық ойларға ерік бердім. Және де проза-әңгіме жанрындағы тәжірбиенің аздығы, әңгіменің мазмұндық , көркемдік сапасына әсер етті ғой,-деп топшылаймын. Сол себепті кітапты оқушы қалың оқырмандар, ақын-жазушылар, ғалымдардың пікірі дұрыс көзқараста боларына кәміл сенемін. «Көш жүре түзелер» деген нақыл сөз осындай жайттардан айтылған болар. Доскей ақынның «Балалық шағы» туралы әңгіме осылай жазылды.

«Арқа ақыны» деген кітабым жалпы 3 тараудан тұрады. 1-ші тарауда ;Доскей Әлімбайұлының 170 жылдық мерей тойына жазылған «Арнау өлең», «Доскей сері» әні және бірнеше өлеңдер топтамасы, мерей тойға арналған мақала, «Балалық шағы» әңгімесі бар.

2-ші тарауда ;Доскей ақынның шоқтығы биік тарихи туындысы «Кенесары хан» туралы дастанына, айтыстарына, лирика, махаббат тақырыбына жазылған әдеби шығармаларына ғылыми тұрғыдан сараптама, әдеби талдау, зерттеу, көркемдік сипаттама беру тұрғысында жазылған. Бұл кітап Доскей Әлімбайұлының 170 жылдық мерей тойына арналған сый-кітап болмақ...

Поэзия-Алатаудай биік маған...

Қазақ ежелден ақын халық. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»деп Ұлы Абай айтпақшы қазақтың қарап жүргені қара өлеңнің ауылын кезіп, халық көңілінен шыққан.

Ақын қай заманда, қай қоғамда өмір сүрмесін, ел мүддесін, халық қамын жырлаған. Осы қатарда Д.Стамбеков, С.Ақсұңқарұлы, А.Бөкенов бастаған Қарағандылық ақындар тобы да бар. Қарағандылық ақындар демекші арғы жағы Қаздауысты Қазыбек би, Жанақ Сағындықұлы, бергі жағы Кәрім Сауғабаев пен Тұрсын Жұмашевтар шыққан киелі топырақ қашан да талантты тұлғаларға кенде болмаған.

Ақындық жаратылыс-ең алдымен туған жер, Отан, ел тарихын жырлауымен құнды. Ақын бауырымыз бұл мәселеге де жайбырақат қарай алмайды. Ең алдымен атап айтатын бір мәселе-Доскей ақынның шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы өзінің де шығармашылық кредосын айқындап, қаламын ұштай түсті. «Доскей сері» өлеңі осындай ізденіс нәтижесі,- деп білемін.

Ақын әрі көсемсөзші Оразбек Жұмашевтің де орнын да халық белгілейді...

«Болашақ» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті
Филология ғылымының кандидаты-Жандос Шекен

Әлімбаевтың 170 жылдық мерей тойына арналған арнау өлең

Соранда туған, Доскейім менің,
Сарыарқа дала, төскейі жердің
Алты Алаш жұртын ән-жырға бөлеп,
Келеді-Абай, Доскейім менің

Байдәулет бабам, Доскейім менің,
Мыңжылда туар ақыны елдің
Мерейлі тойға жиналды халқым,
Дүбірлі тойға өлеңмен келдім

Ғажайып ақын, Доскейім менің,
Қазақтың рухын намыспен өрдің
Кенесары ханға дастан да арнап,
Сталиннен қорықпай дәріптеп жүрдің

Халық ақыны Доскейім менің
Жауғаш ақынға шәкірт боп ердің

Поэзия теңіз маржанын сүзіп,
Гауһар тасын бір-бірлеп тердің
Айтыскер ақын - Доскейім менің,
Айтыста талай ақынды жеңдің
Домбыра алып сөз айта қалсаң,
Алмас қылыштай өткір ғой тілің

Әнші де болған Доскейім менің,
Доскейім-дастан, қазынам жерім
Өмір ағысына қарсы да жүзіп,
Тәуелсіздік болды-ау арманы ердің

Сал-сері болған Доскейім менің,
Аллаға және өзіне сендің
Өмірде талай сынақтан өтіп,
Сәйгүлік аттай бәйгеден келдің

Талантты ақын Доскейім менің,
Алтын күн аспан көктемі гүлдің
Егерде бүгін айтысқа түссең,
«Алтын домбыраны» алатын едің

Қазағым менің Доскейім менің,
Хакім Абаймен Замандас серім
Ескі қалада қазақ театрына,
Доскей Әлімбаев боп жазылды есім

Орденді ақын Доскейім менің,
Поэзия көгінде қыран боп ұштың
Даналық көзі Доскейде жатыр,
Өлеңін оқып тағылым алдым

Ақжарқын пейіл Доскейім менің,
Мұрасын зерттеу мақсатым менің
Доскей Абызым - 170 жаста,
Құтты болсын, - деп айтуға келдім

Доскейім менің, қазағым менің,
Алтыннан қымбат асыл жан едің
Миллион жылдар өтсе де зулап,
Тыңдайды халқым Доскейдің жырын.

Қазақпен бірге жасай бер мәңгі,
Ұрпағын білер сөзінді мәнді

Арқалы ақын - Доскейдің елі,
Тойынды тойлап жатыр ғой сәнді...

«Доскей сері»-әні

Арғы тегін - Мейрам сопы, Сармантайдан,
Сармантайлап батырлар жауға шапқан.
Сармантайдың бақ қонған ханзадасы
Сұлулардың көз құрты боп сайрандаған.

Атандың Доскей сері жігіт шақтан,
Ақындық-Құдай берген әуел бастан.
Ақындық пен сал-серілік арқасында,
Жастық шақтың қызығын көрдің жастан.

Атандың Доскей ақын бала жастан,
Сарыарқада ақын бар ма менен асқан.
Сармантайдың аруағы қолдағанда,
Дауысын көкке жетіп, қырдан асқан.

Өмір деген ағып жатқан су емес пе?
Өнер деген Тәңір берген бақ емес пе?
Алтын тұлпар, домбырамен келіп тұрған
Біржан салдың шәкірті сіз емес пе?

Байдәулеттің ұрпағы Доскей едің,
Жастайыңнан өнер қуған ақын едің
Құдай берген өнер-білім арқасында,
Үш жүзге мәлім болған Доскей едің

Доскей ақын таудан аққан бұлақтайсыз,
Атқа мініп, сұлуларға қырындайсыз
Қас дұшпанға бас иеген алтын басын,
Ел-жұртының қамын ойлап алаңдайсыз...

Бармақтай бақ

Бармақтай бақ тұр маңдайда,
Қызыл тіл тұр ғой таңдайда,
Бақ деген сөзді жіктесең,
Үш әріптен тұрмай ма?
Бас деген сөзде үш әріп,
Барлығы баста тұрмай ма?
Бір басқа бәрін сиғызған,
Құдіретті АЛЛА, Тәңірім,
Бәрінен күшті болмай ма?

Бақ тұрса сол бір маңдайда,
Артымнан бақыт қумай ма?
Бақ деген сөздің салмағы,
100 мың тонна болмай ма?
Бақ деген сөз бар ғаламат,
Өмір менен тағдырын,
Болашақ арман мақсатым,
Бір сөзге сыйып тұрмай ма?

Бармақтай бақ тұр маңдайда,
Балапан мөрім таңдайда,
Бақ деген сөздің қасиетін,
Білсеңіз бақ құс қонбай ма?
Алла деген төрт әріп,
Ақыл деген төрт әріп,
Төртеу түгел болғанда,
Ақыл-қайрат, бақ-дәулет,
Жігітім қайда жүрсін,-деп,
Басыма шығып сайрандап,
Алтыннан сарай салмай ма?

Бармақтай бақ тұр маңдайда,
Жастық шақ от боп жанбай ма?
Бақ деген сөз бар даналық,
Даналық сырын ашпай ма?

Тіл деген сөзде үш әріп,
Тақ деген сөзде үш әріп,
Үшті үшке қосқанда,
Болады сонда алты әріп,
Алты деген бақ құсы,
Алты деген Алты Алаш,
Асығым түсіп алшыдан,
Өмірлік тасым өрмелеп,
Өмірім жайнап тұрмай ма?
Бармақтай бақ тұр маңдайда...

«Алтын қалам»

Кітап алам қолыма, кейде қалам,
Адамзаттың көбісі әлі надан
Ойлайтыны нәпсі сезім, байлық қана,
Надандықтың тонын кию неткен жаман

Кітап алам қолыма, кейде қалам,
Болашаққа басайық нақты қадам
Қазақ тілі шұбарланып бара жатыр,
«Рухани құлдырауда» бүгінгі адам

Кітап алам қолыма, кейде қалам,
Қазақ елі әрдайым болсын аман
Қазағымның тарихына көз жүгіртсек,
Басымыздан өтіпті-ау қилы заман.

Кітап алам қолыма, кейде қалам,
Текті адамнан мен әркез үлгі алам
Кітап білім бұлағы деген сөз бар,
Әрбір кітап досым менің білші балам

Кітап алам қолыма, кейде қалам,
Ғибратты өлең жазсам рақаттанам
Өлеңім өмірімнің бір бөлшегі,
Шабыт қысса, түсімде де өлең жазам

Кітап алам қолыма, жиі қалам,
Сол кітаптан өзгерді ғой менің санам

Жер бетінде бар менің егіз досым,
Аппақ қағаз, екінші алтын қалам...

«Ақылдың клавишін дұрыс бас»

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Бұл өмір күрделі дүние
Өмірде адасып жүрмін,-деп,
Сыр айтып біреуге жүгірме.

Өмірде сен артқа шегінбе,
Алға жүр, сен талпын адымда
Алдында зор камал тұрса да,
Сен одан шошынып тартын ба.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Сол кезде өмірін құлпырар
Сұлулар жүгіріп артынан,
Дұшпандар аяққа жығылар.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Бұл-ақыл өмірдің айнасы
Шахматтың ойыны бұл өмір,
Жүрісті дұрыс жүр, байқашы.

Дұрыстап ойланшы тереңнен,
Өмірін шахматқа ұқсайды
Пешканы менсінбей жүргенде,
Сол пешка хан болып шығады

Жүретін жүрісті есепте,
Есепті білген жан ақылды
Есебін білмеген көп адам,
Есек боп далада қалады.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Сол кезде өмірін өзгерер
Серілік дариды бойына,
Жастық шақ гүлденер, түрленер.

Ақылдың клавишін дұрыс,
Сол кезде бір Алла қолдайды
Білімсіз болмашы қазағым,
Білімге сол ақыл бастайды.

Бұл ғұмыр шахматтың ойыны,
Стратегия, тактика құрсайшы.
Ферзь бен король тұр алдында,
Дірілдеп сен артқа қашпашы.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Әр клавиш өмірін, тағдырын
Ойланбай жүрісті жүрем,-деп,
Қақпанға түспе сен жаулардың.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Ақылдың сандығы ашылар
Пешкалар айналып патшаға,
Гаремнің сарайы ашылар.

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Шахматтың ойын басталды
Пешкалар, әскерім сапқа тұр,
Қас дұшпан жан-жақтан қоршады.

Бұл өмір, ол үлкен қойылым,
Адамдар артист боп ойнайды
Масканы киіп ап бетіне,
Әртүрлі бейнені сомдайды.

Піл шықты төрт қадам адымдап,
Ферзьді тұяқпен тебем деп
Ферзьде ойланып қалыпты,
Піл пәле қай жақтан келді,-деп.

Офицер ойланып қалыпты,
Жау шебін қалайша бұзам,-деп
Патшаны құлату арманы,

Хан тағын шах қойып алсам, - деп

Ақылдың клавишін дұрыс бас,
Басына бақ құсы қонады
Патша мен бас уәзір бас иіп,
Патша бол,-деп құлдық ұрады...

«Алтын балық»

Бірде-калам, бірде қармақ ұстадым,
Ақындыққа сай бол жігіт,
Ол өмірлік ұстаным,
Талантты ақын болсан егер,
Алтын өлең жаза біл,
Ақылменен өмір сүру,
Тектілік екен ұққаным

Өмір деген дүниеден,
Алтын қармақ алғаным,
«Алтын балық» ұстау менің,
Ол өмірлік мақсатым,
«Алтын қармақ» салып едім мұхитқа,
Көк мұхиттан алтын балық ұстадым.

Алтын балық тулап жатыр қармақта,
Алтын көзбен ол адамша,
Қарайды екен жан-жаққа,
Әй, адамзат баласы,
босат мені қармақтан,
Үш тілекті орындаймын сол шақта.

Алтын балық тулап жатыр қармақта,
Ауа жетпей тырбанады су жаққа
Алтын балық ұстау еді арманым,
Сол бақытым тұр ғой мынау,
Алтын өмір қармақта.

Алтын балық тулап жатыр қармақта,
Өмір деген бақыт па, әлде сынақ па?
Бұл өмірден не қалайсың жігітім,

Деп балығым қарап тұр ғой мен жаққа.
Алтын балық тулап жатыр қармақта,
Алтын ойым жауап таппай,
Жүгіреді сан-саққа.
Үш тілекті орындаймын дәл қазір,
Айтар сөзді ойланып ал, салмақта.

Алтын балық ақыл айтшы сен маған,
Жұмыр басты пенделер,
Өмірде не аңсаған.
Бармақтай бақ,
Тұр ғой сенің басында,
Ақындықтың сыйын күт сен Алладан...

Алтын балық суға кетті мұхитқа,
Ақындықпен атын шығар халыққа
Алтын балық көз алдымда тұр әлі,
Сол себепті жиі барам мұхитқа

Алтын балық көрінбей жүр мұхитта,
Алтын ойым биіктей бер шарықта
Бірақ, бірақ алтын балық айтқанын,
Ешуақытта, ешқашанда ұмытпа...

Мен сондықтан жиі барам мұхитқа,
Алтын қармақ жағамда тұр, иықта
Алтын балық түсе бермес әркімге,
Алтын балық патша болып,
Зұлымдардың қармағына ілінбей,
Жүзе берші, жүзе берші мұхитта...

«Алтын өлең»

Алтын өлең, алтын, күміс тастарым,
Көктүріктің салт-дәстрін сақтадым
Ақ қағазға өлең жазып келемін,
Сол өлеңде жатыр менің сырларым

Сәйгүлік аттың шабысындай жырларым,
Сарыарқаның желдерімен жарысады тұлпарым
Өлең жазсам, мен жасарып кетемін,
«Гауһар тастай» шашсын ғажап нұрларын

Алтын күндей, ақ маржандай жырларым,
Мен халқыма алтын өлең сыйладым
Сұлу қыздар шабытымды оятар,
Көп өлеңді сұлуларға арнадым

Алтын сарай, алтын арай жырларым,
Байлық емес, жыр-жауһарын таңдадым
Әр өлеңім сәбиіндей ананың,
Сен-көктемсің, тауда жүрген маралым

Алтын мұхит толқыны ғой жырларым,
Том-том өлең жазу менің мақсатым
Алтын өлең келе берші бақ болып,
Қыз-көктемнен тағы да өлең сұрадым...

Бетіне маска кигендер...

Бетіне масканы кигендер,
Артист боп ойнап жүр өмірде
Пендені алдайды, арбайды,
Бұл жаман әдетін қоймайды

Бетіне масканы кигендер,
Әртүрлі бейнені сомдайды

Бетінен маскасын тастамай,
Мен адал адам,-деп сайрайды
Бетіне масканы кигендер,
Алдап жүр халықты, адамды
Көздері мешкей ғой олардың,
Көздері ешуақыт тоймайды.

Бетіне масканы кигендер,
Жер бетін тайраңдап басады
Бір күні дәм-тұзы таусылса,
Аллаға не айтып барады.

Бетіне масканы кигендер,
Шайтан боп алдап жүр өз-өзін
Клоун боп ойнаған пенделер,
Тозақтың отында жанбасын.

Бетіне масканы кигендер,
Панданып,бай болып көрінер
Байқаусыз маскасы шешілсе,
Топыраққа имансыз көмілер

Бетіне масканы кигендер,
Күндіз-түн маскасын тастамас
Өмірде маскасы шешілсе,
Ешбір жан қасына жуымас

Бетіне 100 маска кигендер,
Алдап жүр ең жақын, туысын
Өтірік олардың жан досы,
Әзәзіл ол сенің жолдасын

Бетіне 1000 маска кигендер,
Мазактар Алланың пендесін
Өзі де пенденің бірі ғой,
Өмірде қор болып қалмасын...

«Алтын сандық»

Алтын сандық үстінде,
Алты Алаштың ұрпағы
Алтын-күміс алуға,
Жетпей отыр санасы

Алтын сандық үстінде,
Отыр қазақ баласы
Көбісінің үйі жоқ,
Дала болар панасы

Алтын сандық үстінде,
Отыр қазақ баласы
Алтын сандық ашуға,
Жетпей қаражат шамасы

Алтын сандық үстінде,
Тамақ сұрар баласы
Ақша жоқ,-деп айқайлар,
Көп баланың анасы

Алтын сандық үстінде,
Сақ-ғұндардың қаласы
Қазына-байлық болғанмен,
Тақыр кедей данасы

Алтын сандық үстінде,
Алтын адам баласы
Сол байлықты игерер,
Қайда химия саласы

Алтын сандық үстінде,
Отыр қазақ баласы
Сол байлықтан пайда жоқ,
Міне, қызық қарашы...

Бұқар Жырау- Алтын тұлпарым!

Бұқар Жыраудың- «350 жылдық мерей тойына арналады

Бисмилләхи сөз басы,
Қазақты Алла қолдашы.
Бұқарша мен де жырлайын,
Бұқара халқым тыңдашы;
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,
Бұқар Жырау- алтын тұлпарым,
Өз-Тәуке ханның тұсында,
Бақ құсы қонып басына,
Алтын күндей жарқырап,
Билік сөз айтқан Бұқарым!
Абылайханның кезінде,
Алмас қылыш тағынып,
Алтын садақ асынып,
Алтын найза қолға алып,
Алтын сауыт құрсанып,
Алтын байрақ ту алып,
Көмекейі бүлкілдеп,
Жауларым менің қайда,-деп,
Арыстандай ақырып,
Қол бастаған Бұқарым!
Баянауыл жерінен,
Арғынның текті елінен,
Алтынтөрі руынан,
Бұлқынып шыққан Бұқарым.
Өзіндей Абыз туар ма?
Мың жылда туар Бұқарым.
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,
Қалқаманұлы Бұқарым,
Алтындай тақтың үстінде,
Қырандай болып қомданып,
Дұшпанын көрсе долданып,
Отыр ғой менің Бұқарым.
Мүддесін қорғап халқымның,
«Әй, Абылай, Абылай,
Керей қайда барасың»,
Деп жырлайды Бұқарым.
Түсімде көрдім бабамды,

Алатау биік тұлғаны;
«Алтын дулыға» жарқырап,
Жүзінен нұры төгіліп,
Қазақтың қамын ойлаумен,
Ұйқысыз таңды атырып,
Келеді Әулие Бұқарым.
Хандардың алтын қазығы,
Қазақтың шолпан жұлдызы,
Бұқардай терең толғансам,
Қазақтың ұғам жағдайын.
Қысық көз қытай, шүршіттер,
Қаптады қазақ еліме,
Айдаһар болып от шашып,
Айдаһар тісін ақситып,
Ентелеп келед жеріме,
Қазақтың алып қыздарын,
Қазақтың тілін менсінбей,
Қытайша сөйлеп шүлдірлеп,
Қазаққа бүгін құда боп,
Алшандай басты төріме.
Оң жаққа және қарасам,
Арандай ашып ауызын,
Отыр ғой тентек, қоңыр аюым.
Осындай заман келерін,
Болжаған ақын-жырауым,
Ұрпаққа айтып өсиет,
Қалдырған ғажап жырларын.
Сарыарқа деген далада,
Далба тауы маңында,
Іргелі қазақ болса,-деп,
Армандап кеткен Бұқарым.
Жер-ана болып төсегі,
Тыныштық тапқан Бұқарым,
Қазақтай халқын тұрғанда,
Жасай бер мәңгі Бұқарым.
Бұқарда, Бұқар, Бұқарым,
Бұқарым-алтын сұңқарым,
Тәуелсіз елге айналып,
Бұқардың жырын жалғадым.
Бұқардай алтын Бабама,
350 тойға,-деп,
Сөздердің теріп маржанын,
Бұқарға «Арнау» арнадым!!!



Оңнан солға қарай; Кабира Жұбатова, Доскей ақын, Қали Байжанов, Жабай Тоғандықов



Доскей ақын



**Оңнан солға қарай; Доскей ақын ұрпағы- Мәпішкен апай,
Ұлы-Оразбаев Секаман, жұбайы, баласы**






Қарағанды қаласындағы Доскей Әлімбаев тұрған үй



Халық ақыны мектеп оқушылар арасында



Айтыскер Доскей Әлімбайұлы колхозшылар арасында





Қарағанды қаласындағы бұрынғы Киров көшесі, қазір Доскей ақын көшесі боп аталады

ҚАЗАҚСТАН
СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫ
СОЮЗЫ
ПРЕЗИДИУМ

ССПН

СОЮЗ
СОВЕТСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ
КАЗАХСТАНА
ПРЕЗИДИУМ

Алма-Ата, Пролетарская, 3, тел. 11-59


№ 2-3

„ 2 „ марта 1943 г.

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Предъявитель сего тов. АЛИМБАЕВ Доскей действительно является членом Союза Советских писателей Казахстана.


Удостоверение дано взамен членского билета.




Председатель Презид.
ССПН КазССР

(С.МУКАНОВ)

Доскей Әлімбайұлы- Қазақстан Советтік Жазушылар Одағының мүшесі



Әлімбаев Доскей.
Кенші жыры: өлендер, ертегі, айтыстар - Алматы: "Жазушы", 1986.



1941 жыл «Толғау» кітабы – Қ. Беккожин

Доскей ақынның 170 жылдық мерей тойына дайындық

Атандың Доскей ақын бала жастан,
Сарыарқа да ақын бар ма сенен асқан
Сармантайдың аруағы қолдағанда,
Дауысын көкке жетіп, қырдан асқан

Биыл той жылы. Бірінші халықаралық, Республика деңгейіндегі Хакім Абайдың-175 жылдық мерей тойы. Екінші, облыстық деңгейде тойланбақшы-Доскей Әлімбаевтың туғанына-170 жыл. Қос той қатар келіп тұр. Халық ақыны-Доскейдің мерейлі тойын өз деңгейінде атап өту, Бұқар жырау және Доскей әкімшілігі, ауыл тұрғындары үшін үлкен сын болмақ. Жалпы, Доскейдің әдеби асыл мұралары, өлеңдері, дастан ертегілері, поэмалары, айтыстары зерттеліп, көпшілік жұртқа танымал бола бастады, әдеби ортада өз бағасын алды. XX-шы ғасырда-классик жазушы - Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, ал XXI-ші ғасырда ф.ғ.д Серік Қирабаев, Серік Негимов, ф.ғ.к Ғазиз Ештанаев, Жұмағұлов Айтпай ғылыми тұрғыдан жан-жақты талқылап, әртүрлі тақырыпта монографиялар жазды, ғылыми конференциялар өткізді. Облыстық деңгейінде Айтбай ақынның ұйымдастырумен жыл сайын ақындар айтысын өткізу жүйелі түрде жақсы дәстүрге айналып келеді. Доскей ақынға байланысты 3-4 кітап типографиядан басылып шықты. Қазіргі кезде, Доскей Әлімбаев атында Қарағанды қаласында және ауылымызда көше бар. СССР-дің заманында, Ұлы Отан соғысынан кейін Қарағанды қаласының ескі шаһарындағы облыстық қазақ-драма театрына Доскей ақынның есімі берілген болатын. 20 жылдай қазақ театры Доскей ақынның атымен аталып келді. Сол себепті, қазіргі облыстық С.Сейфуллин қазақ театрының музейінде, Доскейге байланысты тарихи ақпараттар қойылса, «Доскей көрмесі» көрмесі ашылса, облыс жұршылығы Доскей ақынға байланысты біршама танымдық мәліметтер алар еді. Доскей ақынның – 140, 150, 160 жылдық мерейтойлары Доскей ауылында ұйымдастырылды. Дегенмен әлі күнге дейін айтыскер ақынның мерейтойлары ауылдық деңгейден аспай отырғаны қынжылтады. Бұл қалай? Доскей Әлімбаев хәкім Абаймен замандас, сырлас адам. Ақын - Қаздауысты Қазыбек би, Бұқар жырау, Ақан сері, Біржан сал, Кенен Әзірбаев, Жамбыл Жабаев сияқты, сондай тарихи тұлғалардың қатарында тұрған ақын. Неге осы уақытқа дейін, Алты Алашқа әйгілі, сал-серісі Доскей ақынның әдеби алтын мұрасы дұрыс бағаланбай келеді. Әлде, кезінде Сталин қаһарынан, Совет үкіметінен, партиясынан қорықпай, қазақтың соңғы ханы - «Кенесары хан» туралы дастан жазғаны үшін жазықты, кінәлі болғаны ма? Тіпті, Доскей ауылындағы орта білім мектебі әлі әлі күнге дейін Елтай Ерназаров атында қалып отыр. Осынау орта мектепке - Доскей ақынның атын беру мәселесі бүгінгі күнге шейін шешілмей отыр. Бұл тарихи әділетсіздік дер едім. Бұқар жырау ауданының

басшылары бұл мәселені неге шешпейді, неге жауапсыздық, салғырттық танытып отыр. Бұл жағы белгісіз. Неге әкімшілік бұл мәселеге баспасөз бетінде ресми жауап бермейді. Тіпті, қарағандылық ақын - Серік Ақсұңқарұлы - Доскей тұрғындары бұл мәселені неге халық боп жиналып, шешпейсіндер деп сын-ескертпелер айтқан болатын. Осының өзі ауылдағы рухани өзекті даулы мәселенің бірі болып отырғаны шындық. Аудандық деңгейде шешілетін жайтты облыс әкіміне, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-жомарт Тоқаев мырзаға жеткізгенде ғана шешіле ме?

Ендігі міндет, алға қойған мақсаттарды біртіндеп, жүйелі түрде жүзеге асыру болып табылады. Негізгі салтанатты тойларды өткізу жаз және күз айларына жоспарланып отыр. Бұл мерейлі тойға аудан, ауыл әкімшілігі, ауыл белсенділері, кәсіпкерлері, Доскей ақынның ұрпақтары, модельді кітапхана және мәдени қызметкерлері де өздерінің үлестерін қоспақ. Доскей Әлімбаевтың тойына арнайы есеп-қоры ашылмақ. Мерей тойға байланысты маңызды шаралар, мәдени іс-шаралар аудандық, ауылдық жұмыс жоспарына енгізіліп, бұл бағытта әртүрлі жұмыстар жоспар бойынша жүргізіліп жатыр...

Ақын-журналист, Доскейтанушы-Оразбек Мақсұтұлы



Доскей ақынның жиен ұрпағы Оразбаев Секаман, Ауыл әкімі Ануар мырза, ақын-журналист, Доскейтанушы Оразбек Мақсұтұлы, кітапхана қызметкері -Фатима және т.б. ауыл тұрғындары қатысқан мәдени – іс шара



Қарағанды шаһарының ескі қаласында орналасқан Доскей Әлімбаев атындағы облыстық қазақ драм театры



Қазіргі С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драм театры



**Совет одағы кезіндегі бұрынғы облыстық саяси-ағарту үйі
Қазіргі «Болашақ» университетінің ғимараты.
1940 жылы халық ақыны – Доскей Әлімбаевтың 90 жылдық мерей тойы осы
ғимаратта тойланған**



Доскей Әлімбаевтың 2000 жылғы 150 жылдық мерей тойы

Доскей Әлімбайұлының туғанына 170 жыл.

Доскей Әлімбайұлы (1850–1946) Топжарған ақын, айыр-көмей шешен, жезтаңдай әнші, дарынды композитор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, орденді халық ақыны Доскей Әлімбайұлы 1850 жылы "Сораң" деген жерде дүниеге келген. Жасынан жетім қалған, байлардың жалшысы болған ол 16 жасынан өзінің ақындығын таныта бастайды. Жас шағынан өнер мәдениетін - әйгілі Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Біржан салдардан үйреніпті. Доскей Орынбай, Кемпірбай сынды өнерпаздармен кездеседі, Үкілі Ыбырай және Ақан серімен айтысады. "Көмейің кең, тілің мірдің оғындай өткір екен..." - дейді Біржан, Доскейге домбырасын сыйлап. Кеңес заманы орнағаннан кейін Доскей көмірлі Қарағандыда өмір сүрген. Жасы жүзге аяқ басқан Доскей Әлімбайұлының ақындық дауысы майдан жылдарында ерекше екпінмен естіледі. «Кенесары» дастаны – көркемдік қуаты күшті, рухты туынды, «Қарағанды» (1940), «Жүрегімде жаттаулы» (1941) атты өлеңдері мен толғаулары жарық көрген. 1939 жылы ақынға «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері» деген құрметті атақ берілген. 1940 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Сол жылы республика жұртшылығы 90 жасқа толуын және әдеби-өнерпаздық қызметінің 75 жылдығын үлкен мереке ретінде атап өтті.

Доскей ауылында, 2020 жылы 12 ақпан күні - «Доскей ауылының модельді кітапханасында» Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Орталық Қазақстандағы ақындық айтыс мектебінің атасы, ақын-сазгер бабамыз Доскей Әлімбайұлының 170 жылдық мерей тойына орай, «Жыр қуған он бес жастан Доскей едім» атты кездесу кеші өтті. Бауыржан Момышұлының «Өткенінді білмейінше, келешекке жол жоқ» деген нақыл сөзі бар. Сондықтан, ақынның асыл мұраларын жас ұрпаққа дәріптеп, бойларына сіңіру қазіргі буынның басты міндеті болып табылады. Кітапханаға кездесу кешіне келген қонағымыз - ақын-журналист, доскейтанушы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы. Рухани іс-шараға Елтай орта мектебінің жоғары сынып оқушылары қатысты. Іс-шараны кітапханашы С.Д.Божанова бастап, сөз кезегін Оразбек Мақсұтұлына берді. Табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған ақын-сазгер, ойшыл - «Доскей Әлімбаевты тану», тақырыбында әдеби асыл мұраларына кеңінен мәлімет беріп, шығармашылығына жалпы шолу жасады, Доскейдің - 170 жылдығына байланысты арнау өлеңін домбырамен нақышына келтіріп орындап берді. Доскей шығармаларын зерттеу, өскелең жас ұрпаққа насихаттау жұмысы жоспар бойынша жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр.

«Доскей ауылдық модельдік кітапхана» меңгерушісі А.С. Ибраева

ЕКІНШІ ТАРАУ

«Арқа ақыны»

Доскей ақынның «балалық шағы» әңгімесі (фантастикалық жанр түрінде жазылды)

*Атандың Доскей ақын бала жастан,
Сарыарқа да ақын бар ма сенен асқан.
Сармантайдың аруағы қолдағанда,
Дауысын көкке жетіп, қырдан асқан*

1850 жыл. Сарыарқа даласының **Сораң** ауылы. Шілде айының шыжыған ыстық күндерінің бірі. Тұңғұйық көк аспанда бір шөгім бұлт жоқ, тек аспандағы алтын күн өзінің ыстық жылуын, нұрын Жер-анаға төгіп тұр.

Жер-ананың өзінің кіндігінде айналып тұрғанына да 5 миллиард жыл болыпты. Бірақ, жер бетіндегі адамдардың аспандағы күн мен Жер-анамен ешқандай шаруалары жоқ. Әр адам өзінің шаруасымен, тіршілігімен әуре.

Бүгін Әлімбайдың қуанышында шек жоқ. Көңіл-күйі көтеріңкі. Әйелі Үндеместің аяғы ауыр болатын, сол келіншегі босанып, торсықтай ұл тауыпты.

Қазақтың кең жазира даласында Қоңыр деген байдың бір отар қойын бағып жүрген Әлімбайға бұл қуанышты хабарды оның бір жамағайыны жеткізді. Отар қойдың артында ақбоз атпен ілбіп келе жатқан Әлімбай, жақсылық хабарды естігенде, жүрегі атша тулап, біртүрлі көңіл күйге бөленіп, көзіне мөлтілдеп жас келді. Бұл көптен күткен қуаныштың көз жасы еді. «Иә, Алла, менің сөзімді естіген екенсіз ғой, бұғанда бір мың бір шүкіршілік» деді... «Ұлымның аты - Доскей болады, Доскей болады» - деп іштей күбірледі. «Сармантай бабамның аруағы қолдасын, бұл ұлымның болашағы зор болып, өзінің өнерімен, ақындығымен Алты Алашқа әйгілі болады» - деп, қалай дауыстап айқайлап жібергенін өзі де білмей қалды. Астындағы ақбоз аты оқыс шыққан дауыстан шошып, мөңкіп, ат иесін лақтырып кете жаздады. Бірақ, Әлімбай аттың шошығанына ешқандай мән бермеді. Бүгін оның көңіл-күйін ешнәрсе бұза алмайды. Қандай адам болмасын өзінің ұрпағымен мың жыл жасайды емес пе?! Мың жыл, 100 мың жыл, миллион жыл өмір сүретін пенде болмайды. Міне, менің өмірімді жалғастырар ұл балам жарық дүниеге келді, енді осы баламның ғұмыр жасы ұзақ болсын, ержеткенде осы балам өзінің ақындық өнерімен барша елге танылатынын ыстық жүрегі сезеді.

Әйелі аяғы ауыр кезінде, Әлімбай өзінің үйінде жатып, ғажайып түс көреді. Түсінде жұбайы Үндемес маңдайы жарқыраған торсықтай ұл тауыпты,- дейді. Бір кезде Сармантай бабасы Әлімбайдың қасына келіп, құлағына сыбырлайды. «Бұл баламның, ұрпағымның аты Доскей болсын, Доскей болсын, бұл есімді ұмытпа,- дейді. Оң қолында ұстап тұрған «алтын домбырасы бар екен». Сармантай бабасы сол қасиетті домбыраны сәбидің қолына ұстатыпты. Бала алтын домбыраны ұстап, бірнәрсе айтып жатыр. Бірақ, оның не айтып жатқаны есінде қалмапты. «Бұл текті, өнерлі бала өскенде халқына сыйлы ақын болады» - деп Сармантай бабасы көзден ғайып болады. Оянып кетсе, түсі екен...

Ол көрген түсін жақсылыққа жорыды. Қойлар жер-ананың төсіндегі жайқалып тұрған жасыл шөпті бырт-бырт үзіп жеп, рақаттанып жүр. Далада ауа-райы жақсы. Аспанда қалықтап ұшқан құстар. Құстардың шикылдап салған әндері қандай тамаша! Өмір неткен ғажап десеңізші. Қонырбайдың малын өмір бойы бағып, жоқшылықта жүрсе де, Әлімбай өзін біртүрлі шексіз бақытты сезінді. Өз нанымды адал еңбегіммен тауып жүрмін, өмірімде ешкімнің ала жібін аттаған емеспін, өтірік айтқан жерім болған емес, ең бастысы жүрегім таза. Кедей болсам да, ешкімнен өзімді кем санамаймын. Ең бастысы рухани дүнием, ішкі жан әлемім бай. Бұл дүниеден патша да, бай мен кедей де өтеді. Тек өлмейтін мәңгілік нәрсе - адам бойындағы өнері, адамгершілік қасиеті. Енді дүниедегі бар байлығым, қазынам, қуанышым, бақытым - Доскей болмақ. Доскей өскенде, еліне танымал ақын болса, намысты қолдан бермейтін жігіт боп өссе, менің арманым осы емес пе?! Жарық дүниеге іңгәләп бір ұл келді, осы баламның болашағы зор болғай, бойына он сегіз мың ғаламның иесі өнер дарытып, ел-жұрттың тіл-көзінен сақтай ғөр!

Қонырбай сияқты байлар, дәулеттілер қазақ халқында аз емес. Байдың есімі ел есінде, тарихта қалмайды, ал өнер қуған адамның аты тарихта мәңгілікке қалады. Менің Доскей ұлым ержетіп, өнер дариясында биікке қанат қаққанда, оның атақ-даңқы дүйім қазаққа жайылады. Түсіме Сармантай бабам кіріп, маған аян берді. Бұл жақсылықтың бастауы ғой... Балам өнер қуып, ақындық жолына түссе, бұл мен үшін нағыз бақыт емес пе?

Осылай қиялдап, ойдың тұңғұйығына батып, ой дариясында аққудай жүзіп келе жатқанда, есіне бір бидің айтқан даналық өлең шумағы орала кетті:

«Байлық деген еріген мұз емес пе?

Бақыт деген ұшып-қонған құс емес пе?

Бала деген артта қалған із емес пе,

Бұл дүниенің қызығы сыйласқан сіз бенен біз емес пе?»

Па, шіркін қазақтың дана билері, данышпандары, философтары-ай! Жалпы, қазақ халқы ақылды, өнерлі халық екенінде дау жоқ. Сөздің небір асылын, інжу-маржанын солар айтып кеткен жоқ па?

Құдай қаласа, Доскей ұлым өзінің ақындық өнерімен биік шындарға көтеріледі, оған кәміл сенемін. Қой бағып келе жатқан Әлімбай осылай неше түрлі арман -қиялдың құшағында келе жатыр. О, қасиетті Жер-Ана, көк аспандағы күн-әке, менің қуанышты дауысымды, шалқыған көңіл-күйімнің толқын-сезімдерін, ыстық жүрегімнің дүрсілдеген лүпілін, қағысын ести алдыңдар ма? Мен бақытты әкемін, әкемін - деп тағы да бар дауысымен сайын далада айқайлады. Астындағы ақбоз аты оған үрке, оқырына қарады. Бірақ, алғашқыдай тулап, мөңкіген жоқ. Атта болса, иесінің қуанышты көңіл-күйін сезетін сияқты. Мен бұл өмірді бостан-босқа, мән-мағынасыз сүрмеген сияқтымын. Артыма текті, өнерлі ұлымды қалдырып бара жатырмын дегенде, сол жақ кеудесінің тұсы біртүрлі ине сұққандай шым-шым ете қалды.

Екі көзіне мөлтілдеп ыстық жас келді. Қуанышты көңіл-күй әп-сәтте құйын соққандай бір түрлі күйге түсіп, өз-өзінен, мұндана қалды. Бұл дүниеге келіп, екі көзімді ашқалы бері бар өмірім жалшылық пен кедейшілікпен өтіп келеді. Жарық дүниеде шалқып-тасып ғұмыр сүрген емеспін. Ғұмыр бойы - мал, қой соңында келе

жатырмын. Ең болмаса мен көрмеген қызықты осы Доскей балам көрсе екен- деп, тағы да бір Алла-тағалаға жалбарынды. Бірақ, соған қарамастан бұл өміріме, тағдырыма ризамын, өміріме ешқандай өкпем жоқ. Ұрпағым бақытты болса, мен бақыттымын - деп іштей өз-өзімен сырласып, ернін жыбырлатты. Бүгін неге уақыт сонша созылып кетті. Ұлын ойлаған сайын, уақыт бір орнында тапжылмай тұрып алған сияқты. Ұлын иіскеп, тезірек құшағына алуға құмартып тұр. Қорасында тұрған жалғыз ту биесін сойып, бүкіл, ауыл-аймақтың адамдарын, өнер адамдарын жинап, «дүркіретіп Шілдехана» тойын жасамақшы...

Алтын күн ұясына қызарып батып барады. Ол бір отар қойды Сораң ауылына қарай ақырындап айдап келеді. Шілде айының ыстық күні болғандықтан, түс кезінде қойлар ұйығып дұрыстап жайыла алмағандықтан, кешкі салқынмен жақсы жайылып, қойлар мен қозылар жер-ана төсінен бастарын көтерер емес. Әлімбай ауылға жақындаған сайын, жүрегі дүрс-дүрс соғып барады. Алыстан қарауытып «Сораң» ауылы көрінеді. Киіз үйлердің қасындағы кірпіштен салынған пештердің мұржасынан көк түтін будақ-будақ шығып, аспанға көтеріліп барып, жоқ болады. Ауылдың қыз-келіншектері кешкі тамақтың дайындығына қызу кірісіп кеткен. Анау тұрған алты қанат ақ шаңқай киіз үйде - Қоңырбай жанұясымен тұрады. Кешкі жайлаудың көрінісі қандай тамаша. «Сораң» ауылында бір-бірімен қанаттаса орналасқан киіз үйлер ауылдың сәнін ашып тұрғандай. Айналаның бәрі жап-жасыл боп жайқалып тұр. Жасыл шөптің, жусанның, сан-алуан гүлдердің хош иісі мұрынға келіп, адамнан көңіл-күйін көтеріп, рахат бір сезімге бөлейді.

Әлімбай аттың үстінде келе жатса да, бойына қанат бітіп, ұшып келе жатқандай сезініп келеді. Өзер дегенде ауылына жетті-ау! Ауыл адамдары жап-тармағай Әлекеңді қоршап алып ұлды болуымен құттықтап жатыр. Әлеке ұлды болуыңыз құтты болсын, көптен күткен арманыңыз орындалды, - деп жан-жақтан айтып жатыр. Ол рақмет-рахмет - деп басын изеп, ризашылығын білдіріп үйіне жеткенше асықты. Киіз үйінің алдына келіп, аттан түсіп, аттың шылбырын ағаш бөренеге байлап, асыға-үсіге үйіне кірді. Жұбайының қолындағы нәрестесін қолына алып, құшағына қысып, бетінен сүйіп, біраз уақыт тұрды. Доскейім, Доскейім сенің жарық дүниеге келуінді көп жылдар бойы күттік, армандадық. Құлыным, ғұмыр жасын ұзақ болсын! - деп аймалап, нәрестенің сүт аңқыған жұпар иісін құмарлана-құмарлана иіскеп қояды. Үндемес Әлімбайға қарап, Саған сонша не болған, нәрестені өзін тапқандай құшағыңнан босатар емессің ғой - деп күлді. Осы ауылда сенің әйелін ғана ұл тапқандай, екі езуін екі құлағына жетіпті ғой! Нәрестені ең бірінші сүйдің, ол сол ұлды тапқан мені неге құттықтамайсың - деп өкпелеген адамдай бұртия қалды. Маған мұндай ұл тауып берген сен нағыз ханшайымсың-, деп әйелінің бетінен шөп-шөп еткізіп сүйді. Бірақ, нәрестені әйеліне берер емес. Баланың қарны ашып, шыр-шыр, шыр-шыр етіп шырылдап жылай бастаған соң ғана, амалсыз нәрестені анасына емізуге берді. Ауылдастар, көрші-қоландар бірінен соң бірі киіз үйінің ішіне кіріп, Әлімбай мен Үндемеске «Кішкентайдың бауы берік болсын, құтты болсын, ұлдың ғұмыр жасы ұзақ болсын» - деп жақсы тілектерін, жылы сөздерін аямай айтып жатыр. Құттықтаушылардың легі саябырсыған соң, екеуі кешкі тамақтарын ішуге дастархан басына жайғасты. Одан кейін екеуінің ермегі, көңілі қызыл шақа болып, жылы, жұмсақ көрпеге оранып жатып, пыс-пыс

етіп ұйықтап жатқан балада болды. Бала ыңылдап жыласа болғаны, екеуі төсек орындарынан атып тұрып, баланың қасына жетіп барады. Сөйтіп, таң атқанша екеуі дұрыстап көз ілмеді. Арайланып таң атты. Үндемес таңертеңгілік шайдың қамына кірісіп, күйеуіне дастархан дайындап, киіз үйдің ішіне бір кіріп, бір шығып күйбендеп жүр. Есік алдындағы самаурынның жоғарғы жақтағы екі тесігінен бұрқылдап қайнаған судың буы көрінеді. Дастархан басында асықпай отырып, таңғы шайларын ішті. Екеуі түні бойы кірпік қақпай шықса да, көңіл-күйлері жақсы, жайдарлы, көздерінен қуаныштың ұшқыны айқын байқалады. Сөйлеген сөздері, жүріс-тұрыстары ширақ.

Әлімбай Доскей ұлының бетінен құштарлана сүйіп, мауқың басқан соң, сыртқа шықты. Есік алдындағы ақбоз атының үстіне ертоқымын салып, қайыс белдіктерін тартып алып, аттың үстіне жас жігіттей ырғып мінді. Біртүрлі бойына жастық шақтың күш-қуаты құйылып жатқандай сезінді. Иесінің артынан тайыншадай зор денелі, жолбарыс атты тазы иті ұзын құйыршығын бұлғандатып келе жатыр. Ауылдың қыз-келіншектері сиырлары мен биелерін сауып, күнделікті жұмыстарын істеп, қайталанып келе беретін қым-қуыт тіршіліктеріне білек сыбана кірісіп кеткен. Қоңырбайдың 10 мың шақты отар-отар қойы таңғы салқынмен жайылып, жерге түскен тарыдай боп жан-жаққа бытырай шашылып, жасыл көрпеге оранған қырат пен дөңге қарай өрмелеп кетіп барады.

Шығыстан алтын күн жарқырай көрініп, алтын нұрын жан-жаққа шашып, біртіндеп көк аспанға қарай көтеріліп келеді. Таңғы салқынның самал желі бетті аймалап өтеді. Көк аспанда, сонау биікте қыран бүркіт қалықтап ұшып жүр. Өртүрлі құстардың салған әнінен, шикылынан жер-ана қасиетті бесіктей тербелетін сияқты. Айнала, табиғат қандай тамаша, әсем, сұлу. Шөптің арасындағы қызыл, жасыл, түрлі-түсті әдемі гүлдердің хош иісі мұрынды жарып барады.

«Ананың ойы бала да, баланың ойы дала да» демекші, Әкенің ойы есіл-дерті Доскей баласы жайлы терең ойда...

Ойынан таяуда болған бір оқиға әлі күнге дейін кетер емес. Үндеместің аяғы осы балаға ауыр болатын. Аяқ астынан қасқырдың жүрегіне жерік болып қалғаны.

Маусым айының бас кезі болатын. Әлімбай күнделікті дағдысымен таңғы сағат 5-те тұрып, таңертеңгі шайын ішкен соң, сағат 6-ға қарай бір отар қойды ағаш албардан өріске, жайылымға шығарды. Өзі аттың үстінде қойлардың артынан келе жатқан. Күн шығыстан көрінген алтын күн қызара-бөртеп біртіндеп көк аспанның биігіне қарай өрмелеп келе жатыр. Сарыарқаның жазиралы кең даласы. Айналаның бәрі жап-жасыл әлем, шөп арасынан өсіп шыққан алуан түсті гүлдер адамның ішкі жан-дүниесіне, көзіне шексіз рақат сезім сыйлайды. Жаз айының алғашқы айы. Жер-ана жаз айында ерекше құлпырып, түрленіп кететін шағы емес пе?! Далада бұлбұл құстар сайрап, табиғат ана ерекше бір күйге енген. Қойлар күндегі әдетімен жан-жаққа бытыра жайылып жүр. Қойлардың қасындағы қозылары да енелерінің қасында емін-еркін жайылып, көкке тойып, қарындарына азық барған соң, бір-бірін қуала жүгіріп, секіріп ойнағандары қандай тамаша десеңізші. Қозысынан көз жазып қалған енесі, қозысын іздеп мә-мә, - деп дыбыс береді. Оны керек қылып жатқан қозы жоқ. Кең далада ойнақтап секіреді-ай кеп, секіреді-ай кеп... Бір кезде өзін іздеген енесіне жетіп барып, бауырына тұмсығын тығып жіберіп, екі емшектегі сүтті

рақаттана кезек-кезек емеді. Ақ сүтке қарны тойған соң, тағы да ойнақтап жүгіріп кетеді.

Күн көк аспанның төбесіне көтеріліп, сәске уақыты жақындап қалды. Суық ауа біртіндеп жылып, күн ыси бастаған шақ. Түске дейін аттың үстінен түспеген Әлімбайдың белі талып, аздап шаршағанын байқады. Бір жағынан күннің ыстығынан таңдайы кеуіп, шөлдегенін айқын сезінді. Аттың үстінен түсіп, бойын жазып біраз жүрді. Беліндегі темір торсығының аузын ашып, оның ішіндегі балдай қымызды құмарлана біраз сімірді. Аздап шөлі басылып, маңдайынан суық тер бұрқ ете қалды. Қымыздың әсері ме тұла бойы балқып, ұйқысы келіп, маужырай бастады. Қасындағы тазы иті құйрығын бұлғаңдатып, иесінің қасына келді. Ол итінің басынан, арқасынан сипап, оны біраз еркелетті. Сәйгүлік ат, сенімді тазы иті ержігіттің ең сенімді достары ғой деп ойлады ішінен. Адам адамды сатып кетуі мүмкін, бірақ сәйгүлік ат пен жақсы ит өз иесін ешқашанда сатпайды. Нағыз адамның досы деп соларды айт. Қысы, жазы екеуі әрдайым қасында, өмірдегі ең сенімді көмекшілері. Ол бір төбенің қасына келгесін, аттан түсіп көк шөпке жантая жата кетті. Мұрнына жасыл шөптің, жусанның, топырақтың иісі келеді. Көк шөпте жатып, неше түрлі ойларға берілді. Ең алдымен жалындаған жастық шағын еске алды. Жас кезінде сұңғақ бойлы әдемі, өнерлі жігіт болатын. Бойы-185 см. Жас кезінен балуандық, қазақша күрестің айла-тәсілдерін жақсы меңгеріп, небір жиын-тойларда, небір мықты балуандардың жамбасын жер иіскеткен. Білегін сыбанып күреске шыққанда екі көзі оттай жайнап, бұлшық еттері бұлтың-бұлтың етіп ширығып шыққанда, онымен белдесуге шыққан жігіттердің мысы басылып, одан жеңіліп қалатын. Одан кейін қолына домбырасын алып, әуелетіп ән шырқағанда, ауылдың небір құралай көз сұлулары оған өлердей ғашық боп қалатын. Жастық күші бойына сыймай ширығып тұрған шағында Әлімбай сері атанып, атағы дүйім елге жайылды. Шіркін, жастық дәурен-ай десеңізші... Жарық дүние, өмір адам баласына бір-ақ рет беріледі емес пе? Сол сияқты адамның жастық шағы да бір рет беріледі екен ғой! Міне, сол бір жалындаған жастық шақ, небір сұлуды күшқан жұлдызды, айлы түндер көзден бір-бір ұшты ғой! Тек қартаймайтын осы күнде , жер, аспандағы жұлдыздар, ғаламшарлар. Осы жер-ананың өз кіндігінде айналып тұрғанына да 5 миллиард жыл болыпты. Ал, Он Сегіз Мың Ғаламның жаратылғанына миллиардтаған, триллиондаған жылдар болыпты. Неткен ұзақ уақыт десеңізші... Содан бері қаншама дәуір, ғасыр өтті, жер бетінде адамзаттың талай ұрпақтары ауысты. Өзгермеген тек қана жер, күн, ай ғана... Жылдың 4 мезгілі: көктем, жаз, күз, қыс айлары жыл сайын ауысып келе береді. Ал, адамның өмірі жылдың осы 4 мезгіліне өте ұқсас. Көктем айы - адамның балалық шағы, жаз айы - адамның жастық шағы, күз айы - адамның жетілген, өмірден тәжірбие жинақтаған шағы, қыс айы - адамның қартайып, қарттық кезеңге қадам басқан шағы демей ме?

Бүгін Әлімбай өзінің қартая бастағанын ерекше сезінді. Жадыраған жаз айы болса да, көңіл-күйі бұзылып, тұла бойын бір мұң басқандай болды. Ойнақшыған бұлшық еттері босаңсып, бойы шөгіп, денесіндегі терілерін әжім баса бастаған. Ішкі жан дүниесіндегі қартаю механизмі жылдам айнала бастағандай ма қалай? Қайратты, жалындаған жастық шақ неге бір орнында тұрмайды екен. Неге адам баласы 80-100 жыл емес, 10 мың жыл, 100 мың жыл, миллион жыл неге ұзақ ғұмыр

сұрмейді екен, - деп терең ойға батты. Ойды-ой, толқынды-толқын қуалайды демекші, ол енді үйдегі аяғы ауыр Үндеместі ойлағанда, көңіл-күйі көтеріліп, жүрегін қуаныш сезімі биледі. Әйелінің қасқырдың жүрегіне жерікпін деген сөзі, аманаты ойға оралды. Осы жарық дүниеге келер ұлының жүректі, батыр, өнерлі болатынын жүрегі сезеді. Сондықтан, қайткен күнде бір көкжал қасқырды ұстап, жүрегін әйеліне апарып беріп, жерігін басу керек. Әйтпесе, несіне еркек боп жер басып жүрмін, - деп өз-өзінен намыстана қалды. Қайтсем де бір қасқырды ұстауым керек, - деп ойланып жатып маужырап ұйықтап кеткенін өзі де байқамай қалыпты. Қанша ұйықтағанын өзі де білмейді және атының кісінеген дауысынан, сонымен қатар итінің шәуілдеп үргенінен оянып кетті. Көзін ашып қараса, емін-еркін жайылып жүрген қойлар бір жерге үйіріліп қалыпты. Қойларға қасқыр шауыпты. Бір дәу сұрғыл түсті көкжал қасқырмен жолбарыс атты иті ырылдасып алысып жүр. Ол орнынан атып тұрып, атына да мінбей оларға қарай тура жүгірді. Бойында ешқандай қорқыныш жоқ. Жүгіріп келеді, қасқыр мен итке жақындап қалды. Қасқыр мен итінің үсті-бастары қан-қан, азу тістерін ақситып, ырылдап, бір-біріне айбат шегіп тұр. Қасқыр қашайын десе, ит оның соңынан қуып жіберер емес. Әлімбай оларға қарай ақырындап жақындап келеді.

Ол былғары белдігіндегі өткір бәкісін қолына алып, оң қолымен қаттырақ қысып қояды. Әйелінің «аманатын» орындау үшін, ол қасқырмен бетпе-бет келіп, айқасуға даяр тұр. Бір жағынан тұла бойында қорқынышта жоқ емес, бірақ неде болса, нартәуекел, - деп өзін-өзі қайрап келеді. Бойына жастық шақтың күш-қуаты құйылып жатқандай өзін жас кезіндегідей сезінді. Артқа шегінер жол жоқ. Көкжал қасқыр тайыншадай дәу екен, екі көзінен ызғар шаша қарайды. Пәтшағардың түсі неткен суық еді, - деп ойлады іштей Әлімбай. Бойын намыс күші билеп, денесі қалш-қалш, дір-дір етсе де, шешінген судан тайынбас дегендей, қасқырға қарай жақындап келеді. 5-6 метр жер қалғанда, көкжал қасқыр жалт бұрылып, Әлімбайдың өзіне қарай тура шапты. Ол да бәкісін қолымен қаттырақ қысып алып, қасқырға қарай қарсы жүрді. Екеуі ұмар-жұмар боп алыса кетті. Қасқыр азулы тістерімен оның жамбас етінен ала түсті. Ол өткір бәкісін оңды-солды сілтегенмен әккі қасқыр өз денесіне дарытар емес. Балтырдан аққан адамның қызыл қанын көргенде, қасқырдың екі көзі қанталап, құтырып кетті. Қасқыр енді оның тамағынан алмақшы боп басының мойын тұсына қарай шапшыды. Сол мезетте жолбарыс итінің гүр ете түскен дауысы құлағына жетті. Аяулы иті дер кезінде көмекке келіп, қасқырмен апыр-тобыр жұлыса кетті. Иті өзінің әккі әдісін қолданып, қасқырдың тамағынан ала түсіп, сояудай-сояудай ірі, қарулы тістерімен жұлқи-жұлқи тарта, тамақ тұсынан орып-орып жіберді. Көкжалдың тамағынан қан бұрқ ете қалды. Қасқыр артқа қарай омақаса құлады, көкжалдың алдыңғы аяғының ұзын тырнақтары Әлімбайдың тамағына 1-2 см жетпей, жанай, тырнай өтті. Әлекең артқа қарай құлап, шалқасынан жерге жалп ете түсті. Бірақ, есін тез жинап, қансырап жатқан қасқырдың жанына барып, бәкімен тамағынан орып-орып жіберді. Қасқыр өлмей, қырылдап біраз жатты. Ол қолындағы бәкісін белдіктегі былғары қынабына салып, қасқырдың қасында тұрған итін қапсыра құшақтай алып, кемсендеп жылап жіберді. Итін қапсыра құшақтап, біраз тұрды. Бұл иті болмаса, ол қасқырдың қолынан өлер еді. Адал, ақылды иті оны бір ажалдан құтқарып қалды. Ол жолбарыс итіне дән риза

және мәңгілік борыштар... Әлекең денесі мен қол-аяқтарының дірілдеп тұрғанын енді сезгендей болды. Қасқыр талаған балтырын, жұмсақ шүберекпен қатты орып, танып тастады. Қасқырдың терісін сыпырды, денесін бәкімен тіліп, ішіндегі жүрегін суырып алды. Сол кезде, ол қуанғаннан төбесі көкке екі елі жетпей қалды. Әйелінің аманатын орындап, қасқырдың жүрегін кешке қарай әйеліне апарып беріп, оның жүктілік «жерігін» басты, жұбайының көңілін қуанышқа бөледі.

Әлімбай мен Үндемес Доскей баласы қырқынан шыққан соң, ауылдағы ағайын-туысқандарын, ақын-жыршыларды, көрші қоланды шақырып, баланың «шілдехана» тойын дүркіретіп жасады. Тойға қорасында тұрған жалғыз семіз тайын сойып, жиналған халық жылқының етіне бір қарық боп қалды. Шілдехана кешінде ауылдың әншілері ән шырқап, күйшілері күй тартып, таң атқанша ойын-сауықпен, қызықпен өткізді. Нәресте тарапына неше түрлі жақсы тілектер, сөздер айтылып жатты. Арайлап таң атқанда, жиналған қауым үйді-үйлеріне тарады. Әйелі нәрестесін қазақтың дәстүрімен қасиетті бесікке бөледі. Бала жылаған кезде, Үндемес «бесік жырын», қазақтың небір ертегілерін, дастандарын айтып, баланы ұйықтататын. Ал, Әлімбай болса, күні бойы қой бағып келген соң, кешке қарай ұлын бесіктен шешіп алып қолына алып көтеріп жүреді. Бала қыңқылдап жыласа болғаны, қолына қоңыр домбырасын алып, құйқылжыта халық әндерін шырқайтын. Арасында батырлар жырынан үзінділер оқып беретін. Сол кезде нәресте жылағанын қоя қойып, түсінетін баладай тыңдап жататын. Оған Әлекең мәз болып, жас балаша қуанатын. Кей кездері таң атқанша көз ілмей «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Қосай» т.б. сияқты тарихи жырларды жатқа айтып беретін. Таң атқан соң, таңертеңгі тамағын ішіп, мал бағуға кететін. Кешкілік үйге жетуге асығатын. Кешкілік тамағын апыл-ғұпыл ішіп алған соң, нәрестені қолына алып, ерекше бір шабытпен халық әндерін майын тамыза орындайтын. Бала үн-түссіз оның айтқан әндерін тыңдап жататын. Ол ұл баласының тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін.

Жаз айы зырылдап өте шықты. Қылышын сүйретіп қыс айы келді. Арқада қыс айы 6 айға ұзаққа созылатын. Әлекең ауылға бір әнші немесе жыршы келсе, сол адамды үйіне қонаққа шақырып, әншінің ғажайып әндері мен жыршының айтқан батырлар жырын, «ғашық-наме» дастандарын, «Мың бір түннің» қызықты, тағылымды әңгімелерін жанұясымен бірге тыңдайтын. Қыс бойы Әлімбайдың құтты шаңырағынан қонақ арылмайтын. Ауылға қыдырып келген қонақтар Қоңырбайдың үйіне түспей, Әлімбайдың үйіне қарай ағылатын. Өйткені, оның дастарханы берекелі, ырысты болып, келген қонақтарды риясыз ашық, дархан көңілмен қарсы алатын. Келген құтты қонақтар Арқаның небір сал-сері ақындары Доскей балаға өздерінің «ақ баталарын» беріп кеткенде, Әлімбайдың қуанышында шек болмайтын. Іштей иә Алла айтқан баталары мен тілектері періштенің құлағына шалынсын, - деп тілейтін.

Алты ай қыста өте шығып, көктем айы келді. Доскей бала 1-жасқа келіп қалды. Үй ішінде еңбектеп жүріп, үстел жағалайтынды шығарды. Киіз үйдің ішінде еңбектейді, өз аяғымен аздап тұрады, одан кейін аяқтары бір нәрсеге шалынып құлайды. Оның тәтті қылықтарын көріп, Әлімбай мен Үндемес екеуі мәз-мейрам боп күледі.

Таңертеңгілік тамақты ішер кезде, дастархан басында Әлімбай, Үндемес, Доскей үшеуі отырады. Әлекең ұлын алдына алып, тамақтың жылы-жұмсағын, тәттісін оның аузына тығындайды. Баланың тамақ жегенін қызық көріп, көңіл-күйі көтеріледі. Тамақ ішіп болған соң, дастарханға бата жасалады. Иә, Құдірет иесі отбасыма құт-береке бер, жанұям аман болсын, осы Доскей құлыным ержетіп, қазақ халқына танымал азамат боп өссін, арлы-намысты болсын, ақындық қасиеті бойына дарып, өнері биікке өрлесін, - деп ұлының басынан сипап, оған қарап күлімсірейді. Бала да әкесінің басынан сипағанына мәз болып, шықылықтап, кішкентай аузын ашып күледі. Одан кейін күнделікті қым-қуыт тіршіліктің қамына кірісіп, ауылдың ағаш албарында қамаулы тұрған отар қойды далаға шығарып, өріске қарай айдайды.

Көктем айы келгеніне ауыл адамдары дән риза. Қыстан тоңып, қысылып шыққан ауыл адамдары, малдарын өріске шығарып, қолындағы қойларын төлдетіп, қозы-лақтарын киіз үйдің ішіне, жылы жерге кіргізіп, арқа-жарқа болып жатқаны. Көктем келе, ауыл адамдарының жұмысы көбейеді. Көктем айының туғанын сылтау қылып, ауыл адамдары бір-бірлерін қонаққа шақырып, қыстан қалған етті жеп, шай ішіп, әңгіме-дүкен құрып, шәукілдесіп, бір жасап қалады. Жыл мезгілінің әрбір мезгілі, айлары, күндері жақсы. Бірақ, көктем айы ерекше ай ғой! Ауа-райы жылынып, жер-ананың қара топырағына жылу барғасын, жер бетіндегі барша тіршілік иелері жанданып, қыбыр-жыбыр қозғалысқа келіп, жердің беті жасыл әлемге бөленіп, жер беті құлпырып, түрленіп, сұлу қыздай сәнденіп, жайнаң қағып, ширығып, тіріліп шыға келеді. Адамдардың бетіне езу-күлкі үйіріліп, сұлу қыздар судан шыққан «су перісіндей» сылаң қағып, әдеміленіп, ажарланып шыға кететінін қайтерсің. Әсіресе, қыз бен жігіттердің бір-біріне деген махаббат сезімдері, құштарлық ынтызар-ғашықтығы күшейіп, бір-біріне құмарлықпен, сүйіспеншілікпен үздіге қарайды. Жер беті оның бетінде тіршілік етіп, өмір сүріп жатқан адамдарымен қызықты. Жер бетінде адамзат баласы өмір сүрмесе, киелі аналарымыз ұрпақтарын өсіріп өрбітпесе, қасиетті жер-ана, қоршаған табиғат құлазып, жетімсіреп қалар еді ғой!

Әлекең бір төбенің басына шығып алып, кең далаға, көгілдір көк аспанға көз салды. Қойлар мен қозылар шексіз, жазық өрісте бір-бірін қуалай жарыса, жайылып жүр. Аспан шайдай ашық. Қасиетті күн-әке аспан көгінде жарқырап тұр. Көктемнің осы айы қандай ғажап, әдемі. Табиғат-ананың сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес сияқты. Құдіретті Алла тағала сан мыңдаған тіршілік иелерін жаратқан. Оның ішінде бір басты, екі аяқты, саналы тіршілік иесінің орны өте ерекше. Адамзат баласы жер-анаға, күн-әкеге, суға, демалатын ауаға, күннің ыстық жылуына мәңгілік қарыздар. Аспанда ыстық күн болмаса, жер бетінде ешқандай тіршілік иесі болмас еді ғой,-деп ойлады.

«Адам баласын бір тамшы судан жаратқан Құдайдың Құдіретінде шек жоқ емес пе? Биыл 1851 жыл. Доскей ұлымның өміріндегі бірінші көктемі. Иә, осы баламның жарық дүниеге келгеніне мыңда бір шүкір, тәуба, тәуба... Баламның ғұмырындағы бірінші көктемі құтты болсын, ғұмыр жасы ұзақ болсын, - деп іштей күбірледі әкесі. Мен жылдар жылжып өткен сайын қартайып, бетімді, денемді әжім басып, қартайып, арықтап, шөгіп келемін. Өзім өмірдің барлық қызығы мен шыжығын, қиындығын, тауқыметін көп көрдім. Бірақ, ғұмыр жолымда ақындық

өнер жолында үлкен биіктерге шыға алмадым. Ең өкініштісі сол... Алайда, Доскей балам менің осы арманымды, мақсатымды жүзеге асыратынына кәміл сенемін. Сармантай бабамның аруағы қолдап, өнер дариясында емін-еркін жүзетін болады. Армансыз адам, пенде болмайды. Өмірінде алға қойған арманы, мақсаты жоқ адам өлген адаммен бірдей. Бір пенде адам болсам, деп, екінші біреуі хан, би немесе болыс болып елді билесем дейді, үшінші біреуі батыр болып атағым шықса, дейді. Төртінші біреуі әнші, ақын боп елдің ықыласына бөленсем деп армандап, қиялдайды. Жарық дүниеге келген әр адамның өзіне тән арман-мақсаты болады. Өнердің жаманы жоқ. Бірақ, өнердің ең биік шыңы-жазушылық және ақындық. Ақын боп халыққа танылу. Әнші, ақын, жазушылық, айтыскер ақын, би болу Құдірет иесінің адам баласының бойына берген ерекше бір қасиеті, дарыны. Байдың байлығы, малы бір жұттық, ал адам бойындағы үлкен байлық, рухани өнер байлығы. Адамның ғұмыры қамшының сабындай ғана, бірақ адам баласының өнері – мәңгілік» - деп ойлады Әлекең ат үстінде тұрып.

Қазір Қоңырбай қаншалықты бай болып, үйір-үйір жылқысы, отар-отар қойы болғанымен, ол осы байлығын о дүниеге алып кетпейді ғой! Оның аты тарихта қалмайды, жер бетінде Қоңырбайдай адам болғанын келешек ұрпақ білмей өсетін болады, халықтың жадында, есінде болмайды. Құдай қаласа, Доскей баламның аты мәңгілікке тарихта қалады. Ендеше, менің міндетім, әкелік парызым, осы баламды жақсылап тәрбиелеу, өнерге баулу, өжет, батыр, намысқой азамат боп қалыптасуына ықпал ету.

Құлпырған көктем айы өтіп, шуақты жадыраған жаз айы келді. Бүгін шілде айының 23-ші жұлдызы. Әлімбай шаңырағында қуанышты күн. Доскей баласы 1 жасқа толды. Ол бір семіз марқаны сойып, қазанға ет салғызып, ағайын-туысқандарын арнайы қонаққа шақырды. Ұлының туған күні - ол үшін ең бақытты күн. Сыйлы қонақтардың арасында Алты Алашқа атағы шыққан небір өнер дүлдүлдері бар. Әнші, күйшісі, жыршы-термешісі бар. Киіз үйдің іші туысқандарға, ауылдастарға лық толды. Ақ дастарханға үлкен табақпен, марқаның семіз еті келді. Сырлы ағаштан жасалған тостағандарға бетінде майы қалқыған қымыз құйылды. Сыйлы қонақтар табақтағы майлы, семіз еттен жеп, сорпа мен қымыз ішті. Киіз үйдің іші гу-гу әңгімеге ұласты. Арасында әзіл-қалжың сөздер айтылып, ду-ду күлкіге ұштасып жатыр. Дастархан басында отырған адамдардың көңіл-күйлері көтеріңкі, езулерінде, беттерінде күлкі үйірілген, көздерінде қуаныштың ұшқыны байқалады. Қым-қуыт, күйбең-тіршілікті бір мезгілге ұмытып, уақыттарын көңілді, қызықты өткізуге тырысуда.

Туыстарының, ауылдастарының дәл ортасында отырған Әлімбайдың бет-жүзіне күлкі үйіріліп, бетіндегі әжімдері азайып, бойына шабыт біткендей, ерекше белсенділік танытып, шабыттанып, ширығып отыр. Бет-жүзі алаулап, жастық шақтағы күш-қуаты өзіне қайтып оралғандай екі иығын қозғалтып, көк аспанға ұшатын бүркіттей қомданып қояды. Күшті қымыздың уыты қуаты қойсын ба, Әлімбай қолына қоңыр домбырасын алып, қоңыр дауысымен Ыбырайдың «Гәккуін» әуелете шырқай жөнелді. Әнді айтқан сайын, денесі қызып, екінші тынысы ашылып, әннің қуаты минут сайын күшейіп барады. Отырған адамдар ой пәлі-ай, шырқа, айта түс, - деп Әлекеңді жақсы сөзбен рухтандырып қояды. Әлімбайдың қасында

отырған Доскей баласы, аузын ашып, әкесінің ән салғанын бар ықыласымен, зейінмен тыңдап отыр. Ол әкесінің айтқан әндерінің күш-қуатын, өзінің бойына, сана-сезіміне сіңіріп жатыр.

Келген қонақтар Әлекеңнің айтқан әнінен шабыт алып, бір серпіліп қалды. Әлеке, сіздің де әншілік қабілетіңіз бар екен, енді осы өнеріңіз Доскей балаңызға жұғысты болсын, - деп барлығы жан-жағынан мақтау сөздер айтып жатыр. Бұдан кейін Сарыарқаның әр өңірінен келген сал-серілер, әншілер өз өнерлерін көрсетті. Ой-хой серілік дарыған арқаның сал-серілері-ай десеңізші: Олар кезектесіп дәстүрлі халық әндерін орындағанда, әннің ғажап күшінен, сөзінен, әдемі әуенін тыңдап отырған адамдардың бойлары шымырлап, денелері балқып, ішкі жан-дүниелері ерекше бір рухани күш алып, рақаттанып отырып тыңдады. Күн ұясына батып, аспан көгінде жымындап миллиондаған жұлдыздар жыпырлап, жымың-жымың етіп шықты. Киіз үйдің ішіне адамдар симай, далаға шығып, жаздың жылы мақпал түнінде әншілердің өнерлерін әрі қарай тамашалады. Үндемес киіз үйдің алдына ақ дастархан дайындап, оның үстіне кешкілік пісірілген сап-сары домалақ бауырсақтар төгілді. Қара қазанда бабымен пісірілген семіз марқаның етінен жасалған ыстық қуырдақ ағаш табақпен дастархан ортасына қойылды. Туған күнге жиналған көпшілік қауым сары бауырсақ пен дәмі тіл үйіретін қуырдақты жапа-тармағай сүйсіне, опыра жеп жатыр. Ағаш саба да бабымен пісіріліп, бетіне қара майы қалқып жүрген «бал қымызды», дастархан айналасында қоршай отырған жандар мейірлене, тамсана ішіп отыр. Ал, Арқаның атақты өнерлі, әншілері, арқалы ақындары болса, жарысқа қосылған сәйгүлік аттардай денелері қызып, бойларындағы шабыттары тасып, арқалары қозып, халық әндерін бір-бірімен жарыса, кезектесіп айтқанда, өнер сүйер жандардың құлақ құрышын қандырады. Қараңғы түн аспандағы ай жарығымен жарықтанып, жан-жағына жарық нұрын шашып, Сораң ауылының барлық адамдары Әлімбайдың құтты-берекелі шаңырағына жиналып, келген әншілерді қаумалап қоршап алған. Жұлдызды түнде, жарық айдың астында ән тыңдаған қандай рақат десеңізші. Әннің қуатынан адамдар түнгі ұйқыларын ұмытып, ерекше бір күйге бөлене түскен. Ауыл адамдары бір мезгіл күнделікті күйбең-тіршілікті ұмытқан. Алтын уақыт бір орнында тапжылмай тұрып қалған сияқты. Тіпті, күнделікті шәуілдеп үретін ауыл иттерінің де дауысы шықпай қалған. Жер-ана, табиғат, аспандағы ай мен жұлдыздардың өзі, ауылдың малы мен итіне дейін әншілердің әнін тыңдап, сиқырлы күй кешіп, барлық әлем сал-серілердің өнеріне, әннің құдіреттілігіне үнсіз бас иіп тұрғандай... Осы қызықты шақ, қайталанбас тарихи күн бір күнге емес, 100-деген, мыңдаған, миллиондаған жылдарға созылса ғой шіркін, - деп Әлімбай іштей бір Алладан тілеп отыр. Қазақ әндері, күйлері, батырлар мен ғашықтық жырлары кез-келген адамға күшті рух, қажымас қайрат, керемет күш-жігер береді. Сал-серілердің құйқылжыта салған әндері бір жасқа толған Доскей баланың жүрегіне, бойына рухани күш, нұр болып құйылып жатты. Ел-жұртпен бірге Доскей бала да таң атқанша ұйықтамай, аузын ашып, ән тыңдап шықты. Бұны Әлімбай мен Үндеместе байқады. Іштерінен: Иә, Алла осы баланы ел-жұрттың тіл-көзінен сақтай гөр, ғұмыр жасы ұзақ болсын, - деп тіледі. Күн шығыстан арайланып атып, алып күн көтеріліп келе жатты. Сол кезде ғана ауыл адамдары Әлекең мен Үндемеске рақметтерін айтып, біртіндеп үйді-

үйлеріне тарай бастады. Өткен күн мен түн тарих қойнауына кіріп, мәңгілікке сақталып қалды. Арайланып атқан таңмен бірге, жаңа күн басталып ауыл адамдары күнделікті атқаратын жұмыстарына кірісті. Әлімбай ұйықтамастан атына мініп, мал бағуға кетсе, Үндемес болса, түннен қалған ыдыс-аяқтарды жуып, кигіз үйдің ішінде күйбендеп жүр.

Әлімбай бүгін өз-өзіне іштей дән риза. Риза болмағанда ше? Доскейдің 1 жасқа толған туған күніне орай, шаңырағына туысқандарын, Сарыарқаның сал-сері ақындарын, әншілерін шақырып, таң атқанша әндетіп, думандатып отырды. Бұның өзі бір бақыт, ғанибет емес пе? Кішкентай баласына ерекше рухани байлық, қайталанбас сыйлық жасады. Бұл күн баланың сана-сезімінде өле-өлгенше, қартайғанша сақталып қалары сөзсіз. Өткен жыл, ай, күн ешқашанда қайталанып келмесі анық. Ұлының өмірі, болашағы жарқын болуы үшін, ол қолдан келгеннің бәрін жасайды. Әлекең баласының өскенде ақындық өнерімен қоса, бойындағы жігіттік намыс мен адамгершілік қасиеттерінің мол болғанын қалайды. Қандай ата-ана болмасын, өзінің ұрпағымен бақытты және өзінен кейінгі ұрпақтары арқылы мың жасайды емес пе? Әлімбай 70-80 жыл емес, мың жыл, миллион жыл ғұмыр сүргісі келеді. Бірақ, адамның өмірі мәңгілік емес, шектеулі. Ендеше, әр адам өзіне берілген ғұмырдың әрбір жылын, айын, күнін мағыналы, қызықты өткізуі тиісті. Мағыналы өмір сүру үшін адамға ең алдымен мықты денсаулық, одан кейін білім, өнер, ақыл т.б. қажет. Өнерсіз, білімсіз жан - надан адам, ішкі жан-дүниесі бос, қуыс кеуде, жер бетінде құр денесін сүйретіп жүрген жанмен бірдей. Миллиондаған жылдар ішінде жер бетіне миллиардтаған адамдар өмірге келіп, одан кейін о дүниеге сапар шегіп, топыраққа жерленіп, біртіндеп топыраққа айналады. Тарихта қалған адамдар өте аз. Білім, ғылым қуып, өнер жолына түскен адамдардың ғана аттары мен есімдері тарихта мәңгілікке сақталып қалады. Ендеше, Әлімбай да Доскей баласының өнерлі ақын болып, тарихта мәңгілікке қаларына сенімді, ыстық жүрегі соны айқын сезеді.

Бүгін аттың үстінде отырып, күні бойы ыңылдап неше түрлі халық әндерін айтты. Табиғат аясында, таза ауада, ән айтқан қандай керемет. Ән айтқан сайын көңіл-күйі көтеріліп, шабыты тасып, алпыс екі тамырындағы қаны қызып, жастық шаққа қайта оралғандай болды. Мұндай қасиетті жерде туып, сұлу табиғаттың ортасында жүріп, ән айтпау мүмкін емес. Ән адамды жасартып, бойды сергітіп, денеге, жан-дүниеге ерекше күш-қуат береді. Әннің күдіреттілігі сонда жатыр.

Жер-ана өзінің кіндігінде бірқалыпты айналып тұр. Күн батады, таң ата арайланып қайтадан шуақты күн шығады. Күн әке және жер-ана, осы екеуі болмаса жер бетінде тіршілік болмас еді. Адамзат баласы осы екеуіне мәңгі-бақи қарыздар, - деп, - ойлады Әлекең терең ойға беріліп... Күн мен түн, жақсылық пен жамандық, дос-дұшпан, суық-жылы, әйел және еркек, табиғаттың өзі егіз ұғым сияқты нәрселерден құралады. Мәңгілік уақыт және шеті де, шегі де жоқ шексіздік. Осы екеуінің ортасында жер бетінде тіршілік етіп жатқан адамзат баласы тұр. Бірақ, мәңгілік уақыт пен шексіздіктің өзі бір Құдайға бағынышты. Біздің арғы ата-бабаларымыздың рухы, намысы, күш-жігері, қажыр-қайраты қандай күшті болған. Алмас қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен, ақыл-парасат пен намыстың күштілігінің арқасында, осыншама ұлан-ғайыр жазираны, жер-қойнауы қазынаға

толы қасиетті мекенді кейінгі ұрпағына «аманат» етіп қалдырып кетті. Неліктен, Сақ-Ғұн бабаларымыздың кейінгі ұрпақтары азып-тозып, ұсақталып барамыз, соның сыры неде екен, - деп ойлады Әлімбай. Әлде, қазақ халқының ар-намысы, қажыр-қайраты, рухы әлсіреп, азайып кетті ме? Қазір орыстың ақ патшасы, мемлекеті біртіндеп қазақ халқын отарлап, кең, байтақ жеріне, елді-мекендеріне бекініс-қамалдар салып, жаулап келеді. Баяғы заманда, орыстар бізге бағынышты еді, енді біз олардың отарлы еліне айналдық. Мұның бәрі намыс күшінің жоқтығынан... Қазақ халқының бойынан ар-намыс күші кетіп еді, басынан «бақыт құсы» ұшты. Бірақ, орысқа бағынышты болдық, - деп ынжық, жасық болуға тағы да болмайды. Ол үшін күресу керек. Қандай жолмен: өнер және білім жолымен. Қазақтың әрбір жанұясы өз ұрпағын намысқой, білімді, ақылды, өнерлі, еңбекқор етіп тәрбиелеуі міндетті. Бойында намыс күші мен ақылы бар адам ғана өмірде ойлаған арман-мақсатына қол жеткізе алады.

Ендеше, Әлімбай Доскей баласының білімді, өнерлі, намысқой болып өсуіне барлық күш-жігерін жұмсайды. Өмір сүру оңай емес. Ол өз өмірінің көп уақытын бостан-босқа өткізіп алғанына өкінеді, бармағын тістейді.

Алайда, өткен күн, жылдар, алтын уақыт қайтып оралмасы анық. Енді оның бұл өмірдегі бар үміті Доскейде... Осы ұлын өнерлі, ақылды, намысқой ғып тәрбиелеп шығарса, бұл ол үшін үлкен бақыт, арман емес пе?

Осы ұлы жарық дүниеге келгелі, Әлекеңнің өмірге деген құштарлығы, ынтызарлығы арта түскендей. Арқасына қанат біткендей, көңілі алып-ұшып жүргені. Ауылына бір әнші, жыршы, ақын келсе болғаны, соларды үйіне шақырып қонақ қылады, солардың өнерлерін жанұя мүшелерімен бірге отырып тамашалайды. Әсіресе, Доскей баласы үйге әнші адам келсе, соған ерекше шаттанып қуанады. Кейде, келіншегі Үндемес оған үйге кім-көрінгенді неге шақыра бересің, - деп ренжиді. Сонда ол жұбайына жатып кеп ашуланады. Сен қазақтың салт-дәстүрін білмейсің бе? Құтты шаңыраққа келген әрбір қонақтың өз ырыс-берекесі бар. Бұрын біздің үйге қонақтар аз келуші еді, Доскей балам жарық дүниеге келгелі, біздің қасиетті шаңыраққа қонақ-меймандар көп келетін болды.

Бұл Доскей ұлымның ырысы мен бақыты емес пе?

Біздің өмірдегі бар бақытымыз, қызығымыз - осы Доскей баламыз. Осы ұлымның ержеткенде, қазақ халқына танымал айтулы өнер иесі, танымал айтыскер ақын болғанын армандаймын. Шаңыраққа құтты адамдар, әнші-серілер келсе, бұл біздің жанұя үшін үлкен мерей емес пе? Баламыз осы әншілердің әнін тыңдап, бойына рухани-күш жинайды, олардың Доскейге берген «ақ батасы», жақсы сөздері мен тілектері Алла-тағаланың құлағына шалынып, ұлымыздың өнерге деген құштарлық сезімі біртіндеп оянатын болады.

Күні бойы Сораңның жазық даласында мал бағып жүрген Әлімбай тезірек үйге жетсем, - деп ойлады. Ұлын күні бойы көрмесе қатты сағынып қалатын болып жүр. Баласының тәй-тәй басып жүргені, былдырлап сөйлегені, тәтті қылықтары, жас баланың өзіне тән хош иісі бәрі-бәрі әкесінің жан дүниесін жаулап алған. Ол өзінің құтты шаңырағына келіп, киіз үйдің табалдырығынан аттап ішіне кіргенде, алдынан сұлу келіншегі мен баласын көргенде, жүрегі атша тулап қоя береді. Баласы арсалаңдап күліп, сүріне-қабына әкесіне қарай жүгіреді. Ол баласын

құмарлана құшақтап, бетінен сүйіп, оны иіскегенде, қатты шаршап-шалдыққанын, күйзелгенін, жабырқаған сәттерін ұмытып, көңілі «көктем» мен «жаз» айы боп шыға келетінін қайтерсің. Әр адамға өзінің туған отбасы мүшелері, жақын-туысқандары бәрінен қымбат. Ол өзінің ғұмырын жалғастырар ұрпағының барына тәубешілік, қанағат етеді. Әлекең ұлын екі қолынан ұстап, жоғары қарай көтергенде, баласы шықылықтап, мәз-мейрам боп күледі. Ол кезде нәрестенің ішкі жан-дүниесі, жаны періштедей тап-таза, мөп-мөлдір, жаңа жауған мамық қардай аппақ! Сол кезде, келіншегі екеуіне жымыып көз алмай ұзақ қарап тұрады. Осы бір қызықты, бақытты сәтті біреу ұрлап кететіндей бойын қорқыныш сезімі билеп кетеді. Сылқым, кербез келіншегінің өзіне тесіле қарап тұрған жанарын байқап қалған Әлекең, баланы жерге қоя беріп, анадай жерде состыып, екі көзі күлімдеп тұрған сүйікті жұбайын бауырына басып, құмырсқадай белінен қапсыра құшақтап алып, бетінен шөпідетіп кеп сүйеді. Сол мезетте, Үндеместің екі беті дуылдап, қызарып шыға келеді. Баладан ұялсайшы деп, - күйеуіне наздана жауап қайтарады. Содан кейін, үшеуі дастархан басына отырып, кешкілік тамақтарын ішеді. Ауқаттанып алған соң, бойына күш-қуат жинаған Әлекең қолына киіз үйдің төрінде ілулі тұрған қоңыр домбырасын алып, ыңылдап отырып, халық әндерін шырқайды, небір күйлерді бабына келтіріп орындайды. Сол мезетте, Доскей баласы әкесінің қасында отырып, үлкен адамдай зейінмен ән тыңдайды. Шабытпен айтылған әндер, Доскей баланың бойына, жан-дүниесіне рухани азық, нұр болып құйылып жатады. Әннен кейін, қолына батырлар жайлы жазылған, сыртқы мұқабасы ескіре бастаған қалын кітабын алып, екі аяғын айқастырып, малдас құрып отыра қалады. Баласын алдына отырғызып, мәнермен өзінің жұмсақ, қоңыр дауысымен «батырлар жырын» оқи бастайды. Әлекең түн ортасына дейін жалықпай-шаршамай жырын баласына оқып береді. Жырды оқи отырып, көзіне тығылған ыстық жасты қол орамалмен сүртіп-сүртіп қояды. Ал, бұл мезетте алдындағы кішкентай ұлы пысылдап, тәтті ұйқының қалың құшағында жатады. Сораң ауылы түн патшалығы әлеміне, қараңғылығына оранып, аспанда жап-жарық боп ай мен жымың-жымың еткен, жыпылықтаған, жыпырлаған миллиондаған жұлдыздар шығады. Ауылдың әр жерінен иттердің шәуілдеген дауыстары естіледі. Үндемес пен ұлы пыс-пыс етіп, қалың ұйқыда. Әлекең киіз үйден сыртқа шығып, аспандағы жыпырлаған жұлдыздарға ұзақ қарап тұрып, неше түрлі ойларға беріледі. Осынау шегі жоқ шексіздікті, онда тіршілік етіп жатқан адамдарды, тіршілік иелерін ойлайды.

Аспандағы күн, ай, жұлдыздар миллиардтаған жылдар бойы ғұмыр сүреді. «Құс жолының», біздің күн галактикасының жаратылғанына 18-20 миллиард жыл болыпты. Ал, жер бетіндегі адамзат баласының жаратылғанына бар болғаны бірнеше миллион жыл ғана... Аспандағы ай мен күн жер бетінде болып жатқан барлық тарихи оқиғаларға куә, тіпті, алғашқы Адам ата мен Хауа ананы да көрген. Түнде аспанда ай мен жұлдыздар жарқырап шықса, күндіз нұрын, жарығын шашып алтын күн шығады. Бір жаратушының Ұлылығы мен Құдіретінде шек жоқ...

Мәңгілік уақыт, шексіздікке ұласқан шексіздік әлемі, қозғалысы...

Жер бетінде тіршілік етіп жатқан адамдардың өмірі жанталас пен күреске толы. Біреуі-бай, біреуі-кедей. Бай қаншалықты бай болғанымен, үйір-үйір жылқысы мен отар-отар қойы болғанымен осы байлығына қанағат, шүкіршілік

қылмайды. Қоңырбайдың өзінде 10 мың жылқы мен 20 мың қойы бар. Сол байлығын басқа түгіл, өзіне де қимайды. Соншама малды жинай бергеннен не шығады, одан да сол төрт түлік малдың қызығын көрмей ме?

Әлде, Қоңырбай осыншама байлықпен мың жыл немесе мәңгілік өмір сүрем, - деп ойлай ма екен. Адамның көзі тірісінде, осынау жарық дүниеде басындағы екі кішкентай көзі ешнәрсеге тоймай, тойымсыз болып кететіні шындық. Пенденің екі көзі адам өлгесін ғана бір уыс топыраққа тояды дегені де ақиқат. Жарық дүниеге келген кез келген адам өлу үшін жаратылған. Соны біле тұра адам баласы неге соншалықты байлық пен атақ-даңққа құмар?

Бұл дүниеде жақсы адамның аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді, - деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған болар. Адам баласы 100 жыл, 10 мың жыл, 100 жыл ғұмыр сүрсе де, осы уақыттың өзі көзді ашып-жұмғанша өте шығары ақиқат!

Адам түгіл, аспандағы ай, күн, жұлдыздардың өзі миллиардтаған жылдар өткесін, уақыты жеткенде, аспан көгінен ғайып болып, күшті жарығы азайып, газ бен тозаңға айналып шыға келеді. Сондықтан, Әлімбаев өз өміріне дән риза, осы бір қарапайым тіршілігіне шүкіршілік қылады. Оның өмірдегі басты байлығы – жанұясы, сүйікті жары мен Доскей және тұла бойындағы ар-намысы. Бойында ар-намысы бар адамды ғана нағыз адам, - деп айтуға болады. Намыссыз адам тірі өлік, әйтеуір құр денесін сүйретіп жүрген бейшара адам. Әлекеңнің бойында ержігітке тән намыс, адамгершілік қасиет және өнер бар. Ол кедей болып, қарапайым, жұпыны тіршілік етсе де, ешкімге бас иіп, ешқашанда бойындағы ар-намысын таптатқан емес. Оның өмірдегі басты байлығы-бойындағы адамгершілік қасиеттері. Ендігі, оның өмірдегі басты арманы, Доскей ұлын намысты, өнерлі ғып тәрбиелеу. Осы мақсатына жету үшін, ол түнгі ұйқысын төрт бөлуге даяр. Міне, түннің жартысы өтті, ол әлі ұйықтаған жоқ. Ұлының болашағын ойлағанда, ұйқысы шайдай ашылып кетеді. Қазір ол үшін бала тәрбиесінен асқан маңызды жұмыс жоқ. Адам өлгесін онсызда мыңдаған, миллиондаған жылдар бойы жер-ана қойнауында мәңгілік ұйықтамай ма?

Қазір оның басты байлығы, қызығы - Үндемес пен Доскей ғана. Кейінгі жылдары дұрыс ұйықтамай жүргендіктен болар, екі көзі шүңірейіп, қатты жүдеп кетті. Денсаулығы да сыр беріп, жүрегі ауыратынды шығарып жүр. Кейде орнынан тұрғанда басы айналып, көзі қарауытып, ыстық жүрегі шаншып-шаншып кетеді. Асқазаны да сыр беріп, ішкен тамақты дұрыс қорытпай, жиі-жиі лоқсып-лоқсып құсатынды шығарды. Бірақ, соған қарамастан, ол өз мақсатына қол жеткізу үшін ешнәрседен тайынар емес.

Міне, тағы да арайланып, нұрын шашып, таң атып келеді. Күншығыстан қызарып «алтын күн» шығып келеді. Таңғы 6-ға қарай әйелі Үндемес ұйқысынан оянып, төсегінен тұрып, беті-қолын жуып, таңертеңгілік шай жасаудың қамына кірісті. Бір уақытта дастарханын жақсылап дайындап, самаурындағы суы қайнаған соң, Үндемес күйеуін шай ішуге шақырды. Дастархан басында екеуі үн-түнсіз отырып, шай ішіп отыр. Үнсіздікті әйелі бұзды. Бүгін де ұйықтамадың, қазір шаршап-шалдығып мал бағуға қалай барасың-деп күңкілдеп сөйледі. Анау дүниеге барғанда, ұйқымды жақсылап бір қандырам ғой, - деп Әлекең өзінше бір әзілдеген болды. Тіл мен жағына жылан жұмыртқаласын, әзіліңнің түрін, - деп келіншегі дүңк

ете қалды. Тағы да біраз үнсіздік орнады. Үндемей отырып, шайларын ішті. Әлекең жұмыс киімдерін киіп, кигіз үйден далаға шықты. Далада қоңыр салқын жел есіп тұр. Ауыл адамдарының көпшілігі әлі қалың ұйқыда. Ол атына мініп, бір отар қойды албардан шығарып, мал жайылатын өріске қарай айдай бастады. Көкорай жап-жасыл жайылымға шыққан қойлар мен қозылар жұмсақ шөпті өткір тістерімен бырт-бырт үзіп, бір-бірімен жарыса кетіп барады. Алып күн қызуын жан-жаққа шашып, біртіндеп көк аспанға қарай көтеріліп келеді. Әлекең ат үстінде келе жатып, әртүрлі ойға шомып келеді. Тағы да бір таң атып, тағы бір күн шықты. Өткен күн, бір тәулік, 24 сағат келмеске кетті. Жер-ана өзінің кіндігінде үздіксіз айналып тұр. Күн мен түн өткен сайын, ол біртүрлі қобалжиды. Ол тағы бір күнге қартайды. Бетіндегі әжімдері көбейіп, күннен-күнге шөгіп барады. Ішкі жан-дүниесіндегі «қартаю механизмі» жылдам айнала бастағандай. Бірақ, ол қартайып, өлгісі келмейді. Шіркін, қартаю механизмінің құпия-сырын білсе ғой!?

Онда ол, ешқашан қартаймай, жастық шақтағы күш-қуатын сақтап қалар еді. Алайда, табиғат заңына ешкім қарсы келе алмайды. Жарық дүниеге келген адам өлмей, мәңгілік өмір сүретін болса, онда жер бетіне адамзат баласы симай кетер еді. Табиғат, жер-ана тепе-теңдік заңдылығын ешқашанда ешкім бұза алмайды. Қартаю механизмінің құпия-сыры тек бір Аллаға аян. Әлекең осы күніне мың да бір шүкіршілік етеді. Доскей баласы дүниеге келгелі оның өмірге деген құштарлығы арта түскендей.

Енді ол өмірден жинаған, үйренген тәлім-тәжірбиесін, өнерін осы баласына үйретпекші. Оның басты арманы-артына текті, өнерлі ұрпақ қалдыру. Күндіз-түндіз ойлайтыны баласының жарқын болашағы... Бай болмадым, шалқып-тасып өмір сүрмедім, - деп өз өміріне ешқашанда өкінбейді. Оған керегі басты байлық-бойындағы ар-намысы мен рухани байлығы және өмірін жалғастырар ұлының ақындық жолға түсіп, рухани байлықты, өнерді таңдағанын қалайды. Осындай ойлармен жүргенде, жарқыраған күн көк аспан төбесіне қарай көтеріліп, сәске түс уақыты болып қалыпты. Әлекең қойларды Сораң ауылына қарай айдай бастады. Түс уақытында күн қатты ысып, қойлар дұрыстап жайыла алмайды. Сол себепті, малдарды ауылдың шетіндегі ағаш албарға кеп қамады. Енді киіз үйіне барып, күннің қызуы қайтқанша 3-4 сағат тынығып алынуына болады. Бозжорға атпен киіз үйіне қарай келе жатыр. Ауыл адамдары күнделікті қыбыр-жыбыр жұмыстарына кіріскен. Әрбір киіз үйдің қасындағы қолдан салынған пештің мұржасынан көк түтін будақ-будақ етіп шығып, жоғары қарай көтеріліп, ауаға сіңіп жоқ болады. Ауылдың қыз-келіншектері түскі тамақ әзірлеудің қамымен пештің қасында ерсілі-қарсылы күйбеңдеп жүр. Киіз үйінің қасына келіп, аттан түсіп, қайыс жібін ағаш шарбаққа байлады. Үйінің қасында Доскей баласы өз бетімен ойнап жүр. Аттан түскен әкесін байқап, әкем келді, алақай,-деп әкесіне қарай тыпың-тыпың етіп арсалаңдап жүгіріп келеді. Бір тұрып, бір құлайды, одан кейін қайта тұрып қайтадан жүреді. Әлекең ұлын құшақтап, бауырына басты. О, құлыным сол, өмірімнің жалғасы, адамдардың тіл-көзінен сақтасын,-деп іштей күбірледі. Екі қолымен жоғары қарай көтерді, баласы оған мәз болып, сықылықтап күледі. Баласын құшақтаған күйі, киіз үйдің ішіне кірді. Үндемес түскі тамақты дайындап жатыр екен. Әйелі күйеуіне қарап: бүгін өзін тым көңілдісің ғой, - деп сұрады. Енді кемпірім, көңілді болмағанда ше?

Мені бүгін Доскей баламның өзі қарсы алды ғой, адамға бұдан артық қуаныш, бақыт бола ма? Алдымнан шығып, тыпың-тыпың етіп маған қарсы жүргені қандай тамаша! Және бүгін ұлым маған тұңғыш рет әке деген сөзді айтты. Бұл сөзді естігенде, жүрегім қуаныштан дүрсілдеп, кеудеме симай бұлқынғанын қайтерсің. Осы сөз маған қатты әсер етіп, көзіме қуаныш жасы келді. Ендігі менің арманым, әкелік міндетімді дұрыс атқарып, баламның болашағына өнердің даңғыл жолын ашу... Осындай ұл тауып берген, саған рақмет кемпірім сол, - деп жұбайының бетінен кеп сүйді. Мені кемпір, - деп жылдам қартайтып жібергенің не? Кемпір бала таба ма екен, - деп келіншегі мырс етіп күліп жіберді. Әлекең сасқалаптап қалды, жоқ сен кемпір емессің, сен менің сұлу, әдемі келіншегімсің, -деп еркелетті. Е-е, міне енді ғана сөзін түзелді ғой мыж-мыж болған қара шалым, -деп келіншегі де күйеуін сөзбен әзілдеп, біз тыққандай түйреп-түйреп алды. Жарайды енді, әзілдеп болсақ, түскі асымызды ішейік, - деп үшеуі дастархан басына жайғасып, асықпай тамақтарын ішті. Келіншегі түскі тамаққа «бесбармақ» дайындаған екен. Семіз марқаның жұмсақ, дәмді етін жеп, содан кейін ыстық сорпа мен тілі дәм үйіретін қымыз ішті. Іштеріне ел қоңған соң, Әлекең жұмсақ көрпенің үстіне жантая кетіп, 2 сағаттай көз шырымын алып, аздап мызғып алды. Ұлы да әкесінің қасында жатып, ұйықтап қалыпты. Үндемес ұйықтап жатқан күйеуі мен ұлына сүйсіне қарады. Күйеуі қасында, ұлы бар, әйел адамға одан артық не керек? Әйел бақыты жанұясы ғой.

Байлар сияқты шалқып өмір сүрмесе де, ел қатарлы, жұпыны тұрмыс кешіп жатыр. Ешкімнен кем емес. Осы қарапайым өміріне, тірлігіне дән риза. Иә, Алла осы тіршілігіме мыңда бір шүкіршілік, - деп ернін жыбырлатып, іштей күбірледі. Үй шаруасымен айналысатын әйел адамның атқаратын жұмыстары өте көп ғой. Таң атқаннан күн батқанша киіз үйдің ішінде күйбеңдеп жүріп, бір тыным таппайды. Күнделікті бір жұмыс қайталанып келе береді, келе береді... Күндізгі 4-ке қарай Әлекең ұйқысынан тұрып, дастархан басында шайларын ішті. Әйеліне қарап: бүгін қой бағуға Доскей ұлымды да ертіп барамын. Сарыарқаның әдемі табиғатын көрсін, қойлардың қалай жайылатынын байқасың, даладағы әртүрлі құстардың салған әнін естісің, жер-ананың әдемі көріністерін көзімен көріп, кішкентай жүрегі рухани ләззат алып қайтсың, - деп әйеліне күлімдей, жалынышты түрмен қарады. Үндемес күйеуіне қарсылық білдірмекші еді, бірақ жолдасының көңілін қимады. Баламыз әлі кішкентай емес пе, - деп күйеуіне әдемі көзімен қиыла қарады. Мен айттым болды, баланы оятып киіндір, көп сөзді қой, - деп дүңк ете қалды. Әйелі орнынан үн-түңсіз тұрып, баласын оятып, алдымен кеудесін тосып, жақсылап емізді. Анасының ақ сүтіне емін-еркін тойып алған Доскей баласы орнынан тұрып, талтаң-талтаң етіп, киіз үйден далаға шықты. Есік алдында жүрген Әлекең кел боташым, құлыным, - деп ұлын өзіне қарай шақырды. Ұлы әкесіне қарай жүгірді. Ол ұлын құшақтап, көтеріп алды. Балам, бүгін сен менімен табиғат аясына шығасың, қойлардың қалай жайылатынын көресін, жер-ананың ғажайып жерлерімен танысасың, - деп баласымен үлкен адамша сөйлесіп келеді. Баласы әкесімен табиғат аясына шыққанына мәз-мейрам боп келеді. Ұлын қапсыра құшақтап біраз жүреді, екі қолы шаршағанда жерге түсіріп қоя береді. Баласы кішкентай қозы-лақтардың артынан қызықтап кеп қуады, олар одан қашады. Жүгірем деп бір құлайды, одан кейін

орнынан тұрып, қозылардың артынан қайтадан қуады. Оларға жете алмағасын ыза болып, жерге жата кеп өксіп-өксіп кеп жылайды. Әкесі баласына жаны ашып, бір қозыны қуалап жүріп эзер дегенде ұстап алып, ұлына әкеп береді. Ұлы қозыны құшақтайды, жүнін сипайды, өзінше оны еркелетеді. Одан жалыққасын, әдемі гүлдерге қонған көбелектің артынан қуады. Оған бәрі таңсық, жұмбақ әлем... Көк аспанда қалықтай ұшқан құстарды көріп, екі қолын созып, өзінше ұстап алмақшы болады. Бірақ, аспанда ұшып жүрген құстар оған қайтып ұстатсын. Жүгіре-жүгіре шаршаған соң, жасыл шөпке жата кетіп, аунайды. Әкесіне көтер, - деп қыңқылдайды. Әлекең қанша шарса да баласының көңілін қимай, екі қолымен оны көтеріп алып, көпке дейін жерге түсірмей көтеріп жүреді. Екі қолы талғасын, мойнына-арқасына отырғызып алады. Бала шөлдеген кезде, оған сусын береді. Далада жүріп, ән салады. Баласы әкесінің салған әндерін зейін қойып тыңдайды. Одан кейін, жасыл шөпке малдас құрып отыра кетіп, баласын алдына алып, оған батырлар жыры мен неше түрлі қазақ ертегілерін айтып береді. Кішкентай Доскейімен үлкен адамша сырласады. Ботам, өмір деген күрделі, жұмбақ дүние. Біз адамзат баласы жер-ана мен көк аспандағы күн-әкенің перзентіміз. Адам баласын миллиондаған жылдар бойы жер-ана асырап келеді. Адам жер-ана мен күнге, суға, таза ауаға мәңгі-бақи қарыздар. Табиғаттың төрт мезгілі: көктем, жаз, күз, қыс айлары табиғаттың ажырамас бір бөлшегі. Адамда табиғаттың бір бөлшегі, химиялық элементі.

Біздің ата-бабаларымыз ақылды, батыр, намысқой, жігерлі болған. Білектің күшімен, найзаның ұшымен, ақыл-парасат пен шешендік өнердің арқасында осынау ұлан-байтақ жерді жауынан қызғыштай қорғап келген. Болашақ ұрпаққа жазиралы кең даланы «аманат» қып қалдырып кеткен. Сол үшін батыр, қайсар бабаларымызға шексіз алғысымызды білдіреміз. Ол алғыстың өтеуі-әрбір қазақ азаматы намысқой, өнерлі, болуы тиіс. Құдай қаласа, Доскей балам ержеткенде, халқына танымал өнер адамы болып шығарына кәміл сенемін, - деп Әлекең ұлының басынан сипады, баласын құшақтап бауырына басты. Ұлы әкесінің сөздерін ұққан адамдай басын изеп-изеп қояды. Сол уақытта, Әлекең өз-өзінен басын жоғары көтеріп қарағанда, көк аспанда Қарлығаш құсы ұшып бара жатты. Ол қарлығаш құсын көргенде, қуанышы көкірегіне симады. Иә, Алла менің тілегім, ниетім, балам жайлы айтқан сөздерім шексіз әлемді билеуші Тәңір иеме жеткен екен, осыған мында бір шүкіршілік, қанағат етемін. Мен бостан-босқа, мән-мағынасыз ғұмыр сүрмеген екенмін, менің артымнан текті ұлым, тұяғым, ұрпағым қалып барады, - деп көзіне жас алды. Бар өмірім қиындықпен, қынжылыспен, күнделікті арпалыс-күреспен өтіп келеді. Бірақ, өмірімде ешнәрседен қажыған, түңілген, шаршаған емеспін. Осы балам жарық дүниеге келгелі, өмірге деген құштарлығым, құмарлығым арта түскендей. Жастық шағым зыр-зыр, зу-зу етіп сынаптай сырғып өте шықты, бойымдағы өнерімді туған халқыма толық көрсете алмадым, бірақ осы құлыншағым, Доскейім менің өнерімді әрі қарай жалғастыратынына кәміл сенемін, бұған барша қазақ даласы, жер-ана, күн-әке куә... Құшағында жатқан баласы, жайбарақат, рақаттанып ұйықтап жатыр. Алтын күн ұясына батып бара жатқанда, Әлекең баласын құшағына алып, қойларды ауылға қарай айдай бастады. Отар қойды ағаш албарға қамап, түнгі күзетші жігітке тапсырған соң, баласын көтеріп құтты,

берекелі шаңырағына келді. Күйеуі мен баласына алаңдаған Үндемес алдарынан шықты. Әйтеуір, аман-есен жеттіндер ме? Сендерді ойлап, күні бойы алаңдаумен болдым. Ұлым, ботақаным ауырып қалған жоқ па? Өзі әбден шаршап, ұйықтап қалыпты ғой! Айналайын қозым сол, әкесімен бірге қой бағамын, - деп өзі зорығып қалған екен дегенде, анасының дауысын естіген баласы ұйқысынан оянып кетті. Шешесі баласын құшақтап бауырына басып, бетінен сүйіп, құштарланып иіскеп-иіскеп қояды. Үшеуі сол бетімен киіз үйдің ішіне кірді. Кешкі тамақ дастархан үстінде дайын тұр. Үстел үстіне керосин құйылған лампаның білтесі жанып, кигіз үйдің ішіне жарық беріп тұр. Үйдің ішінен керосиннің иісі мұңкіп тұр. Әлекең есік алдына шығып, 10-15 минуттай жылы суға жақсылап жуынып алған соң, үйге кірді. Судың әсерінен бойы сергіп, көңіл-күйі көтерілді. Ұлы жылы көрпенің үстінде алаңсыз ұйықтап жатыр. Дастархан басында отырып, кешкі тамақтарын ішті. Тамақтан соң, Әлекең есік алдына шықты. Аспанда жарқырап, ай мен жұлдыздар шыққан. Ол қалтасынан насыбай салынған шақшасын алып, насыбай атты. Соран ауылы түн патшалығының құшағына енген. Ауылдың әр жерінен иттердің үрген, шәуілдеген дауыстары естіледі. Күн мен түн алма кезек ауысып өтіп жатыр. Түн тек жер бетіндегі адамзат баласы үшін ғана... Әйтпесе, шексіз әлемде түн жоқ. Жұлдыздардың осылай жымың-жымың етіп тұрғанына да миллиондаған, миллиардтаған жылдар болыпты ғой! Шексіз кеңістік, мәңгілік уақыт тек бір Құдірет иесіне ғана бағынышты. Неге адам баласы жұлдыздар сияқты миллиондаған жыл ғұмыр сүрмейді екен... Адам баласы - 70, 100, 120 жыл ғұмыр кешсе де, миллиондаған жылдармен салыстырғанда жай ғана секунд пен минуттар емес пе? Осы миллиардтаған жұлдыздардың аржағында не бар екен? Бізден басқа тіршілік иелері бар ма? Шексіз әлемде тек қана жер бетінде ғана тіршілік иелері болып, басқа ғаламшарларда тірі жан иелері жоқ деген ұғым, қалыптасқан көзқарас миға сиымсыз нәрсе ғой! Адам баласының танымдық ой қабілеті, сана-сезімі өте тар шеңберде, жер деңгейінде ғана қалып қойған ой-пікір тәрізді. Бізде ғаламдық деңгейде ойлау жүйесі қалыптаспаған. Адам миының 97%-і әлі қалың ұйқыда жатыр. Адам күнделікті өмірде қарапайым тіршілік кешеді. Әлемдік деңгейде ойлай білу үшін, әрбір адам өзінің ішкі әлеміне үңіліп, оны біртіндеп зерттеп, сырласа білу қажет. Барлық құпия-сыр сонда жатқан сықылды. Кез келген адамның ішкі жан дүниесі - шексіз әлеммен пара-пар дүние. Ішкі әлем-қазына байлықтың қайнар көзі. Жан дүниені зерттеу арқылы космос, табиғат заңдылықтарын біртіндеп біле бастаймыз және мидың терең қатпарларында жатқан ми талшықтарын, ағзаларын, клеткаларын оятуға мүмкіншілік туады. Әр адамның бойында ашылмай жатқан ғаламат күш, энергия көздері бар. Сол қуаттың көзін ашу қажет. Ол білім, өнер, ғылым, талап арқылы ашылуы мүмкін. Біздің ішкі жан дүниемізде баға жетпес қазына-байлық жатыр. Соның сырын ашу, кілтін табу әр адамның арман-мақсаты болуы тиіс. Мысалы: әрбір адамның ыстық жүрегі бірқалыпты қалыптасқан жиілікте дүрс-дүрс етіп соғып тұрады. Жүректің соғуы қан құрамындағы темірге байланысты және жердің тербеліс, тартылыс күштеріне, жер-ананың мантиясына тікелей байланысты... Қоршаған әлемде, табиғатта, шексіздікте адам баласы білмейтін құпия-сырлар, ғажайыптар толып жатыр. Жарық дүниеге келген әрбір адам жұмбақ, зерттелмеген ғаламшар... Тіпті, адамның біртіндеп қартаюы да жұмбақ. Ана

жатырынан шыққан сәби, өмірге келе салысымен, оның денесінде, организмінде қартаю, биологиялық механизм іске қосылады. Адамның баяу, жылдам, тез қартаю механизмі-тәнде, ағзада айналып тұрған энергетикалық толқындардың жылдам қозғалу, айналу процесіне, орталық нерв жүйесінің қызметіне тікелей тәуелді. Қартаю механизмінің құпиясы ашылса, адам 100 жыл емес, 1мың жыл немесе 100 мың жыл ұзақ ғұмыр сүруге қол жеткізер еді. Біз өзіміздің ішкі жан дүниемізді зерттейміз, оған мүлдем үңілмейміз, сырласпаймыз, сондықтан адамның сана-сезімі төменгі дәрежеде қалып қойған. Неге жер-ана миллиардтаған жылдар бойы өте ұзақ мерзімде тіршілік ете алады? Жер-ана да адам сияқты ауамен демалатын тірі жан, организм. Барлық мәселе табиғат заңдылықтарын өрескел бұзудан, қоршаған әлем тәртібін сақтамаудан туындайды. Аспандағы жұлдыздарға қарап тұрған Әлімбай осындай шым-шытырық, түсініксіз ойлардың шырмауында қалды. Неге менің басыма осындай ойлар келе береді,- деп тағы да ойланып қалды. Неге үйге кірмейсің, түннің бір уақыты болды ғой деген Үндеместің дауысын естігенде, селк ете түсіп, ой-қиялдың шырмауынан әзер шықты. Ол киіз үйге кіріп, сыртқы киімін шешіп, дайын төсекке келіп жатты. Келіншегі мен ұлы пыс-пыс етіп ұйықтап жатыр. Әлекең ұйқысы ашылып кеткендіктен көпке шейін дөңбекшіп ұйықтамай жай ғана көзін жұмып жатты. Тағы да басын, сана-сезімін неше түрлі ойлар шырмап, қоршап алды. Солай жатып, бір кезде шаршап ұйықтап кетіпті. Түс көріп жатыр екен, түсі емес біртүрлі өңі сықылды. Түсінде: Доскей баласы ержетіпті дейді. Ұлы жарқырап «алтын тұлпардың» үстінде келе жатыр, қолында «алтын домбырасы» бар екен, оны халық қаумалап жан-жақтан қоршап алған. Халықтың ішінде біреу тұрып қасындағы бір адамға былай, - деп сыбырлап жатыр: анау аттың үстінде келе жатқан әнші жігіт Әлімбайдың Доскей деген баласы ғой! Өзінің ақындық, айтыскерлік өнері, қабілеті керемет дейді ғой! Екінші бір адам тұрып: халықта жоқ «алтын домбыра» мен «алтын тұлпарды» қайдан алған, - деп біреулерден сұрап жатыр. Әкесі қарапайым ғана шаруа адамы, қойшы болатын, баласын, ұрпағын қарашы қазақ халқына, Алты Алашқа танымал айтыскер ақын, әнші, балуан, сал-сері боп шыға келгенін көрмейсің бе, - деп қасында тұрған адамдарға сыбырлап,күбірлеп айтып жатыр. Үшінші біреу тұрып, Доскейдің ақындық өнері-халыққа ортақ алтын-қазына емес пе, - деп сыбырлайды.

Айтыскерлік, ақындық, жыршылық өнер - Алла-Тағаланың адам баласына берген ғажап қасиеті, тылсым күштің бір қыры болып табылады. Доскейдің бармақтай бағы, алтындай тағы, басына қонған бақыт құсы бар екен, Әлімбай әулетінің атын өшірмей, мыңдаған жылдарға, ғасырларға баратын ақындық өнері бар екен. Сармантай бабасының аруағы қолдап, атақ-даңқы жер жарып тұрған жоқ па? Ендеше, біз жер басып жүрген қарапайым пенделер пендешілікке салынбай, пыш-пыш деп ақынды өсек қылмай, қайта оның Құдай берген өнерін тамашалап, рухани ләззатқа бөленейік!

Сол кезде, Доскей ақын қолындағы «алтын домбыраның» тиегін саусақтарымен қағып-қағып жіберіп, саңқылдаған зор, қоңыр дауысымен жыр-маржанын төгіп қоя береді:

Өмір деген ағып жатқан су емес пе?
Өнер деген Алла берген бақ емес пе?
Алтын тұлпар, домбырамен келіп тұрмын,
Алты Алаштың Доскейі мен емес пе?

Байдәулеттің ұрпағы Доскей едім,
Жастайымнан өнер қуған сұңқар едім.
Құдай берген өнердің арқасында,
Үш жүзге мәлім болған Доскей едім...

Жастық шақта ағын судай тасынамын,
Сұлу қызды қамыс шөптей жапырамын.
Дұшпанға бас имеген алтын басым,
Ел-жұртымның қамын ойлап алаңдаймын

Доскей ақынның өнеріне жиналған жұрт таң-тамаша болады. Ол өзінің ақындық өнерімен бәрін баурап алды. Ақынды жан-жақтан қоршап алған халық: жарайсың Доскей ақын, нағыз халқын үшін жаралған өнер иесі екенсің. Аузың дуалы екен, өлеңдерің айтқан жыр-шумақтарың біздің жүрегімізге жылулық беріп, жанымызды жадыратып, көңіл-күйімізді бір көтеріп тастады. Жастық шағымызды еске алып, бір жасарып қалдық. Өнер тасың өрге домалап, өнеріңмен халықты қуанышқа бөлей бер деп ауылдың қадірлі ақсақалдары «ақ батасын» беріп жатты. Қаумалаған көпшіліктің ішінде Әлімбай да жүр. Ол да Доскейім, балам деп қанша айқайласа да оның дауысын ешкім естімейтін сияқты. Тіпті, қасында тұрған бір адамға мен Доскейдің әкесі Әлімбаймын десем де, ол адам да ештеңе естімеген адамдай меңірейіп тұр. Бір кезде, ол жанталасып, адамдардың арасынан Доскей баласына қарай ұмтылады, бірақ жете алмайды. Баласы сәйгүлік аттың үстінде отырып, домбырасымен ән салып, жазық далада халықпен бірге кетіп барады. Ол жападан жалғыз Сарыарқаның кең даласында қалып қойыпты. Олардың арттарынан барайын десе, аяқтары жүрмейтін сияқты. Тек айналайын ұлым, ботақаным мен саған ризамын, мен өмір бойы сенің халыққа танымал адам болғаныңды тілеген едім, сен сондай дәрежеге көтеріліп, өнеріңмен қазақ халқының ризашылығына бөленіп жүр екенсің. Мен саған ризамын, өмір бойы ырзамын, - деп қанша сөйлеседе, оның сөзін ешкім естімейтін тәрізді. Бір кезде, оянып кетсе, түсі екен. Әлекең түсін жақсылыққа жорыды. Әйелі мен баласы әлі ұйықтап жатыр. Ол орнынан тұрып, ақырын барып, баласының бетінен сүйді. Баласының ержеткенде өнер жолына түсеріне кәміл сенді, бүгінгі көрген түсі соған дәлел болып тұрғандай.

Киіз үйден сыртқа, далаға шықты. Күн шығып, жан-жағына нұрын шашып, арайланып тағы бір таң атып келеді. Үздіксіз айналып келе беретін күн мен түн. Арқаның самал желі соғып тұр. Ол кеудесін кере терең тыныс алды. Табиғат ананың осы таза, ғажап ауасын әлі қанша жұтар екен... Жер басып әлі қанша жылдар жүреді екен... Ықылым замандардан бері, небір хандар, батырлар, байлар, би-шешендер, небір хас сұлулар осы жарық дүниеден өтті. Жер бетін, адамзат баласын билеймін деген Ескендір Зұлқарнайын, Ақсақ Темір, Шыңғысхан да т.б. бұл дүниеден өтіп, о дүниеге кетіп, адамзаттың мәңгілік ұйықтайтын жер-ананың қойнауына мәңгілік әлемге кетті. Жер бетінде ешкім де мәңгілік ғұмыр сүрмейді. Мәңгілік тек бір Алла-Тағала ғана... Адамның тәні, екі көзі тірі кезінде ешнәрсеге тоймайды, қанағат қылмайды. Адам күнделікті жұтатын ауаға, ішетін суға, жарық күнге, жер-анаға мәңгілік қарыздар... Бір тамшы судан пайда болған, қара топырақтан жаратылған

пенде, өлгесін қайтадан топыраққа айналып шыға келеді. Әрбір адам күнделікті атқан таңға, күнге, жұтқан ауасына ризашылығын білдіруі тиіс. Әлекең де бүгінгі атқан таңға, шыққан күнге риза болып тұр. Аспанға қарап тұрып, иә Алла осы күніме, қарапайым тіршілігіме шүкіршілік қыламын, бүгінгі күніме сәттілік бер, Доскей баламның басына бақ құсы қонып, ғұмыр жасы ұзақ болсын! Ақындық өнерімен қазақ халқына танымал болсын, әумин, - деп екі қолымен бетін сипады. Есік алдында беті-қолын жуып, киіз үйге кірсе, әйелі оянып енді ғана төсегінен тұрып жатыр екен. Қап-қара көмірдей қалың шаштарын тарақпен тараған соң, есік алдына шығып, суық сумен беті-қолдарын жуған соң, таңертеңгілік тамақтың қамына кірісіп кетті. Киіз үйдің алдындағы пешке құрғақ тезектерді салып, шырпымен тұтатып от жақты. Пештің мұржасынан көк түтін будақ-будақ етіп шығып, аспанға қарай көтеріліп, ауаға сіңіп жоқ болады. Үндемес темір шәйнекке суық су құйып, пештің үстіне әкеп қойды. Одан кейін киіз үйдің ішіндегі дөңгелек үстелдің үстіне дастархан жайып, үстіне арнайы ыдысқа салынған сап-сары алтындай домалақ бауырсақтарды әкеп қойды. Сары май, қант, мейіз, өрікте қойылды. Жарты сағаттың ішінде пештің үстіндегі шәйнектегі суда қайнады. Шыны ыдыстан жасалған аққұманға екі-үш қасық шай салып. Оған ыстық су құйып, 2-3 минутқа бұқтырып қойды. Әйелінің әрбір қимылын Әлекең екі көзімен ақырын ғана бақылап отыр. Әйелі күйеуінің бақылап отырғанын байқап, жігітім саған не болған? Қатын көрмегендей, мені екі көзіңмен шешіндіріп, тесіле қарағаның не? Саған не болған, - деп күйеуіне жымия қарады. Сенің сұлу дидарына, қыпшадай беліне, әдемі мүсініне күнде қарасамда бір тоймай-ақ қойдым. Өзін ғажап сұлу екенсің, табиғатта саған мұншалықты сұлулықты сыйлай салыпты. Бір өзінді 100 мың қыздың ішінен таңдап алған жоқпын ба? Күн өткен сайын қызыл түлкідей құлпырып, сұлуланып, ажарланып келесің. Сендей аруды таңдағаным өзіме риза болып отырмын, - деп мәз-мейрам боп күлді. Мәссаған, шынында саған не болған? Өз әйеліне өзін ғашық болып, таң атпай маған ғашықтық сөздерді айтып отырсың. Кейінгі кездері түнде дұрыс ұйықтамай, құс ұйқы болып жүрсің. Түн уақытысында тұрып алып, аспандағы жұлдыздармен көп сырласасың. Сол уақытта сені жындар қағып кетіп, ақыл-есінен айрылып қалған жоқсың ба, өйткені бетіндегі әжімдерін көбейіп, екі көзін қызарып, сүзеген бұқаға ұқсап отырысын мынау, - деп келіншегі маржандай түп-түзу ақ тістерін көрсете, екі көзі күлімдеп, шек-сілесі қатқанша күлді. Мен саған бұқаның қандай екенін түнде көрсетемін, - деп Әлекең әйеліне қарап жымиды. Екеуінің арасындағы әдемі қалжың, қағытпа, шымшыма сөздер, екеуінің де көңіл-күйлерін әжептәуір көтеріп тастады. Сондай тамаша көңіл-күймен таңғы тамақтарын, шайларын ішті. Әлекең жұмыс киімдерін киіп, сыртқа шықты. Албардың есігін ашып, отар қойды жазық далаға, өріске қарай ақырындап айдай бастады. Өзі аттың үстінде жайбарақат келе жатыр. Жадыраған жаз айлары өтіп, күз айы да келіп жетті. Жасыл шөп түсін өзгертіп, сарғая бастаған. Ағаштардың басындағы алтын жапырақтар сарғайып, біртіндеп жерге түсіп жатыр. Ағаштардың ұзын-ұзын бұтақтары содиып-содиып жалаңаштанып тұр. Сарыарқада алтын күз. Қазақтың кең даласы алтынға айналып кеткендей сап-сары боп жылтырап жатыр. Жер-ана жасыл көрпесін алтын көрпеге айырбастап алғандай. Көк аспанда қаз-қатар тізілген жыл құстары жаз айының өткенін білдіргендей, жылы жаққа қалықтап

ұшып барады. Жыл мезгілдері: көктем, жаз, күз, қыс айлары қайталанып келе береді. Ал, адам баласының ғұмыры, өмірі біреу-ақ! Неге адам баласының өмірі де жыл мезгіліндей қайталанып келе берсе ғой шіркін, - деп Әлекең іштей ауыр күрсінді. Жер-ана да қартаю, жасару механизмдері бар. Ал, адамда тек қартаю механизмі ғана жұмыс істейді. Ана жатырында аталық ұрықпен аналық жұмыртқа бір-бірімен кездескен, шағылысқан сәттен бастап, жатырда пайда болған нәресте бойында қартаю процесі басталады. Оның сырын ешкімде білмейді. Бұл құпия тек бір Аллаға ғана аян... Әрбір түн, күн алма кезек өткен сайын адам қартая береді. Міне, Әлімбайда өзінің күннен-күнге қартайып келе жатқанын айқын сезінеді. Бетіндегі әжімдері көбейіп, таудағы қатпар тастардай қатпарланып, тереңдеп келеді. Бойындағы күш-қуаты әлсіреп, өзін қарт, шал адамдай сезінеді. Күннен-күнге денесін ауыр салмақ басқандай, денесін эзер көтеріп, сүйретіп жүр. Жүргенде екі аяғының буындары сыздап, сықырлап эзер-эзер жүреді. Күлейін десе күле алмайды, көңіл-күйі аяғына түсіп кетіп, шабыты, көңілі бір көтерілмей-ақ қойды. Шіркін, дәурен-ай десеңізші Құдырет иесі оған екінші рет өмір сыйласа, ол ғұмырын басқаша сүр ер ме еді, кім біледі?... Бірақ, адам баласы 100 жыл, 500 жыл, 5 мың жыл, 100 мың жыл өмір сүрсе де, осыншама ұзақ жылдың өзі оған тым аз боп көрінетін шығар. Қызғанышпен, көре алмаушылықпен, іштарлықпен, біреудің өміріне, байлығына, мансабына қызығумен өткен өмірдің де ешқандай мән-мағынасы жоқ тәрізді. Жер-ана адамның байлығына қарамайды, ол бай-кедей, патша, президент, батыр, сұлу, - деп қарамайды. Жер-ана өлген адамды қара топырақ құшағына жұта береді, жалмай береді... Миллиондаған жылдар ішінде жер-ана миллиардтаған адамзат баласын топырақ астына көмді. Уақытша жер басып жүресің, уақыты келгенде, жердің астында қаласың. Аспандағы жарқыраған күнге, жұтқан ауаға, ішкен суға, әдемі ару қызға, табиғаттың дархан даласына, таңғажайып сұлулығына, мөлдір махаббатқа, ыстық сезімге, көк аспандағы ақша бұлттарға не жетсін, - деп Әлекең терең ойға шомды. Бір Алла адам баласына жер бетіндегі сұлулықты көрсін деп екі көз, сөйлесін деп қызыл тіл, айналадағы сан-алуан дыбыстарды естісін,- деп екі құлақ, жақсы хош иісті сезсін,- деп мұрын, табиғаттың таза ауасын жұтсын,- деп өңеш, өкпе, дене мүшелерін берді. Жақсы мен жаманды айырсын, өмірде ақымақ, надан, ұятсыз болмасын деп ақыл-парасат, сана-сезім берді. Құдай адам баласына бәрін берген. Неге, біз сол Алла берген қарым-қабілетті, мүмкіншіліктерді дұрыс, орнымен пайдаланбаймыз? Неге өмірде адасамыз, қашанда бір нәрсеге көңіліміз толмай жүреді, көптеген қателіктерге жол береміз, кей кездері ашумен, ақымақтықпен қаншама, жазықсыз адамдардың көңілін қалдырамыз, - деп Әлекең өз-өзіне сауал қойды. Мен адассам да, менің Доскейім бұл ғұмырда адаспауы тиіс. Өмірімнің жалғасы, Әлімбай әулетінің де атын шығарар осы ұлым... Түсімде Доскей балам жайлы неше түрлі жақсы түстер көріп жүрмін. Бұл да болса, жақсылықтың нышаны шығар... Бір ұрпағым ақындық өнер жолына түссе, болашақта қазақ халқының құрметіне бөленіп жатса, әкеге бұдан артық қандай бақыт керек. Оның денесінде менің қаным бар. Бойында ақылы, өнері, ар-намысы бар азамат түптің түбінде бір жерді тесіп шығады. Мен баламның бойынан осы жақсы қасиеттерді көремін. Түсімде Доскейімнің алтын тұлпардың үстінде келе жатып, қолындағы алтын домбыраны шертіп, ән салуы тегін емес...

Көк аспандағы алтын күннің жарқырап, жер-ананың өзінің кіндігінде айналып тұрғанына да 5 миллиард жыл болыпты... Неткен ұзақ уақыт десеңізші... Ал, мынау шексіз он сегіз ғалам, күшті жарылыс пен кішкентай нұрдың қозғалысынан бұдан 18-20 миллиард жыл бұрын пайда болыпты. Әртүрлі химиялық элементтердің қосылуынан, күннің, жарықтың, нұрдың, судың бір-біріне әсер етуінен жер бетінде біртіндеп тіршілік иелері пайда болыпты. Сонда барлық тіршіліктің негізі-нұрдың жылулық қозғалысы мен химиялық элементтер. Қоршаған ортаға, табиғатқа уақыттың ешқандай әсері жоқ сияқты Уақытқа тәуелді, бағынышты тек жер бетіндегі адам баласы және басқа да тіршілік иелері. Уақытта абстрактілік, философиялық ұғым. Шексіз кеңістікте, ғаламшарлар мен жұлдыздарда уақытша деген нәрсе ешқашанда болмайды. Мәңгілік қайталанып келе беретін табиғи, химиялық өзгерістер табиғаттың өзгермейтін бір басты заңдылығы, негізгі ережесі, пастулаты... Жер-ана өзінің кіндігінде миллиардтаған жылдар бойы айналып тұра береді. Тек мыңдаған, миллиондаған жылдар ішінде жиі-жиі өзгерістерге ұшырап, әрқилы тарихи оқиғаларды басынан кешіп, неше түрлі тарихи, қоғамдық, дәуірлік кезеңдерді, танымдық, сана-сезімдік сілкіністерді басынан өткізетін тіршілік иесі-жер бетіндегі адамзат баласы. Ер адам әйелмен жыныстық қарым-қатынасқа түскенде, еркек 200 миллиондай аталық ұрық бөліп шығарып, соның ішінде біреуі, кейде екі-үшеуі ғана аналық жұмыртқаның ішіне кіріп, ана жатырында жаңа өмір басталады. Сонда табиғаттың сұрыпталу заңдылығы бойынша: миллиондаған аталық ұрықтың ішінен ең белсендісі, күштісі, еті тірісі ғана өмір сүруге құқылы боп шығады. Бұл да табиғаттың біз білмейтін бір құпиясы болып табылады. Қоршаған әлем, жер-ана, күн бізге жұмбақ болса, жер бетінде тіршілік етіп жатқан әрбір жан иесі де құпия. Адам баласын жұмбақ қып тұрған оның денесі, сыртқы келбеті емес, ол адамның ақыл-парасаты, ішкі жан әлемі, энергетикалық күш-қуаты, танымдық сана-сезімі.

Аттың үстінде келе жатқан Әлімбай осындай ойлардың тұңғұйығына батып, санқилы ойдың шырмауында шырматылып қалған сияқты. Оның өмірлік ұстазы - табиғат-ана. Ол мұндай философиялық ойларды, Сарыарқаның жазық даласынан, желінен, аспандағы күннен, табиғаттың сұлулығынан, ару қыздың әдемі, сынғыр күлкісінен алады. Әлекеңе дүниенің байлығынан, алтын мен ақшадан, мансап пен қызметтен де артық, бағалы нәрсе бар, ол адамның өмірі, денсаулығы, білімі, өнері, пенде бойындағы ар және намыс.

Жер бетіндегі адамзат баласының бәрі бірдей. Адамның бір-бірінен айырмашылығы олардың мінез-құлқында, ақыл-парасатында, білімінде, өнерінде т.б. Қарапайым адам өмірін мәнді, мағыналы, қызықты қып тұратын нәрсе-ақыл, білім, өнер, адам бойындағы рухани байлық. Кез келген адамның тәні, денесі, дене мүшелері уақытша ғана өмір сүреді. Ендеше, кез келген адам организмнің мүмкіншіліктерін, қабілеттерін біртіндеп аша отырып, оны өмірде дұрыс пайдалана білу қажет. Ақыл-парасат Алла-тағаланың адамзат баласына берген үлкен сыйы. Ақыл өте зор энергетикалық күшке ие, ол арқылы Он сегіз мың ғаламның жаратылысын, заңдылығын білуге болады. Жер-ана адамзат баласын миллиондаған жылдар бойы асырап келеді. Жер адамның туған анасындай болса, ал аспандағы алып күн оның әкесі сияқты. Адам жер бетінің қожайыны, патшасы. Жер бетіндегі

төрт түлік мал, басқа да жануарлар, әртүрлі құстар, топырақтан өсіп шығатын жеміс-жидектер оның күнделікті азығы. Адам аспандағы күннің жарығын, жылуын пайдаланады, таза ауаны құмарлана жұтады, мөлдір суды тамсана ішеді, малдардың етін өзіне азық қылады. Өзіне қажетті нәрсенің бәрін қоршаған ортадан, табиғаттан алады. Жарық дүниеге келген пенде 80-100 жыл өмір сүріп, одан кейін өзін жаратқан топыраққа барып, қайтадан топыраққа айналады.

Аттың үстінде келе жатқан Әлімбай осындай неше түрлі ойларға беріліп келе жатып, бір күні өзінің де өліп, қасиетті қара топыраққа айналатынын жақсы біледі. Ол өз өмірінің мәнді, мағыналы болғанын қалайды. Оның бар байлығы артында қалар ұрпағы. Әлекең ешқашанда байлық пен мансапқа, лауазымды қызметке қызыққан емес. Байлық пен қызмет қолдың кірі. Жер бетінде дәурені жүріп, сән-салтанат құрып, алтын-қазынасы, асыл тастары тау-тау боп үйілген хандар мен патшаларда жер-ананың қойнауына, о дүниеге жалаңаш денесімен кеткен жоқ па? Сондықтан да, оның күндіз-түні ойлайтыны Доскей баласының болашағы, ақындық өнері... Сол баласы өскенде, халқына танымал өнер иесі болса, оның өмірлік арманының орындалғаны. Өмірде: ақылдан, білімнен, өнерден биік, мәңгілік ешнәрсе жоқ.

Жер-ана өзінің кіндігінде тоқтаусыз айналып тұр. Мәңгілік уақытта тоқтау жоқ. Әлімбай мен Үндемес күнделікті тіршілік қамымен, қыбыр-жыбырмен жүріп, бірнеше жылдың қалай зыр етіп өте шыққанын сезбейде қалды. Өне-міне дегенше Доскей баласы 13 жасқа толды. Ұлы ақылды, өнерлі, намысқой, тәрбиелі боп өсіп келеді. Қолына әкесінің қоңыр домбырасын алып, небір қисса, дастан мен батырлар жырын жатқа айтқанда, әке-шешесі оны зейінмен, ықылас қойып тындайды. Әсіресе, қыс айларының аязды, боранды күні олардың ермек қылатыны осы Доскей баласының өнері. Қыстың суығына тоңып, малдарға жем-шөп беремін, - деп қара жұмыстан шаршап-шалдығып, қажып, көңіл-күйі табанына түсіп кеткен Әлекең, кешкі тамақтан соң, жұмсақ көрпеге жантая кетіп, Доскей айтқан батырлар жырын, қисса-дастандарды түн ортасына дейін, кей күндері таң атқанша құмарлана тындайды. Көңілі босап, екі көзден ыстық жас тоқтамай ағады. Сондай кезде, ішкі жан-дүниесі кір-қоқыстан, ішкі күйік пен қайғыдан, шерлі мұңнан тазарып, жан әлемі аспандағы күндей жарқырап шыға келеді. Көңіл-күйі көтеріліп, бойындағы рухы күшейіп, ішкі әлеміне көктем айы туып, жастық шақтың күш-қуаты үздіксіз құйылып жатқандай сезінеді. Сондай сәтте арайланып атып келе жатқан күн нұрының қызыл шуағын көріп, орнынан жас жігіттей лып етіп атып тұрып, ширығып шыға келерін қайтерсің. Шаршап-қажығанын ұмытып, бойы сергіп, өзіне қайтадан жастық шағы қайтып келгендей, ыстық жүрегі балықша тулап, жасарып кеткендей ерекше бір сезімді, көңіл-күйді бастан кешеді. Баласының өнерлі боп өсіп келе жатқанына мыңда бір тәубешілік қылады. Содан кейін, қайтадан мал жайғауға кетеді. Кешке қарай үйіне келген соң, баласына «мың бір түн» кітабын оқытады. Бір күн батырлар жырын, екінші күн «ғашық-нәме» дастандарын, үшінші күн «қисса-дастандар, төртінші күн «батырлар» жырын қайтадан жырлатып қойып, әйелі екеуі қайтадан шексіз рухани ләззатқа бөленеді.

Жасы 13-ке келген Доскейдің жүріс-тұрысында, сөйлеген сөзінде, болмыс – бітімінде асыл тектілік, бекзаттық қасиет байқалады. Бала болса да әр сөзді ойланып

алып сөйлейді. Бойынан ақыл-парасат пен намысқойлық қасиеттер айқын сезіледі. Жасы 13-ке енді ғана келсе де, сөйлеген сөздері таудың тастарындай кесек-кесек жатыр. Бойы-бойшаң. Басындағы шаштары қап-қара, көздерінің үстіндегі қабақтары қалың, домалақ келген екі көздерінен от ұшқындап тұрғандай. Көзі өткір, отты жанарымен адамға тік қарайды. Білмейтін адам оны 13-те емес, он алты, он жетіге келген бозбала жігіт, - деп ойлап қалуы мүмкін. Күндіз-түні, күні бойы кітаптан бас алмайды, кітап десе ішкен асын жерге қояды. Тіпті, білтелі май шамның жарығымен түннің ортасына дейін батырлар жырын, қазақ ертегілерін бас алмай оқиды. Батырлар жырын жай ғана оқып қана қоймай, екі-үш қайталап оқығанда, мықты есте сақтау қабілеті мен зейіні арқасында батырлар жырын тұтастай жаттап алып, миына тоқып алады. Бір жаттағанын ешқашанда ұмытпайды. Сол жаттаған жырын кешкілік әке-шешесіне домбыраны шертіп отырып айтқанда, Әлімбай мен Үндеместің қуанғандарынан төбелері көкке екі елі жетпей қалады. Болашақта Доскей баласының қазақ халқына әйгілі, танымал айтыскер ақын болатынына көздері жетіп отыр. Тек бір Құдай адамдардың тіл-көзінен сақтасын, - деп екеуі іштей тілейді.

Далада қақаған қыс айы. Сарыарқаның жазық даласы мамықтай жұмсақ ақ көрпеге оранып алған. Апталап соққан алай-түлей боран ауыл адамдарының зәре-құтын алып, әжептәуір үрейлендіріп, қорқытып тастаған. Қыс-патшасы қаһарына мініп, қалың мұз басқан қабағынан үскірік жел соғып тұр. Суық пен аяз адамдарды тоңдырып, екі аяқтарын бір етікке тығып, бүрсеңдетіп қойған. Адам баласы қандай ақылды, күшті, айлакер, батыр болса да, табиғат алдында қандай дәрменсіз, әлсіз десеңізші...

Әлімбай таңертең киіз үйінен шығып, сиырлар мен қойлар тұрған қораға қарай беттеді. Далада алай-түлей боранның, ұйытқи соққан күшті желдің әсерінен түк көрінбейді. Ол әзер дегенде, малдар тұрған қораға әзер дегенде жетті-ау! Қойлар мен қозылар аш, маңырап тұр. Мал қораға кірген Әлекеңді көрген қойлар одан сайын мә-мә, - деп маңырап, шулап қоя берді. Бір отар қой мен сиырларға шөп салып, сиырлардың астын тазалау оңай жұмыс емес. Қора алдындағы төбе-төбе боп үйілген мая шөптен ағаш шанамен шөп тасу қияметтің қияметі. Оның үстіне түк көрінбейтін боран соғып тұрса... Маяның алдындағы қалың қарды күрекпен тазалап алған соң, ол біртіндеп ағаш шанаға шөптерді тиеп, қойларға шөп таси бастады. Қойлар қомағайлана шөпке бас салды. Ол маяға келгенше, боранның әсерінен аршыған жерін қайтадан қар басып қалады. Ағаш күрекпен қайтадан қалың қарды тазалайды. Шөпке жеткесін темірден жасалған шөп суырғышпен шөпті суырады, оны айырмен ағаш шанаға салып, тасиды. Қатты боран көзін аштырар емес. Ыңғайсыз болғандықтан, үстіндегі қалың тонды шешіп тастады. Тасып жатыр, тасып жатыр, қанша уақыт тасығанын өзі де білмейді. Қызып алған денесі суық пен боранды сезер емес, тек қана екі қолының саусақтары суыққа тоңып, үси бастады, қасарысып икемге келмей барады. Күн қараңғылана бастады. Бірақ, боран басылар емес, одан сайын күшейіп, жындана бастаған бурадай аузындағы ақ көбігін оңды-солды шаша бастағандай. Әлекең өзін дозақтың отына түсіп кеткендей сезіне бастады. Бұрынғы жастық кезіндегідей күш-қуат жоқ. Бірақ, намысқа тырысып, жанталаса жұмыс істеп жүр.

Сол күні өзінің үйіне эзер жетті. Шаршағандықтан жолшыбай аяқтарының буындары ұстамай, төрт-бес рет құлап қалды. Киіз үйінің есігін ашып, босағаға сүйкеніп отыра қалды. Оның мұндай түрін көрген Үндемес пен Доскей баласы қатты шошып кетті. Келіншегі күйеуінің үстіндегі су-су болған киімдерін шешіп, үстіне құрғақ таза киім әкеп кигізді. Оны эзер дегенде, төсекке әкеп жатқызды. Әлекең үскірік бораннан, суықтан, аяздан бойына суық тигізіп, аяқ-қолдарын үсіріп алыпты. Әйелі күйеуінің аяқ-қолдарын ысқылап, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Күйеуіне кесеге құйылған ыстық шай әкеп, оның аузына тосты. Ол аз-маз шай ішті. Бірақ, тамаққа деген ешқандай тәбеті жоқ. Қалың көрпені жамылып жатқан Әлекеңнің денесінің қызуы көтеріліп, одан сайын әлсіздене бастап, денесі дір-дір, қалш-қалш етеді. Екі көзі жұмулы. Көздерін ашуға шамасы жоқ. Тек әлсін-әлсін ыңқылдап қояды. Үндемес пен Доскей Әлекеңнің қасынан шықпайды. Екеуі де қатты үрейленіп қалған, беттері бозарып, не істерлерін білмей сасқалақтап қалғаны анық байқалады. Әсіресе, Үндеместің денесін қорқыныш сезімі билеп алған. Әлекең ешқашан бұлай қатты ауырып көрген емес. Осы шаңырақтың, жанұяның тірегі, асыраушысы Әлекең. Күйеуі олай-бұлай болып кетсе, болашақ тағдырлары қандай болмақ? Өмірде алдарында не күтіп тұр екен? Доскей болса әлі жас, буыны қатая қойған жоқ, әрі қарай қалай өмір сүрмек... Әлекеңнің ыстығы көтеріліп, дене қызуы басылар емес. Әйелі оның аузына әлсін-әлсін шай және жылы су тамызады. Түннің ортасында екі көзін ашып, оң жақ қолының саусақтарын қозғап, төрдегі кілемде ілулі тұрған домбыраны ал дегендей Доскей баласына үнсіз ымдады. Баласы әкесінің көз жанарындағы ойын бірден түсінді. Баласы орнынан тұрып, төрдегі кілемде ілулі тұрған домбыраны алып, Ер Қосай жайлы батырлар жырын бастап кеп жіберді. Доскей жырды айтқан сайын, арқасы қозып, бәйгеге қосылған сәйгүлік аттай зуылдап барады. Әкесі екеуіне жымия қарап, өзінің ризашылығын білдіріп жатқандай. Доскей таң атқанша жырлай берді. Екінші тынысы ашылғандай, ерекше бір шабытпен жырлап отыр. Небір сөз маржандарын ағыл-тегіл төгіліп жатыр. Біртіндеп арайланып таң атып келе жатыр. Доскей әкесіне қараса, екі көзі жұмулы, Үндемес қасында үн-түнсіз жылап отыр. Жаста болса, баласы бәрін түсінген сыңайлы. Әкесіне жақындап қолынан ұстап еді, қолдары мұп-мұздай суық екен. Әлекең күлімсіреп жатып, баласының ақындық өнеріне риза болып, о дүниеге жүріп кетіпті. Ол шешесіне қосылып, көңілі босап, өксіп-өксіп жылады. Ұлы асқар таудай болған әкесінен айырылып қалса, жұбайы Құдай қосқан күйеуінен мәңгілікке айырылды. Түске қарай, Әлекеңнің қайтыс болғанын естіген ауыл адамдары келіп, көңіл айтуға үйіне қарай ағыла бастады. Киіз үйдің іші ауыл адамдарына лық толды. Ауыл молдасы келіп, марқұмды жерлеудің рәсіміне кірісіп кетті. Ауыл адамдары Әлімбай марқұмның ақ матаға оралған денесіне қарап, ұзақ жылады, екі күннен кейін марқұмды жер-ана қойнына мәңгілікке берді. Әлімбайға арнап, ауыл молдасы құран бағыштады. Әлімбайдың тірі кезінде жақсы, адал, адамға мейірімді адам болғанын, ән салу өнеріне өте жақын болғанын және ауыл адамдарына көп жақсылық жасағанын айтып, ауыл адамдары үйлеріне тарады. Үндемес пен Доскейдің жылай-жылай көздері ісіп кетті. Жай пенде тірі кезінде дүниенің қызығына тоймаса, жер-ана адамзат баласына тоймайды. Жарық дүниеге адамдар бір-бірлеп келеді, уақыты келіп дәм-тұзы таусылғанда бір-бірлеп өліп, жарық

дүниемен қоштасып, қараңғы көрге барып, мәңгілік ұйқыға кетеді. О дүниеден қайтып келген адам жоқ. Топырақтан жаратылған жан топыраққа қайтып барады. Әлекең марқұм енді мындаған, миллиондаған, миллиардтаған жылдар бойы мәңгілікке ұйықтайды. Бұл табиғаттың қатал, өзгермес заңы, оны ешкім өзгерте алмайды. Бәрі Құдірет иесінің әмірімен болып жатқан нәрселер...

Әкесінен жастай айрылған Доскейдің көңілі құлазып сала берді. Бойын, жан-дүниесін селқостық басты. Бір жылдай мең-зең болып, өмірден түңілген адамдай күй кешті. Ешнәрсеге зауқы жоқ, ешнәрсеге қызықпайды, бойындағы өмірлік күш-қуаты бір жаққа кетіп қалғандай. Оған өмір сыйлаған әкесі енді мәңгілікке жоқ. Әкесін ойлай-ойлай жүдеп, арықтап, уайым-қайғыдан азып кетті. Солай селсоқ жүрген күндері, түсіне әкесі жиі-жиі кіретін болды. Ренжіген қалпында, баласына ұзақ қарайды. Кей кездері әкесі екеуі бір-бірімен ұзақ сөйлеседі. Балам, бұлай селсоқ жүргенің жарамайды, ақындық өнеріңді әрі қарай жалғастыр, ақындық өнеріңмен халқына танылатын бол, бұл саған тапсырған, жүктеген әкелік «аманатым», осыны ұмытпа, - деп Доскейге екі қолын жайып, ақ батасын береді. Осындай түстерден кейін, Доскей бойкүйездіктен, уайым-қайғыдан арылып, бойындағы намыс-күші оянып, өмірге жақсы бір көзқараспен қарай бастады. Тұла бойында өнерге, ақындыққа деген құштарлығы оянып, ақындық өнерге дұрыстап ден қоя бастады. Әкесінің «ақындық өнерді» биік деңгейге көтеру, саған жүктеген «әкелік аманатым» деген сөзі бала Доскейдің ыстық жүрегіне мәңгілікке сақталып қалды. Ол әке «аманатын», қазақ халқының оған жүктеген «аманаты» деп ұқты. Сол үшін ақындық өнерді жоғары деңгейге көтеру үшін күндіз-түні кітап оқып, тиянақты білім игерудің алтын жолына түсті. Доскейдің өмірлік мақсаты айқындалды, өзінің осы жарық дүниедегі арман-мүддесін жүзеге асыру үшін күресуге, талпыныс жасауға белін бекем буды. Ақындық өнер жолында алдында небір асулардың, қиындық-бөгеттердің, пенде адамдардың қызғанышы, көреалмаушылығы, сатқындықтың небір «қиямет-қайымы» тұрғанын ақындық жүрегімен айқын сезінді. Алайда, сонымен қатар ақындық өнердің, өмірдің жолында-махаббат қызық мол жылдар, сал-серіліктің отты, қызықты, мәнді жылдары, қазақ сұлуларының әдемі бейнесі, отты-сұлу жанарлары алдағы болашақта қол бұлғап тұрғанында бала жүрегі сезіп тұрғандай болды. Оның ендігі өмірлік мақсаты, арманы «халықтың, әке аманатын» орындау қажет болды. Ол қазақ халқына, Алты алашқа дарынды, қабілетті ақын болып танылуы тиіс. Ондай мақсатқа қол жеткізу үшін, оған терең білім және еңбекқорлық, табандылық, қайсарлық және жігіттік ар-намыс қажет. Доскей халық ауыз әдебиетінің мол мұраларын, айтысқа байланысты кітаптарды бас алмай оқи берді. Кітапты көп оқып, білім дәнін зердесіне көп тоқыған сайын, оның жүрегіндегі көкірек көзі ашылып, сана-сезімі, ақыл-парасаты биік дәрежеге көтеріле бастады. Қолшамның жарығымен түннің ортасына дейін, неше түрлі батырлар жырын оқыса, ал күндізгі уақытта қолына киелі домбырасын алып, түнде оқыған жыр - дастандарды қайталап, жатқа айтатын болды. Зейіні, есте сақтау қабілеті өте күшті. Бір оқыған нәрсесін, сол мезетте жаттап алады. Түн ортасында далаға шығып, аспандағы ай мен жұлдыздарға қарап, олармен сырласады. Сол миллиардтаған жұлдыздардың арт жағында не бар екен, бұл жұлдыздар қай кезде жаралған екен... Жалпы, адам және өмір дегеніміз

не? Неге адамзат баласы жер бетінде уақытша ғана өмір сүреді, мәңгілік өмір сүрсе не болады дегендей, неше түрлі ойларға беріледі. Алла тағала жер бетінде адамзат баласын не үшін жаратқан? Өмірдің мәні неде? - деп ойлайды. Ақыл–парасат, білім, ғылым, өнер Алла тағаланың адам бойындағы ерекше бір көрінісі сияқты.

Бір күні Доскей бала, ұйықтап жатып, түс көреді: Көктем айы. Жер-ана құлпырып, түрлене түскен. Жердің беті толған қызыл, жасыл, әдемі гүлдер. Көк аспан шайдай ашық. Аспанда алтын күн жарқырап, жер бетіне нұр шуағын төгіп тұр. Доскей Сарыарқаның жазық даласында жалғыз өзі келе жатыр. Ол табиғаттың сұлу көрінісін тамашалап келе жатыр. Көңіл-күйі көтеріңкі. Туған жердің, таза ауасын жұтқан сайын, көкірегін қуаныш, бақыт сезімі көрнейді. Көк аспанда қалықтап ұшқан құстар, олардың салған әндері қандай керемет! Бір кезде алдынан ұзын тұра келген, ақ сақалы бар, батыр тұлғалы өте келбетті бір абыз қария шыға келеді. Жүзі таныс. Өзіне біртүрлі күлімсіреп қарайды. Мәссаған! Мынау алдымда тұрған Шындәулет Сармантай бабам ғой! Бабасына екі қолын беріп, сәлем берді. Айналайын, сен Әлімбаидың текті баласы Доскей емессің бе? Сен өнерлі, ақылды, намысқой боп өсіп келе жатқанын жақсы білемін. Өскенде халқына танымал айтыскер ақын болғанды қатты армандайды екенсің. Құдай қаласа, ол арманына қол жеткізесің. Мен саған тиесілі еншінді, асыл мұранды әкеп тұрмын. Соны қабылдап ал, - деп оған алтын тұлпар мен алтын домбыраны сыйлайды. Өзі Доскей баланы демеп, алтын таққа кеп отырғызып, қолына алтын домбыраны ұстатады. Ал, менің Доскейім, енді сенің басына бақыт құсы келіп қонды. Сен болашақта аузы дуалы, халқына танымал, сегіз қырлы, бір сырлы айтыскер ақын боласың. Алла тағала саған ақындық өнерді берген екен, сол өнерді бағалай біл! Осы өнер жолында мен саған өзімнің ақ батамды беремін, әумин, - деп екі қолын жайып, ақ батасын беріпті де, көзден ғайып болыпты. Оянып кетсе, түсі екен. Сол көрген түсі, Доскейге қатты әсер етті, өмір жолын саралап берген бағыт-бағдар болды.

Биылғы жыл Доскей баланың сана-сезімінде, жан дүниесінде мәңгіге сақталып, бала жүрегіне шер-мұң боп қалды. Сол жылы өмірінің мәні болған, Асқар таудай әкесінен айрылып қалғаны, ыстық жүрегіне қатты батты. Одан кейін оның өмірінде қиын, ауыр кезеңдер басталды. Балалық шағымен қош айтысып, ересек өмірге қадам басты.

Досмағанбет деген бауыры енді ғана 1 жасқа толған еді. Оның туған інісі Үндемес шешесінің омырауынан әлі толық шыға қоймаған кезі.

Өмірдің қиындығы мен тауқыметі оны ерте есейтті. Шешесі омырауындағы сәбиімен ешқайда шыға алмайды. Үйдегі еркек кіндіктің үлкені - Доскей. Сондықтан, ол әке орнын жоқтатпай, шешесі мен туған бауырын асырау үшін еңбекке ерте араласты. Оның жүрегі түкті, тұла бойы толған намыс еді. Бала болса да, ақыл-парасаты мен сана-сезімі өте жоғары деңгейде болатын.

Қоңырбай оны қара жұмысқа салды. Базда тұрған бір отар қойға шөп салу, су беру, жем салу, басқа да әртүрлі ауыр жұмыстарды атқару соған жүктелді. Үндемес туған баласын аяғанмен, қолдан келер дәрмен жоқ. Шешесінің жүрегі қан жылайды, емшектегі баласын емізіп отырып, екі көзінен ыстық жас парлап ағады. Доскей баласының ертеңгі болашағы не болар екен? Әкесінен ерте айырылды, бесіктен белі шықпай жатып, бір байға жалшы болып жұмыс істеп жүр. Бұл өмірде әділетсіздік

деген көп екен ғой! Осы өмірдің қиындығын, ауыртпашылығын, тауқыметін Әлімбай әулетіне үйіп төккені несі екен? Жақсы көретін күйеуі, жолдасы қайтыс болып, жастай жесір келіншек атанды. Бір баласы 13-те, екінші баласы әлі 1-ге тола қойған жоқ. Ендігі балаларының тағдырлары не болмақ? Осы балаларымды біреуге жалшы болып қара жұмыс істесін, - деп жарық дүниеге әкелдім бе? Енді не істесем екен? Бұл тығырықтан шығар жол бар ма? Үндемес сары-уайымға беріліп, әбден жүдеп кетті. Әйел адамның жолы жіңішке деген осы шығар...

Бірақ, Доскей баласы ешнәрсеге басын иер емес, өте қайратты, жігерлі, ширақ. Күні бойы аязға, суыққа тоңып, қара жұмыстан қатты шаршап, титықтап келсе де, ешнәрсеге қыңқ демейді. Бірде аш, бірде тоқ жүрсе де, шешесінен қыңқылдап тамақ сұрамайды. Қайта өзін үлкен жігіттей ұстайды. Анасының берген тамағын ішіп алған соң, қолына батырлар жырын немесе мың бір түн кітабын алып, одан бас алмай оқып отырғаны. Арасында қолына киелі домбырасын алып, анасына небір қисса-дастандарды, ғашықтық жырларды түннің бір уақытына дейін жатқа айтып жырлағанда, Үндемес шаршағанын ұмытып, бір мезгіл уайым-қайғыдан арылып, көңіл-күйі көтеріліп, бір серпіліп, жан-дүниесі жаз айындай жадырап шыға келеді.

Доскей бала бір жылға есейіп, 14 жасқа қадам басты. Ол көктем мен жаз айларын ерекше жақсы көретін. Қыс патшасы қаһарынан қайтып, мұз тағынан түсіп, оның орнына кеп көктем-патша келіп отырды. Далада сай-саладан су ағып, жер-ананың бетінен қар мен мұз кетіп, табиғат-ана ширығып, түрленіп, құлпырып 16-дағы арудай құлпырып шыға келді. Жер бетіне неше түрлі шөптер, гүлдер, өсімдіктер шығып, табиғат-ананың өте көркем, жас сұлу қызға айналып шыға келгені Доскей баланың жан-дүниесіне қатты әсер етті. Оның көңіл-күйі көтеріліп, ішкі жан әлемін қуаныш, шаттық сезімі билеп, рухы көтерілді, өмірге деген құлшынысы артты. Шіркін, табиғат-ананың жусан, гүл иісі аңқыған ғажайып таза ауасы-ай! Қазір Доскей баланың жан-дүниесі көктем табиғатындай тап-таза, таудың бұлағындай мөп-мөлдір, қыста жапалақтап жауған ақша қардай аппақ!!! Ересек адамдардың қарым-қатынасында кездесетін бір-бірін көре алмаушылық, іштарлық, қызғаныш, өзімшілдік, тойымсыздық, қанағатсыздық, арамдық пен жамандық ойлау, қара ниет, екіжүзділік, өтірік айту, алдап-арбау, ұрлық жасау, күштінің әлсіз жанға зорлық-зомбылық көрсету сияқты т.б. жаман әдеттерден, қылықтардан, мінез-құлықтардан тұла-бойы, жүрегі, миы, сана-сезімі ада, таза, періштедей пәк күйінде... Ол осынау жарық дүниеге пәк жүрегімен, періштедей көзімен қарайды. Оған айналасындағы адамдардың бәрі бірдей, барлығы жақсы адам боп көрінеді. Ол әлі жақсы адам мен жаман адамның айырмашылығында ажырата білмейді. Өмір-өлім, ақылды-надан, бай мен кедей, ыстық-суық, жақсы-жаман, күн мен түн, қараңғы-жарық, кәрілік пен жастық шақ, мөлдір махаббат, алаулаған сезім сияқты ұғымдардың ара-жігін әлі толық түсіне бермейді, жер бетіндегі адамдардың өмірі, күресі, қым-қуыт тірлігі оған жұмбақ боп көрінеді. Түнде аспан көгінде пайда болатын ай мен жұлдыздар жайлы, жер-ананың өзінің осінде айналып тұратыны жайлы табиғат құбылыстарынан, құпиясынан хабары жоқ. Биыл Доскей өзінің өміріндегі 14-ші көктемін қарсы алып отырса, ал жер-ана болса, 5-ші миллиард көктемін қарсы алып отыр. Оның білетіні көктем айының оған ерекше бір қуаныш-бақыт, көтеріңкі көңіл-күй, шабыт, күш-қуат сыйлайтыны... Ал, көктем айында көк

аспандағы күннің жер бетіндегі адамдарға мейлінше ерекше жарқырап, күлімдей қарайтыны қызық, ғажап дүние... Жан-жануарлар, төрт түлік малдар төлдеп, қозылар маңырап, бие-құлындар кісінесіп, сиыр-бұзаулар мәңіресіп, аспандағы неше түрлі құстардың шикылықтап, әртүрлі дыбыстар шығарып жатуы қандай ғажап десеңізші... Адам табиғаттың бөлінбес, кішкентай бір бөлшегі. Доскей бала көктем айының жусан, шөп, әртүрлі әдемі гүлдердің хош иісі аңқыған жұпар, таза ауасын құмарлана-жұтады. Ол анасының ақ сүтін, уызын 3 жасқа дейін емді. Туған анасының ақ сүтін толық, мейірлене емін-еркін емген баланың денсаулығы мықты, ғұмыр жасы ұзақ, өмірлік күш-қуаты ерекше мол болады. Жүрегі мейірімге, жақсылыққа толы, ақылды-парасатты, сабырлы, намысқой болып өсіп жетіледі. Сол үшін ол туған анасы мен әкесіне өмір бойы қарыздар. Оған өмір, жарық дүние сыйлаған туған ата-анасы. Олар болмаса, бұл жарық дүние, жер-ана, табиғат туралы ештеңе білмес еді.

Көктем айы келгенде, жер-ана барынша құлпырып шыға келеді. Табиғатпен бірге жер бетіндегі адамзат баласы да жасарып кететіні қызық. Көк аспандағы алтын күн жер бетіне күлімдей қараса, ыстық шуағын жерге төксе, адамдар да бір-біріне мейірлене, жылы шырай танытып, күлімдей қарап, бет-жүздеріне күлкі үйіріліп, отты, жалынды көздерінен мейірім шуағы төгіліп тұрғаны қандай жарасымды. Жер бетіндегі тіршілік иелерінің белсенділігі және өмір сүруге деген құштарлығы артып, барлық жанды тіршілік иелері қозғалысқа түседі, қым-қуыт тіршілік майданы басталады, жігіт пен қыздың бір-біріне деген махаббат ыстық сезімі күшейіп, ынтызарлығы арта түседі. Жер бетінде қызу, қарбалас, өмір атты дүние үшін жанталас, талас-тартыс күресі басталады. Шал мен кемпір жастық шақтарын еске алып, қызғалдақтай өсіп келе жатқан сұлу қыздардың, жастардың өміріне қызыға, қызғана қарайды. Алты ай қыстан тоңып, қысылып шыққан ауыл адамдары жан-дүниесін, арқаларын, бойларын кеңге салып, бір-бірімен кездескенде шүйіркелесіп, қауқылдасып, әзілдесіп, бір-бірін өткір әзілмен түйреп, даланы бастарына көтеріп қарқылдап күліп, мәре-сәре болып жатқаны. Адам баласы табиғат-ана күлсе-күледі, табиғат ана мұнайса-мұңая қалады. Адамзаттың өмірі, денсаулығы, күнделікті күйбең-тіршілігі, күніне мың құбылатын көңіл-күйі бәрі көрген түстей өткінші, жаз айындағы шексіз далада көрінетін бұлыңғыр сағым сияқты... Барлығы табиғат заңына тікелей тәуелді, бағынышты. Жердің тәні, организмі, топырағы, суы мөлдір, жұпар ауасы таза болса, онда оның үстінде ғұмыр сүріп жатқан адамның денсаулығы мықты боп, ғұмыр жасы ұзақ болады. Доскей бала халық ауыз әдебиетінің небір шығармаларын, көркем-әдеби туындыларын құмарлана оқыған сайын, оның ақыл-парасаты біртіндеп толысып, ой-өрісі кеңейіп, танымдық қабілеті артып, рухани, әдеби білімі күн өткен сайын күшейіп келе жатты... Оның өмірге, білім-өнерге деген құштарлығы тым ерекше. Ол ғұмыр жайлы, адамның тағдыры туралы, қоршаған табиғат пен шексіздік жұмбақ әлем жайлы көп нәрсені білгісі келеді. Батырлар жырын, ғашықтық дастандарды, би мен шешен адамдардың шешендік, суырып салмалық өнерін көбірек оқып, білген сайын қазақ халқының мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, ғұрпын, діні мен ділін, мындаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан ауыз әдебиетін, фольклорын, мол әдеби мұрасы жайлы көп білген сайын, оның «айтыс өнеріне» деген қызығушылығы күн өткен сайын артып

келе жатты. Бала Доскей адамзаттың панасы, қамқоршысы жер-ана мен көктегі күн-әкенің иесі-Құдіретті Алла тағалаға бойұсынып, күнделікті тіршілігі үшін және адамға ойлайтын ақыл-парасат бергені үшін мәңгілік қарыздар!!!

Адамзат баласы өнердің барлық түрлерін қоршаған табиғаттан алады, үйренеді. Адамның өмірлік ұстазы, тәрбиешісі - жер мен табиғат әлемі. Жер-ана өз кіндігінде айналып тұрғанда, уақыт ағымы үздіксіз айнала береді. Көктем, жаз, күз, қыс мезгілдері, күндізгі және түнгі уақыт алма-кезек айналып келе береді. Жүздеген, мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған жылдар сыныптай сырғып өте береді. Мұндай ұзақ уақыт аралығындағы адамның өмірі, күнделікті шым-шытырық ойлары, уайым-қуанышы, жанталасқан іс-әрекеттері қас-қағым сәт, жай ғана сағым, бу сияқты нәрсе...

Доскей бала 15 жасқа әлі толмаса да, оның ақыл-парасаты, бойындағы өнері түпсіз, көк мұхиттай терең, буырқанып, асау толқындай көкке шапшиды... Әлі буыны қата қоймаған жас бала болса да, әр нәрсені үлкен, парасатты адамдай әрбір ойын, сөзін тереңнен ойлауға тырысады, өзінің өмірін мән-мағынасыз, құр босқа өткізгісі келмейді. Әке-шешесінің арқасында дүниеге келді, ендігі оның барлық арман-мақсаты, ойы, бойындағы ақыл-парасатын, білімін, өнерін дұрыс пайдаланып, табандылық пен еңбектің арқасында-бойындағы Құдірет иесі сыйлаған ақындық өнерін қазақ халқына таныту, артына мәңгілік, өшпес асыл мұра қалдыру өмірінің басты мәні болып табылады.

Он сегіз мың ғаламның иесі-Алла тағала оған өмір сыйлады және өмір сүруге қажетті дене мүшелерін берді. Олар: адамның басы, көзі, құлағы, денесі, қол мен аяқтары, жүрек, бауыр, бүйрек т.б. Ендеше, бұл дене мүшелері уақытша нәрсе және әрбір дене-мүшелерінің атқаратын өзіндік қызметтері бар. Құдірет иесі адам баласына бұл денені жай ғана жарата салған жоқ. Әрбір адам өзінің дене мүшелерін дұрыс, орнымен пайдалану арқылы басқа адамдарға жақсылық жасауы тиіс. Ең алдымен адамның жүрегі таза болуы қажет. Мысалы: адамның тілі адамдар арасындағы қарым-қатынаста, сөз сөйлеуде маңызды роль атқарады. Жылы, жұмсақ, жақсы сөз сөйлеу арқылы тірі пенделер бір-біріне жақсылық жасайды. Ал, адамдардың бір-біріне суық, зілмен, өшпенділікпен сөйлеуі адамдар арасындағы қарым-қатынасты, сыйластықты бұзады. Қара ниетті, зұлым адам тек жамандық іс-әрекеттер туралы ғана ойлайды. Ал, ақ ниетті, жүрегі таза, ойы жақсылыққа толы жан иесі тек жақсылық, қайырымдылық іс-әрекеттер туралы ғана ойлайды. Міне, жер бетіндегі адамдар арасындағы осындай қарым-қатынастан, арам және жақсы пиғылдардан Доскей баланың ешқандай хабары жоқ. Ол адамдарға, табиғатқа таңырқай қарайды. Оған бәрі таңсық, жұмбақ дүние. Оған жылдың әрбір мезгілі ұнайды. Әсіресе, көктем мен жаз айлары оның бойындағы өнер шабытын қоздырады және жан дүниесіне ерекше көңіл-күй сыйлайды. Көктем айының сұлу көріністері бойындағы ақындық, айтыскерлік, әншілік өнерінің біртіндеп дамуына барынша ықпал ететін тәрізді. Жер-ана, қоршаған орта, табиғаттың әдемі, ғажайып сәттері адамды сұлулыққа, өнерлі болуға, жақсылық жасауға итермелейді. Адамзаттың өмірлік ұстазы, қамқоршысы, тәрбиелеушісі, ғұмырға қажетті өнердің бәрін үйретуші - жер-ана! Жер-ана мен қоршаған ортадан, табиғаттан адам баласы өмір сүруді үйренеді. Сұлулықты-көктем айынан, ән салуды бұлбұлдай сайраған

кұстардан, қобыздың үнін Сарыарқаның гуілдеген желінен, қыз бен жігіт арасындағы мөлдір махабатты айдын көлде жүзген әдемі, аппақ аққулардан, денеге қажетті азықты төрт-түлік малдың етінен, сүтінен және әртүрлі жеміс-жидектерден алады. Доскей бала көктем айының таңғажайып көркем, әсерлі көріністерінен, аспанда жарқыраған алтын күннің шуағынан, жылуынан өміріне, өнеріне қажетті күш-қуат, қайрат-жігер алып, өмір сүруге деген құштарлығы арта түседі. Ол өзінің Тәңірге, әке-шешесіне, табиғатқа мәңгі-бақи қарыздар екенін ойлайды. Жас бала болса да, балалық және жастық шақтың көзді ашып-жұмғанша зыр етіп өте шығатынын жақсы біледі. Адам баласына өмір, жарық дүние бір-ақ рет беріледі, ендеше кез келген адам сол ғұмырын қызықты, мағыналы, сапалы, ақылмен өткізуі тиіс. Жер-ана өзінің кіндігін, орбитасын бір тәулікте, 24 сағатта айналып шығады, жердің айналуынан уақыт пайда болады. Жер айналмаса уақыт, тіршілік деген нәрсе, ұғым болмас еді. Алтын уақыт сынаптай сырғып, бір орнында тұрмайды. Өткен күн, тәулік, оқиға, жаңа атқан күнге ұқсамайды. Әр адамның осы өмірде атқаратын кәсібі, жұмысы бар. Адамның әр күні күрестен, қарама-қайшылықтардан тұрады. Кімде-кім жер-ананы құрметтеп сыйласа, табиғат заңдылықтарын түсініп сақтай білген жан бақытты!!!

Доскей бала не үшін өмір сүретінін жақсы біледі, ыстық жүрегі мен бойындағы ақыл-парасаты сол мақсат-арманына жету үшін бағыт-бағдар беріп тұрған сияқты. Ол қиындығы мен қызғаныш-күншілдігі және қызығы-шыжығы көп өнердің, әдебиеттің «қыл көпірін» таңдағанын жақсы түсінеді, сана-сезімімен пайымдайды. Соған іштей дайындалып, ішкі жан дүниесіндегі ар-намысын, жігер-қайратын күнделікті қайрай береді. Өнер, ақындық жолында үлкен дәрежеге көтеріліп, биік белестерді бағындыру үшін оған алдымен: намыс, ақыл-парасат, білім, қайрат, мұқалмайтын-жасымайтын алмастай өткір, гауһардай нұр-сәулесін шашып тұратын күш-қуат, талап, еңбекқорлық, қайсарлық, сабыр, төзімділік, темірдей қатты табандылық керек. Оның табиғат, Құдай сыйлаған ақыл-парасаты, зейіні, алғырлығы, есте сақтау қабілеті таңқаларлық. Бір оқыған жырын сол мезетте жаттап алып, миына құйып алады. Жаттап алған батырлар жырын, ғашықтық дастандарды үш тәулік бойы ұйықтамай күндіз-түні жырлауға бар. Ата-бабалар қанынан берілген пайымдық, генетикалық ой-өрісі, мидың даму дәрежесі өте жоғары деңгейде. Жыршылық қарым-қабілеті ерекше. Сонымен бірге бойындағы намыс күші күннен-күнге күшейіп келеді. Біреуден қорқу, үрку, жасқану дегенді мүлдем білмейді. Көзінің отты, қайсар жанарынан, өткірлігінен көп адамдар жасқанады. Жүрген жүрісінде, сөйлеген сөзінде, мінез-құлқында, қимыл-қозғалысында - тектілік, сабырлық, намысқойлық қасиеттер айқын байқалады. Әр сөзін алдын-ала ойланып алып сөйлейді. Қандай сөзді қай кезде сөйлеу керектігін жақсы біледі. Сөйлеген кезде, аузынан небір сөз маржандары түйдек-түйдегімен шығады.

Қыс айы өтіп, көктем сәуір айы да келіп жетті. Жазық даладағы, сай-саладағы қарлар кетіп, жер беті жасыл түске боялып, көк майса шөптер, түрлі-түсті гүлдер құлпырып, түрленіп шыға келді. Доскей бала Әлімбай әкесінен қалған атқа мініп, Қоңырбайдың бір отар қойын бағуға шықты. Күншығыстан алтын күн қызарып, біртіндеп көтеріліп келеді.

Сораңның жазық даласы жап-жасыл боп жайнап жатыр, жас жігіттің жалындаған жастық шағын еске түсіріп тұрғандай. Қой мен қозылар жұмсақ шөпті бырт-бырт үзіп, бір-бірімен жарыса жайылып барады. Сарыарқаның жусан иісі аңқыған жұпар ауасы-ай!

Қандай тамаша! Тәтті, хош иісті ауаны жұтқан сайын кеуденді қуаныш пен шаттық көңіл-күй сезімі кернейді, билейді. Қуаныштан өзінді көк аспанда қалықтап жүрген құстай сезінесің. Қазақтың дархан даласы, жазирасы шексіздікке ұласқандай әсер береді. Кең-байтақ, ұлан-ғайыр жерді ата-бабаларымыз көздің қарашығындай сақтап, қызғыштай қорғап келген. Аттың үстінде келе жатқан Доскей бала өзін Алпамыс, Қобыланды батырға ұқсатты. Сәйгүлік ат-ердің қанаты деп тегін айтылмаса керек. Атқа мінген қазақтың рухы мен намысы күшейіп, жігерленіп, қайсарланып кетерін қайтерсің. Осында бір зерттелмеген сыр бар сияқты. Сәйгүлік арғымақ-ер жігіттің бойындағы намыс күшін одан сайын күшейтіп, күшіне-күш, қуатына-қуат қосатын сықылды. Ол ат үстінде отырып, небір жыр-дастандарды біртіндеп, іштей қайталап айта беретін. Батырлар жырын айтқан сайын шабыты тасқындай түседі. Қой бағып жүріп, таңертеңнен кешке дейін аузы мен қызыл тілі дамыл таппай, жырдың небір түрлерін қайталап айта береді. Жыршы-ақындардың батырлыққа, ғашықтыққа, намысқойлыққа, өрлікке толы жыр-дастандарын жазиралы қазақ даласы, ондағы барлық тіршілік иелері зейін қойып, тыңдап тұрғандай. Сол сәтте оның көз алдынан алпамсадай, өр тұлғалы батыр, намысқой Сақ, Байдәулет бабасының бейнелері, көшпенді халықтың тарихы біртіндеп өтіп жатыр... Халық ауыз әдебиетінің асыл қазынасы - қазақ халқының есте сақтау қарым-қабілетінің арқасында, бүгінгі күнге жетті. Сол ғажап дарындылық, ақыл-парасат, есте сақтау қабілеті, энциклопедиялық білім деңгейі, дәрежесі Доскей баланың бойынан айқын байқалады.

Қазақ халқында даналық сөз бар «әке-асқар тау, шеше-ағар бұлақ», - дейді. Заңғар биік таудай болған Әлімбай әкесінен жастай айрылып қалған Доскей баланың ыстық жүрегі жартылай жаралы. Оған әкесінің қамқорлығы, тәрбиесі, жылы сөзі жетіспейді. Ендігі мақсат әкесінің орнын басып, басына түскен ауыртпалық пен қиындықты жеңіп, туған анасы Үндемеске көмектесу, қолғабыс ету және «әке аманатын» орындау өмірінің басты өзегі, мәні болмақ. Алдына қойған үлкен өмірлік мақсаты ақындық, өнер жолына түсіп, бойындағы өнерімен халқына танылу негізгі арманы. Бір жағынан өмірдегі, отбасында туындаған қиындықтар, тұрмыс тауқыметі, ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс пен ауыр ойлар, уайым-қайғы жанына қатты батты және сонымен қатар өмірлік тәжірбиенің жетіспеушілігі, адамдар арасындағы әділетсіздік, қатыгездікті көргенде, жан-дүниесі жабырқап, көңіл-күйі бұзылды. Ішкі жан-дүниесі құлазып, бойын ашу-ыза кернеді. Өмір сүруге деген құлшынысы азайды, еңсесі езіліп, бойын бойкүйездік пен немқұрайлық басты. Бірақ, ішкі жан сарайында болып жатқан қобалжу мен күйзелістерді, толқыныстарды ешкімге білдірмеуге тырысты. Бойындағы ақындық, жыршылық, айтыскерлік өнерге деген талпынысы, құлшынысы, құштарлығы күн өткен сайын күшейе берді. Күні бойы мал бағып, үйіне келген соң, кешкілік тамағын ішіп алғаннан кейін қолына қоңыр домбырасын алып, жаттап алған батырлар жырын ерекше шабытпен жырлайды. Шешесі - Үндемес оның жырын зейін қойып, сүйсіне

тындайды. Анасы мен баласы күні бойғы жұмыстан шаршағанын бір мезгіл ұмытып, өткен тарихтың өміріне еніп кеткендей күй кешеді, көшпенді ержүрек, батыр ата-бабаларының арасында жүргендей сезінеді. Киіз үйдің ішіндегі қолшамның жарығымен түннің ортасына дейін отырады. Одан кейін-Үндемес, Доскей, Досмағамбет үшеуі қалың ұйқыға кетеді. Күндізгі уақытта адам баласы әртүрлі жұмыстар атқарып, тіршілік етсе, түнгі уақытта адам ұйықтап, ертеңгі жаңа күнге күш-қуат жинайды. Бұл табиғаттың өзгермейтін заңы.

Арайланып тағы бір таң атып келеді. Үндемес таңғы 5-те тұрып алып, Доскей баласына таңертеңгілік тамақты дайындау қамында күйбендеп жүр. Тамақ дайындап жүріп екі баласына жаутаң-жаутаң етіп қарап қояды. Әсіресе, Доскей баласына қатты жаны ашиды. Балалық шағының қызығын толық көрмей жатып, ерте жасынан бастап, ересек адамдардың жұмысына, тіршілігіне тым ерте араласты. Ертеңгі болашағы не болады екен, соны уайымдап, ойлап, қатты жүдеп кетті. Ұлының бойындағы жыршылық, ақындық, қабілеті ерекше. Тек ел-жұрттың тіл-көзінен, көз сұғынан сақтасын де... Баласы ержеткенде далада қалмасы анық, бойындағы табиғи дарынымен бір жерді тесіп шығатынына көзі жетеді.

Доскей бала таңғы 5-тен асқанда оянып, жылы төсегінен тұрды. Киіз үйден есік алдына шығып, салқын сумен беті-қолын жақсылап, баппен жуды. Ұйқысы шайдай ашылып кетті, тұла-бойы сергіп, жақсы көңіл-күймен дастархан қасына келіп жайғасты. Үнсіз отырып, шешесі екеуі таңертеңгілік тамақтарын ішті. Одан кейін күнделікті күйбің-тіршілік басталды. Ол үстіне жұмыс киімдерін киіп, сыртқа шықты. Сораң ауылының адамдары әлі тәтті, шырт ұйқының құшағында... Ол ағаш албардың ішіндегі қойларды өріске қарай айдай бастады. Өзі отар қойдың артында аттың үстінде келе жатыр. Жер-ана, табиғат, адамдардың өмірі, қым-қуыт тіршілік туралы неше түрлі ойларға беріліп кеткекін. Адамдардың өмірі, қыбыр-жыбыр тіршіліктен құралады емес пе? Доскей бала өзінің өмірінде 15-ші көктемін қарсы алып отыр. Ал, жер-ана болса, 5-ші миллиард көктемін қарсы алуда... Екеуінің арасы жер мен көктей. Жер-ана өзінің кіндігінде тоқтаусыз айналып тұр. Жер айналғандықтан күн шығады, күн батады. Бір кітаптан оқығаны бар: он сегіз мың ғаламның жаратылғанына 18-20 миллиард жыл болыпты. Сонда мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған жылдардың өзі зырылдап өте шықты ғой! Ал, адам баласы көп болса, 100-200 жыл ғана ғұмыр сүреді, соның өзі шексіз кеңістік үшін жай ғана секундтар ғана... Шексіз ғалам үшін жер бетінде өмір сүріп жатқан адамзаттың өмірі, тағдыры, тарихы, болашағы жай ғана тозаң мен жаз айындағы сағым ғана... Адам баласы жарық дүниеге келеді, біраз жыл жер бетінде сайран-думан құрып, талтандап жүреді. Көпті-азды ғұмыр сүреді, артына ұрпағын қалдырып, өзі жер-ананың қойнауына барып, мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған жылдарға созылатын мәңгілік ұйқының құшағына кетеді. Адамның ғұмыры дегеніміз-өң мен түстің, сағымның арасында болатын құр елес, түсініксіз нәрсе... Адамның өмірі жанталасқа, күреске, уайым мен қуанышқа толы. Доскей бала әке-шешесі берген өмірін, денесін, дене мүшелерін орнымен, дұрыс пайдаланғысы келеді. Ол өзіне берілген ғұмырдың, алтын уақыттың, денесінің уақытша екенін жақсы біледі. Бір күні денесінің топыраққа, шаң-тозаңға айналып жоқ болатынын да сана-сезіммен айқын сезінеді.

Барша әлем, шексіз ғаламшарлар, он сегіз мың ғалам, жеті қат көк, барша тіршілік иелері - Менделеев таблицасындағы 108 элементтен құралған, содан барлық жанды-жансыз заттар пайда болған. Адамзат баласының тәні мен жаны химиялық элементтердің жиынтығы. Сонда адам бойындағы ең құнды дүние, нәрсе ақыл-парасат, білім, өнер, ар-намыс... Доскей баланың өмірлік арманы-мақсаты бойындағы ақындық өнерді дамыту және сол өнердің биік шыңына көтерілу. Ол үшін көп іздену қажет және оқығанды миға, санаға тоқу қажет. Бір данышпан адамның: «Ұлы дәрежелі болу шыққан тегіне емес, ақыл-білімге байланысты, деп айтқан. Қазақтың өнерлі болмауы мүмкін емес. Тұңғұйық көк аспанда алтын табақтай боп күн жарқырап тұр. Көк аспанда самғап ұшқан құстар, олардың салған әндері қандай ғажап десеңізші. Жер беті көк майса шөп, түрлі-түсті гүлдер, бір гүлден екінші гүлге ұшып-қоңып жүрген көбелектер, шыр-шыр етіп секіріп жүрген шегірткелер. Көк аспандағы аппақ қарға ұқсас ақша бұлттар. Бұлбұл құстың сайрағаны, әртүрлі құстардың шик-шиқ етіп шықылықтаған дауыстары, тоқылдақ құстың тоқылдағаны табиғатты мекен қылған барлық тіршілік иелері қосылып, әнімен, әуенімен жер-ананы әлдилеп отырғандай. Көктем айы келгенде, жер-ана бусанып, қара топырағы, тәні күннің жылуын қабылдап, барлық жанды заттардың, құрт-құмырсқаның қыбыр-жыбыры көбейіп, тіршілік жандана түскен. Жер-ана тірі организм. Ол да адам баласы сияқты таза ауамен демалады, сумен қоректенеді, күннің жылуынан қуат алады. Оның жүрегі - жердің ортасындағы ыстық мантия. Жер-ананың бойында үздіксіз жасару механизмі айналып тұрады. Жер-ана оның үстінде ғұмыр сүріп жатқан тіршілік иелерінің қамқоршысы, бәріңе ортақ қасиетті ана... Ол миллиардтаған жылдар бойы ғұмыр сүріп келе жатыр. Жер-ана көп нәрсені біледі. Адамзаттың ұстазы - жер-ана. Адам баласына-мөлдір махаббатты, сұлулықты, қалай өмір сүру керектігін, қандай өнер түрлерін үйретуші-қасиетті, киелі жер-ана! Табиғат-ана жылулықты, жақсылықты, мейірімділікті, әділдікті жақсы көреді. Жер-ана да ғажайып, ақыл-парасат күші бар. Бірақ, адам баласы табиғаттың тілін түсінбейді. Оның жусан иісі аңқыған жұпар, самал ауасы. Адам осы таза ауаны күніне қаншама рет жұтып, бойынан қаншама көмір қышқыл газын шығарады. Адам бойындағы өнердің бәрін қоршаған табиғаттан, жерден, аспандағы күннің жылуынан алады. Жай пендені бұзатын қанағатсыздық пен тойымсыздық, ешнәрсеге көңіл толмаушылық, сабырсыздық, өз өміріне риза болып, тәубе етпеуі...

Доскей бала табиғат ортасында, қой соңында келе жатып, осындай неше түрлі ойларға беріледі. Жұмыр басты пендеге - 100 жыл, 100 мың жыл, 500 миллион жыл ғұмыр сүріп, патшадай дәурен сүрсе де, соның өзі аз боп көрінері хақ! Өйткені, адам бойында қанағат жоқ. Ал, оның ойлайтыны тек - ақындық өнер жолы. Ақындық, шешендік Алла тағаланың адам баласына берген үлкен бақыты, сыйы. Адамның ғұмыры өтпелі, уақытша, өткінші, өнері, ақындығы мыңдаған, миллиондаған жылдарға созылып, тарих бетінде алтын әріптермен жазылары шындық, ақиқат! Жер бетіне келген әрбір адамның тағдыры, өмірі бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Өткен күн жаңа атқан күнге мүлдем ұқсамайды. Бүгінгі өмірін жаңа кітаптың жаңа ашылған парағындай... Өткен жылдар, айлар, сағаттар қайтып келмейді. Олар тарихтың қойнауына сүңгіп кеткен. Уақыт бір орнында ешқашанда тұрмайды. Уақыттың өмірі тоқтаусыз алға жылжи беру. Сен дәулеті тасыған байсың ба?

Миллиардтаған ақшаң бар кәсіпкерсің бе? Сіңірі шыққан кедейсің бе мұның бәріне Уақыт-патша пысқырып та қарамайды. Құрығы ұзын уақыт бәрінде жеңеді. Міне, осы мыңдаған, миллиондаған, триллиондаған жылдар, мәңгілік шексіздіктің өзі бір ғана Құдайға, Құдірет иесіне ғана бағынышты. Уақыт тек қана бір нәрседен ғана жеңіледі, ол адам бойындағы Алла тағала берген дарынды өнерден ғана... Доскей өзінің бойындағы жыршылық, айтыскерлік өнерінің бір Алладан берілген үлкен сый екенін жүрегімен айқын сезінеді. Соны ойлағанда тұла бойын, жүрегін ерекше бір қуаныш сезімі билеп кетеді. Оның өмірдегі бар байлығы, бақыты, жинаған қазынасы - бойындағы рухани байлығы, ақындық өнері. Бойындағы өнерін дүниенің байлығына, ақшасына, алтыны мен күмісіне де айырбастамақ емес. Қаншама алтын мен күмісін болса да, ол қазына бір күні таусылады. Қаншама жыл хан болып алтын тақта отырсаң да, бір күні ол дәурен де басынан өтеді де кетеді. Алтын сарайында, гаремінде 10 мың, тіпті, 100 мың сұлуды күні-түні құшып, сүйіп, күнде тән ләззатың алсаң да, ол да өтпелі...

Аспан астында бәрі уақытша-буға айналған су сияқты. Жер бетіндегі тіршілік, өмір, жанталас, күрес, адам баласы, байлық пен бақыт бәрі-бәрі алыстан бұлдырлап көрінген сағым мен ұйқыда көрген түс сияқты өте шығады. Өмір, тіршілік дегеніміз - 108 химиялық элементтердің бір-бірімен әртүрлі химиялық, табиғи өзгерістерге ұшырап, жаңарып отыруы. Адам өте күрделі құбылыстың нәтижесі. Адамзат баласының бойынан Құдайдың ақыл-парасаты, білімі, қарым-қабілеті, өнері, ғажайып күш-қуаты айқын сезіліп тұрады. Әрбір пенде табиғаттың ажырамас бір бөлшегі. Адамға дене және дене мүшелері неге берілді? Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла-тағаланың Құдіретін, болмысын, ақыл-парасатын, данышпандығын, көрегендігін білдіріп таныту, сездіру үшін... Адамға дене, дене мүшелері, өмір уақытша беріледі. Адамзат баласы тірі кезінде Құдірет иесі берген табиғи дарынын, ақылын, өнерін халыққа көрсете білуі қажет. Доскей бала да өз өмірін мәнді - мағыналы өткізіп, ақындық өнерімен ел-жұртына танылғысы келеді. Ол үшін адам бойында ақыл, білім, талап, ар-намыс және өнерге деген ерекше құштарлық болуы тиіс. Ол балалық шақтың дәмін, қызығын толық татқан жоқ. Асқар таудай болған әкесі - Әлімбай да өмірден озды. Өмір сүрудің, тұрмыстың барлық ауыртпашылығы мен қиындығы оның басына түсті. Жаны, жүрегі ауырды, қатаймаған қабырғасы майысты. Ауыл ішіндегі кейбір адамдардың бойындағы зұлымдықты, қатыгездікті, екіжүзділікті, қара ниетті, мейірімсіздікті, надандықты көргенде өмірден түңіліп кеткен сәттері, кездері көп болды. Бірақ, оның өнерге, ақындыққа, жыршылыққа, халық ауыз әдебиетінің туындыларына, батырлар жырына, ғашықтық дастандарға ерекше құмар болуы және ол туындыларды күндіз-түні оқып, бойына, миына, зердесіне тоқи беруі, біртіндеп рухани байлық жинауы - Доскейдің басты қамқоршысы, қорғаны, күш-қуаты, қайрат пен жігер, қайсарлық, сабырлық, ар-намыс жинайтын рухани байлықтың қайнар көзіне айналды. Ол жан-тәнімен әділетсіздікке, екіжүзділікке, намыссыздыққа, бойкүйездікке, енжарлыққа, надандық пен айуандыққа қарсы. Бірақ, әлі де бала болғандықтан үлкендер жағы оны менсінбейді және көздеріне ілгісі келмейді. Бәрінен де жанына, бала жүрегіне қатты бататыны - туған анасынан тірідей айрылып қала ма деген қорқыныш пен үрей. Өйткені, оған себеп те жоқ емес. Туған әкесі қайтыс болғасын, анасы -

Үндеместі қазақ халқының дәстүрі мен әмеңгерлік жолмен Әлімбайдың немере туысы Барғана алмақшы болып жүр. Мұндай әңгімені естіген Доскейдің жан-дүниесі алай-түлей болып, зығырданы қайнайды, ашуы кеудесін керіп, екі көзіне мөлтілдеп ащы жас келеді. Барғана туысы үйіне келгіштеген сайын, тұла-бойын қорқыныш сезімі билеп, не істерін білмей іштей аласұрады. Енді шешесінен тірідей айрылып қалам ба деп іштей үрейленеді, үлкендердің, ағайын-туысқандарының шешіміне қарсы. Алайда, қолдан келер дәрмен жоқ. Қалай бұған қарсы тұрарын білмейді. Шешесінен тірідей айырылатын күн туса, әрі қарай қалай өмір сүрмек? Бұл өмірдің қызығы мен қиындығы, шыжығы мен быжығы көп екен. Бұғанасы толық қайтпаса да, тағдыр, өмір соққысына іштей дайын болу керек деп, өз-өзін жігерлендіреді. Ең бастысы өмір, тағдыр соққысынан сынып кетпеу қажет. Ол үшін күресу керек, намысқа тырысып, бойындағы ақыл-парасатқа әрдайым жүгіну қажет, табандылық, қайсарлық, сабырлық таныту ләзім. Өмірге қажетті күш-қуатты батырлар жыры мен ғашықтық дастандардан, рухани байлықтың көзі-кітаптан, өнерден, киелі домбырадан, бойындағы биік рухтан, аспандағы күннің жылуынан, қасиетті жер-анадан, Сарыарқаның жусан иісі аңқыған таза ауасынан, жылдың 4 мезгілінен, әсіресе, көктем айынан, түнгі аспандағы ай мен жұлдыздардан, гүлдей жайқалған сұлу қыздардан, жақсы адамдардың жылы жүрегінен, мейірімді сөздерінен алуы тиіс. Доскейдің екінші анасы - жер-ана! Табиғат аясында мал бағып жүргенде, табиғат ана мен сырласады, сөйлеседі. Бұлбұлдай сайраған құстармен өзінше тілдеседі. Жер бетінде тіршілік етіп жатқан барлық тіршілік иелерінің тілін білетін сияқты. Әрбір арайланып атқан таңға, күнге, жарық дүниеге, әрбір жұтқан таза ауаға шүкіршілік етеді. О, қасиетті де, киелі жер-ана! Саған өмір бойы қарыздармын! Саған ғұмыр бойы ризамын! Сенің жылуынды, таза ауанды күніне қаншама рет жұтамын. Сенің дененді, топырағынды күнделікті аяғыммен басып жүремін. Бойымдағы, жүрегімдегі өмір мен өнерге, сұлулыққа деген құштарлық, ғашықтық сезімді өзіңнен үйренемін. Менің өмір, адам жайлы білетінім өте аз, ал сенің білетін құпия-сырын қаншама десеңізші... Алла тағала жылулықты, жақсылықты, мейірімділікті, әділдікті, шындықты жақсы көреді. О, қасиетті жер-ана, сен өз кіндігінде тұрақты айналып тұрасың, бірде күн, бірде түн болады, мұның бәрі қандай ғажап десеңізші... Бойыма дүниедегі байлықтың патшасы - ақындық өнерді бердің, бұдан артық маған қандай байлық керек? Байлық жылтыраған, алыстан бұлдырлап көрінетін сағым, өмір сылдырлап аққан су, сұлу қызда қолда тұрмас, көк аспанға ұшқан бу, ал өнер, ақындық-тарихта, қазақ халқының жүрегіңде қалатын рухани асыл қазына, зор байлық! Жер бетінде өмір сүріп жатқан миллиардтаған қарапайым адамдардың аты мен ізі тарихта қалмайды, тек қана өнер мен ғылым, білім жолына түскен адамдар ғана тарихтан, асыл мұра әдебиет патшалығынан лайықты орнын алады. Доскей бала соны ыстық жүрегімен сезеді, біледі. Өйткені, түсінде: көк аспанда қыран бүркіттей самғап, зуылдап биіктерге әрдайым ұшып жүргені... Жеті қат көкке самғап ұшқан сайын, оның өнердегі бақыты, дәрежесі көтеріле бермек. Кейде миллиардтаған жұлдыздардың арасынан ерсілі-қарсылы зуылдап жиі ұшып жүреді... Сонда өнердің де киелі қанаты болғаны ғой! Тіпті, «Құс жолының» шетіне дейін ұшып барған кездері болды. Бұл неткен шексіздік, биіктерге самғау... Бірақ, шексіздіктің шетіне жету мүмкін емес.

Шексіздік шексіздікке ұласқан. Біздің галактикада миллиардтаған «Құс жолы», күн системалары бар. Жер шексіз кеңістікте кішкентай ноқат, нүкте боп көрінеді. «Құс жолы» өзінің орбитасында, шеңберінде бір рет айналып шыққанда 200 миллион жыл өтеді екен. Ал, жер өзінің шеңберін 24 сағатта айналып шығады. Арасы жер мен көктей нәрсе. Жер бетіндегі адамдардың өмірі, ұзақ ғұмырының өзі күн сәулесі, нұрдың жылдамдығымен тең. Адам өмірге келеді, одан кейін кетеді, арасы қасқағым сәт. Бірақ, осы аралық, мерзім адам баласына ұзақ боп көрінуі мүмкін, бірақ өтер кезде зыр ете қалады... Миллондаған, миллиардтаған адамдар не үшін өмір сүріп жатқанында толық білмейтін - сезінбейтін секілді, көп нәрсені өмірден білмей, түсінбей надан, білімсіз күйінде өмірден белгісіз боп өтіп жатыр. Қандай өкінішті жағдай. Көпшілігі уақытша денедегі боқ қарынды қалай тойғызамын, тәннің нәпсі, ләззат, жыныстық құмарлығын, құштарлығын қалай қанағаттандырамын деп, әуре-сарсаңға түседі, сол үшін шақшадай басын тау мен тасқа да аямай соғады, сол үшін жанталасып, біреулермен ырылдасып, күжілдесіп, жан аянбай күресіп ғұмырының көбін мән-мағынасыз өткізеді. Ал, Доскей бала өз өмірін бұлайша, итше ырылдап-қырылдап өткізгісі келмейді. Ол өз ғұмырын қызықты, мағыналы, өткізіп, бойындағы барлық күш-жігерін, қуатын, білімін, ақындық пен өнер жолына жұмсауға бел байлады. Өмірде басын тау мен тасқа да соқса да, өнер, ақындық жолынан ешқашан таймақ емес. Байлық мұз сияқты еріп, буға айналады, ал ақындық өнерімен халық жадында, тарихта мәңгілікке қалатынын жүрегімен сезеді, өмір жолы айқын. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» арқылы-Абай Құнанбайұлын қазақ халқына, әлемге әйгілі етіп, паш етті. Ендеше, Доскей Әлімбайұлының да бұл өмірде, «Доскей өрлеуі» болуы тиіс. Қазақ қаламгерлерінің арасында менің балалық шағымды, өмірге әлі келе қоймаған, болашақта жарық дүниеге келетін әдеби туындыларымды, көркем шығармаларымды зерттейтін жазушы шығатыны, Доскей атымды Мұхтар Әуезов сияқты тарих сахнасына шығаратын қазақ арасынан бір жазушы шығары хақ!!! Ол соған қуанады, шабыттанады. Адамның өмірі күйбең-тіршілікке, надандыққа, әділетсіздікке толы. Адамзат баласы боқ қарынның, ұйқының, қызғаншақтық пен іштарлықтың, бір-бірін көре алмаушылықтың қабы... Адам баласы жер бетінде әділетті қоғам, мемлекет орнатқысы келеді, бірақ оның бәрі әзірге бос қиял, арман боп келе жатыр. Пенде өз-өзін білмейді, ішкі жан-дүниесін зерттемейді, басқа адамдардың бақытты, қызықты, бай-дәулетті өмір сүргенін көре алмайды, адамның ішкі әлемін «қызғаншақтық пен іштарлық»мысығы іштей тырнап, қинап жатқанда адам баласының жанын жын мен шайтан, қара ниет пен зұлымдық жаулап алғанда, адамзат баласы қалайша әділетті, бақытты, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, мемлекет орнатпақ?! Адам, адам деп аталғанымен, ол андардың ішіндегі ең жыртқышы және түлкідей айлакері. Пенде ақыл, білім, өнер, ғылым, ақындық, жазушылық өнері арқылы ғана биік дәрежеге көтеріле алады. Ақындық өнер - Құдайдың, Тәңірдің, Алланың адам баласына берген ең бір зор бақыты, сыйы. Ақыл мен өнер түрлері үлкен, құпия-сырға, жұмбаққа толы тылсым дүние, жарық энергиясының адам бойындағы көрінісі. Ақын адам-шексіздікпен, күн, ай, жұлдыздармен, ғарыш энергиясы мен байланысқа түсіп, космостық деңгейге көтерілген жан. Ондай ақындар мен өнер адамдарын көпшілік

адамдар түсіне бермейді. Олардың жан дүниесі, ойлау деңгейі көп адамдарға қарағанда өзгеше.

Бос уақытта Доскей баланың қолынан киелі қоңыр домбырасы мен кітабы түспейді... Бойындағы ақындық, айтыскерлік, жыршылық өнерін тек шешесі Үндемес ғана біледі. Анасы ұлын басқа адамдардан қызғыштай қорғайды. Бір жағынан, тіл-көз тиіп кете ме деп қорқады. Сол себепті, баласының өнерін, ақындығын түптің-түбінде халық көреді, біледі, бірақ әзірге ешкімнің білмегені дұрыс. Баласы күні бойы мал бағып, кешкілік үйге келгенде анасы қатты қуанады. Үшеуі дастархан басында, кешкілік тамақтарын ішіп алған соң, Доскей баласы домбырасын қолына алады да, батырлар жырын бастап кеп жібереді. Баяғы заманның дүлдүл жыршысындай жырлай жөнелгенде, Үндемес өз ұлын өзі танымай қалады. Баласының аузынан небір жыр-маржандары төгіледі. Анасының көз алдынан: көшпенді, жауынгер қазақ халқының тарихы біртіндеп өте бастайды. Құлағына: сәйгүлік аттың үстінде отырған батырдың алып тұлғасы, аттың жер апшысын қуырған ат тұяғының дүрсілі, жауларымен шайқасқаны, қылыш пен найзаның тарс-түрс тарсылы, дыбыстары, батырлардың жер жаратын рухты дауыстары айқын естіледі. Көшпенді халықтың өткен тарихының, өмірінің ішінде жүргендей сезінеді. Көзіне ыстық жас келеді, өксігі басылмай солқылдап жылайды. Осынау жарық дүниеге Доскей сияқты текті, намысты, ақылды ұлды әкелгеніне ана ретінде қуанады, кеудесін қуаныш, мақтаныш сезімі билейді. Алла тағала осы қызығымды көп көрмесін! Ұлымды жылата көрме, тірі жетім ете көрме деп іштей күні-түні бір Құдайдан жалбарынып сұрайды. Әйелдің жолы қашанда жіңішке ғой! Күйеуі қайтыс болғаннан бері, әмеңгерлік жолмен әйелдікке аламын деп таласып жүрген адамдар қаншама... Соның бірі күйеуінің немере туысы - Барғана. Ол үйіне келіп, қанша өтініп сұрағанымен, оған тұрмысқа шығуға келісімін бермей жүр...

Қараңғы түн. Аспанда миллиардтаған жұлдыздар жымың-жымың етеді. Сораң ауылының адамдары тәтті ұйқының құшағында... Түн ортасы болса да, Доскей баланың ұйқысы келер емес. Ол биылғы жылдан бастап, шығыс шайырларының, даналарының: Навои, Фирдоуси, ал-Хорезми, Омар Хаям, Руми, Әл-Фараби, Ибн-Сина т.б. кітаптарын оқи бастады. Ол ата-бабаларының ақыл-парасатына, энциклопедиялық білімдарлығына, данышпандығына таң-тамаша болды. Шығыстың шайырлары: Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла тағала жайлы, Адам ата иен Хауа ана жайлы, жердің, күннің, жұлдыздардың қалай пайда болғаны жөнінде, табиғаттың, адам баласы бойындағы тылсым құпиялар жөнінде, жарық нұрдан тараған 108 химиялық элементтер жайлы, адамның өзін-өзі және ішкі жан-дүниесін зерттеу арқылы табиғаттың құпия сырларын біле бастайды. Құдайдың, Алланың болмысын, Құдіретін сезіну үшін, адам ең алдымен өзінің ішкі әлеміне үңілуі керек. Алланың ғажайып Құдіретін танып-білуге, миллиардтаған жылдар, уақыт қажет. Оған адамның ұзақ ғұмыры да жетпейді. Бірақ, өзінді күнделікті зерттеген сайын, көп нәрселерді біле бастайсың. Ал, шығыстың шайырлары: он сегіз мың ғаламның пайда болуы, құрылымы, заңдылығы, құпия трактаттардың шығу тарихы туралы көп нәрселерді білген. Құдай адамзат баласына жарық дүниені, дене және дене мүшелерін, ақыл-парасатты, сана-сезімді не үшін берді деген орынды сауал туындайды. Тек қана боқ қарынды неше түрлі тамаққа тойдырып, тәннің, нәпсінің

қызығын көріп, жыныстық құмарлықты қанағаттандырып, өмір бойы ұйықтап өту үшін бе?! Онсыз да кез келген адам баласы қараңғы көрге барғасын миллиондаған жылдар бойы, мәңгілік ұйқыға кетеді. Сонда адам тірі кезінде, жер бетін алшаң-алшаң басып жүргенде, өкпесі арқылы таза ауаны жұтып жүргенде, көк аспандағы ыстық күннің жарығын, жылуын күнде сезініп тұрғанда, бойында күш-қуаты, энергиясы тасып тұрғанда не істеуі қажет және өз өмірін қалай өткізуі тиіс.

Доскей бала шығыс даналарының ғажайып туындыларын, шығармаларын оқып, ой-өрісі кеңейген сайын, бойындағы ақыл-парасаты толысып, өмірге басқаша көзбен, көзқараспен қарай бастады. Ал, Оқымысты-данышпандардың айтуы бойынша: кез-келген адам миының бар-жоғы 2-3 пайызы ғана жұмыс істеп, мидың 97-і пайызы жұмыс істемей қалың ұйқыда жатады екен. Сонда адам бойында пайдаланылмай жатқан қарым-қабілеттер өте көп деген сөз... Бұрынғының оқымысты-ғалымдары табиғаттың тылсым, құпия-сырларын баяғыда-ақ ашып, зерттеп болашақ ұрпаққа қалдырып кеткен. Адамзат баласының көпшілігі сол рухани қазына-байлықтан бейхабар. Біз көк мұхиттай терең байлықтың, шексіздікке ұласқан білім, ақыл-парасат дариясының аз ғана бөлігін пайдаланып келеміз. Білім-ғылым, өнердің сан-алуан түрлері Алланың адам бойындағы көріністері, нұрдың ұшқындары... Кез-келген жан өнердің бір түрін меңгерсе, ал адам Құдірет иесіне бір табан жақындап, оның құдірет-күшін, қыр-сырын 1 пайызға ғана біле, меңгере бастайды. Ғылым, білім, өнер, ақыл-парасат «даналық жолы» Алла тағаланың нұрлы жолы... Адамның денесі-уақытша киіп тастайтын көйлекке пара-пар. Адамның денесі шіриді, тозады-ақырында жерге сіңіп топыраққа айналады. Ал, білім, нұрлы энергия шексіз космостың құрамдас бір бөлшегі. Ендеше, адам бойында жасырын жатқан қарым-қабілеттер қаншама десеңізші. Пенде байлықты, бақытты басқа жерден емес, тек қана өз бойынан іздеуі тиіс. Уақыт бір орнында тұрмайды, шеңбердің бойымен зырылдап айнала береді, айнала береді. Бұл табиғат заңдылығы. Оқымысты-ғалымның, ақын-жазушының, өнер иесінің бойындағы жинаған, үйренген білімі-бұрыннан қалған рухани-байлықты, білім-қазынасын тек қана қайталау және тағы да қайталау болып табылады. Доскей бала шығыстың дана - шайырларының ғылыми, әдеби еңбектерін көбірек оқыған сайын, ғажайып бір рухани сезімге, рақатқа бөленеді. «Білім-инемен құдық қазғандай» деген мақалдың мән-мағынасын енді ғана түсіне бастағандай. Ендігі оның арман-мақсаты ақындық өнер жолында биік шыңға, дәрежеге көтерілу. Өнер жолы өте қиын, қызықты, аумалы-төкпелі тұстары көп өте күрделі жол. Ол қаншама батырлар жырын, ғашықтық дастандарды жаттап, зердесіне құйып алды. Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің, фольклорының туындыларын, шыққан тарихын көбірек білген сайын тұла бойындағы ақындық өнерге деген құлшынысын одан сайын күшейе түскен. Жер мен табиғат-ана адамзат баласының өмірдегі басты - табиғи ұстазы. Күн, ай, жұлдыздар, жылдың 4 мезгілі, таза ауа, самал жел, табиғаттың сұлу көріністері, түн патшалығы Доскейдің ең сенімді, жақын, сырлас достары. Ол бойына қажетті күш-қуатты қоршаған ортадан, табиғаттан алады. Сарыарқаның таза ауасы оған саф алтынмен пара-пар. Көктегі жарқыраған алтын күн әкесі болса, жер-ана туған анасындай боп көрінеді. Ол ұйқыға түн ортасы болғанда ғана дайын тұрған төсегіне келіп жатты. Түсінде үнемі

көк аспанда қыран құстай биікте қалқып ұшып жүреді. Далада қараңғы түн. Аспанда миллиардтаған жұлдыздар жыпырлап, жымыңдап тұр. Ай жап-жарық боп өз нұрын жан-жағына шашып, түн қараңғылығына жарық бергендей. Доскей зуылдап, зымырап жұлдыздардың арасымен жеті қат көкке қарай біртіндеп көтеріліп келеді. Қанаты жоқ, бірақ қалай ұшып келе жатқанына өзі де аң-таң. Ұшу жылдамдығы күн сәулесі жылдамдығына пара-пар сықылды. «Құс жолы» тұмандығында, шексіздігінде биікке, жоғары қарай тоқтаусыз зырылдауда... Көк аспан биігінде тек құстар ғана ұша алады деп ойлаушы еді, ол ойы дұрыс емес екен. Адам баласы да қанатсыз ұша алады екен, бұрын мұндай ой басына қалай келмеген? Ұшқан кезде, денесінің ауыр салмағын ешбір сезінер емес. Миллиардтаған жұлдыздардың арасымен зу-зу етіп ұшып жүр. Жердің тартылыс күші ешбір әсер етер емес, жер бетіндегі адамдардың күйбең-тіршілігін, болмашы тірлігін естен шығарып, басқа бір беймәлім әлемге еніп кеткендей күй кешуде. Жер бетіндегі адамдардың ойлау дәрежесі, өмір сүру деңгейі, сана-сезімі қалайша өте төмен деңгейде. Қарапайым адамдар алтын уақытқа, жұтқан ауаға, жарық дүниеге, күннің жылуына, ішкен суға, азық-түлікке т.б. нәрселерге тәуелді. Ал, шексіз кеңістікте бәрі басқаша. Мұнда толық еркіндік, шексіздік. Мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған жылдар зырылдап өте береді. Шексіздік әлемінде уақытқа тәуелділік жоқ. Қайта уақыттың өзі шексіздікке тәуелді сияқты. Мұнда адамдарға тән қартаю процесі жоқ. Әрбір күн системасы, галактикасы, ғаламшар триллиондаған жылдар бойы өмір сүре береді. Жер бетіндегідей жанталас өмір, күрес, алыс-жұлыс, қатыгездік, зұлымдық, өшпенділік, сатқындық, екіжүзділік, қызғаныш, көреалмаушылық, іштарлық, тойымсыздық, ашқарақтық, қанағатсыздық, адамдар арасындағы қарама-қайшылық, талас-тартыс байқалмайды. Әрбір галактика, газ тұмандығы өзінің территориясында, шеңберінде айналып жүре береді. Әр галактика да саналы, тіршілік иелері бар. Бірақ, ақыл-парасат, сана-сезімдері, даму деңгейлері, өмір сүру ортасы әртүрлі. Олар жер бетіндегі адамдардың өмір сүру деңгейін, тіршілігін, надандыққа толы беймаза, болмашы тірлігін көріп таң-тамаша болады. Жер бетіндегі өмір сүру формуласы таза жасандылық, көзбояушылық, бірін-бірі алдау-арбау. Әділетті, шынайы қоғам, заң болмағасын бәрі екіжүзділіктен, жасандылықтан, өтіріктен, сатқындықтан тұрады. Әркімге өзінің өңеші, боқ-қарыны жақын. Бір тамшы судан пайда болған адам баласы, өлген кезде қайтадан бір тамшы суға, буға, топыраққа айналып көзден ғайып болады. Адам тірі кезінде ішкен суға, тәннің қызығына, сезіміне, рақатына, қызық думанға бір тоймайды, кішкентай екі көзі, нәпсісі тойымсыз, ашқарақ ешнәрсеге қанағат етпейді. Өйткені, денесі судан, топырақтан жаратылған. Адам денесі су, су дегеніміз-бу, ал бу көзге бұлдырлап көрінген сағым... Доскей бала шексіздік кеңістігінде армансыз қалықтап ұшып жүр. Ол шексіз космостан өз бақытын, ақындық өнерін іздеп жүргендей...

Доскей балам тұра ғой, құлыным тұрсайшы деген анасының дауысынан оянып кетті. Бір жағынан осының бәрі түсі болғанына өкініп тұр. Аспанда қалықтап ұшқан қандай рақат, оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ұйқысын аша алмай, мең-зең болып төсекте біраз отырды. Анасы күйбеңдеп таңертеңгілік шайды дайындап жүр. Ол төсегінен тұрып, есік алдына шығып, суық сумен беті-қолын жуды. Күншығыстан қып-қызыл болып, алтын күн көрінеді. Таңғы шайын жақсылап ішіп

алған соң, үстіне жұмыс киімдерін киіп, киіз үйден далаға шықты. Таңғы салқын самал жел беттен өбеді. Есік алдында байлаулы тұрған жайдақ атқа ер-тоқымын салып, үзеңгіге аяғын салып, атқа қарғып мінді. Шарбақ албардың ішіндегі отар қойды өріске қарай айдай бастады. Арайлы таң енді ғана біртіндеп атып келеді. Ауыл адамдары әлі қалың ұйқы құшағында. Таң атты дегенді білдіргендей, ауылдың әр жерінен әтештердің айқайлап шақырғаны, иттердің абалап үрген дауыстары естіледі. Төңіректің бәрі жап-жасыл түске боялып, жер-ана сұлу қыздай құлпырып шыға келген. Доскей көктем айынан ерекше бір шабыт алады. Бұл айда көңіл-күйі көтеріліп, ақындық өнері тасыған өзендей күшейе түседі. Сарыарқаның жазық даласында қой бағып жүріп, жаттап алған батырлар жырын таңертеңнен кешке дейін ыңылдап жүріп айтады. Ат үстінде жүргенде өзін бұрынғы заманның батырындай, ақын-жыршысындай сезінеді. Батырлар жырын айтқан кезде, рухы күшейіп, тұла бойындағы күш-қуаты тасып, бойына симай кетеді. Оның айтқан жырын жер-ана, аспандағы күн, жер бетіндегі барлық тіршілік иелері ұйып, мүлгіп тыңдап тұрғандай болады. Батырлар жырын айтқан кезде, бойындағы намысы одан сайын күшейе түседі. Доскей баланың бойындағы басты байлығы - ақындық өнері, жігіттік намысы. Намысы бар адам бақытты, ақылды адам, намысы жоқ адам ақымақ, надан деп ойлайды. Тұла бойында намысы, жігер-қайраты, білімі, өнері болмаған адамның құны көк тиын, ол адамның бағасы салдырлаған бос шелекпен тең. Адам өмірінің мәнділігі, сәнділігі, сапалы, қызықты болуы намысқа тікелей байланысты. Ғылым, өнер, білім түрлері - адамның намысын оятатын негізгі қозғаушы күштер. Намысты жан батыл, жүректі болып келеді. Өмірде адамның құны, қоғамдағы орны, адамдар арасындағы беделі, адамгершілік қасиеттері намыс пен ақыл, білім, өнер арқылы бағаланады. Негізі намыс күші-адамның бойындағы қуатына қуат, жігеріне жігер, қайратына қайрат қосады. Кез келген адамның ақыл-парасатын, білімін, дәрежесін, салмағын көрсетіп тұратын гауһар тастай - күндей жарқырап көрінетін намыс күші, нұры немесе алмас қылыштай жарқырап көрінетін намыс оты. Ол бойында намыс отының, қуатының барына қуанады. Адам бойындағы намыс күшін оятатын тағы бір нәрсе-көк аспандағы күн, таза ауа, жер-ана, жыл мезгілдері және сазды, әдемі музыка-әуен мен қазақ халқының кең жазиралы дархан, ғажайып даласы, бал татыған қымызы, желмен жарысқан сәйгүлік жылқылары. Сәйгүлік атқа мінген қазақтың намысы 100 есе, 1000 есе күшейіп кетеді. Доскей бала боз жорға атына мінген кезде, делебесі қозып, намысы күшейіп, аттың басын жіберіп, жазық далада емін-еркін, ерсілі-қарсылы еркін, ұзақ шабады. Шапқан кезде, құлағына желдің гуілі келіп, өзін ұшып келе жатқан құстай сезінеді. «Ат - ердің қанаты» деп қазақ халқы тегін айтпаған болар. Ұшы-қиыры жоқ шексіз қасиетті жерде табиғаттың таңғажайып сұлу көріністерін көріп, таудан сарқырап аққан судың гүрілін, бұлақтың, өзеннің сылдырын естіп, сан алуан құстардың неше түрлі дауыста салған әндерін естіген жан, жылқының үстінде отырып Сарыарқаның самал желімен жарысқан, түнгі аспандағы ай, жұлдыздармен сырласатын, алтын күннің ыстық, нұрлы шуағын бойына сіңірген, небір батырлар жырын, ғашықтық дастандарды бірнеше тәулік бойы жатқа айтатын Доскей баланың ақын болам деп талпынуы, армандауы бойындағы ақындық өнердің бұлқынысы, бұрқ-сарқ қайнаған жыршылық, ақындық қабілеттің оттай алаулап келе жатқан талпынысы, ұшқыны

деуге болады. Әсіресе, шығыс шайырларының өнер, білім, ақыл-парасат, өмір жайлы даналық, денсаулық туралы даналық трактаттары Доскей баланың сана-сезіміне қатты әсер етті. Көк аспан астындағы, жер бетіндегі өмір сүріп жатқан адамзат баласының ғұмыры уақытша, өтпелі, көрген түс сияқты нәрсе. Жер бетінде тіршілік иесі-Адам ата мен Хауа ана пайда болғалы, адамзат тарихында қаншама өзгерістер болды. Миллиондаған жылдар ішінде Адам атаның қаншама ұрпағы ауысты, миллиардтаған адамдар жер бетінен мәңгілікке жойылып, қара жердің астында қалды. Небір дамыған өркениеттер, адамзат ұрпағы дамудың ең биік шырқау шыңына көтерілгенмен, ғылыми-техникалық жетістіктің шырқау биігіне жетсе де, рухани-құлдыраудың, тәндік, жыныстық азып-тозудың салдарынан Он сегіз ғаламды жаратқан Құдірет иесінің, Алла-тағаланың қаһарына ұшырап, жер бетінен жойылып кетті. Олар қайтадан топыраққа, шаң-тозаңға айналып шыға келді. Адам баласының есте сақтау қабілеті өткен тарихқа, ұрпаққа келгенде көп нәрсені ұмытып, жадынан, есінен шығарып алады. Аспан астында бәрі өтпелі. Өйткені, жер-ана, күн-жұлдыздар, тіршілік иелері-айналу заңына толықтай бағынышты. Бір адам өмірден өтсе, оның орнына бір сәби жарық дүниеге келеді. Шеңбермен үздіксіз айналу заңы-шексіз кеңістіктің басты қағидасы, ережесі. Үздіксіз айнала беру мыңдаған, миллиондаған, миллиардтаған, триллиондаған жылдар бойы жалғасып келе жатыр. Ендеше, адамзат ұрпағын азып-тозудан, жер бетінен жойылып кетуден сақтайтын нәрсе-өнер патшалығы, дін, тіл, әдебиет, ғылым және білім түрлері...

Жер бетінде ақылмен дұрыс өмір сүру өте күрделі нәрсе. Адам деген үлкен, қасиетті атқа кір келтірмеу, адамгершілік, ар-намысты сақтай отырып ғұмыр сүру, тарихта өшпес із қалдыру саусақпен санарлықтай адамдардың маңдайына, пешенесіне жазылған бақ... Доскей көптің бірі болып, надандықпен, ақымақтықпен, білімсіз, өнерсіз-тек қана боқ қарынды тойдырудан, тәннің, нәпсінің, жыныстық құмарлықпен өмірін зая, бос өткізгісі келмейді. Оған әрбір алтын уақыт, күн, сағаттар, минуттар ерекше қымбат. Жастық шақ пен кәріліктің арасы қас-қағым сәт қана. Бүгін жаспын, ал қарттық кезең алыстағы нәрсе деп ойлау адамның үстіртін, таяз ойлағанынан туындайтын ой-пікірлер. Қазақ халқында «ақыл-жастан, асыл-тастан» деген даналық сөз бар. «Темірді қызған кезде соқ» деген мақал тегін айтылмаған болар. Ендеше, ол өз өміріне өте зор жауапкершілікпен қарайды. Адам баласына екі көз дүниедегі жақсылық атаулыны көру үшін, екі құлақ жақсы, жылы сөздерді есту үшін, қызыл тіл адамға жақсы сөз айтуға, екі қол жақсы, игілікті жұмыс пен істі атқаруға, екі аяқпен жер бетіндегі әдемі, сұлу жерлерді аралауға берілген. Бұл жарық дүниеде бір адам-бай, екінші адам-кедей, үшінші адам-ақын, ғалым, жазушы, төртінші адам-надан, қылмыскер, ұры, өтірікші, әр адамның өмірі, тағдыры әртүрлі. Мұның бәрі адамның сана-сезіміне, ақыл-парасатына, біліміне, пайымдау-ойлау дәрежесіне, көкірек көзінің ашық немесе жабық болуына көп байланысты. Адамның бақытты, ұзақ, қызықты, сапалы ғұмыр сүруі оның ойына, ақыл-парасатына, білім-өнеріне тікелей байланысты. Ой-күшті энергия көзі. Ой біртіндеп сөзге, ал сөз өз кезегінде нақты іске, жұмысқа айналады. Мұның бәрі айналып келгенде, адамның тағдырын құрайды. Басқа біреудің өміріне, жастық шағына, тән сұлулығына, байлығына, қызметіне, жақсы, шалқып өмір сүргеніне ешқашанда қызықпа. Қызғаншақтық, көре алмаушылық, жалқаулық, талапсыздық,

қорқақтық, жыныстық сезімге, құмарлыққа шектен тыс берілу адамның басты жаулары. Біреу үшін біреу өмір сүрмейді, тамақ ішпейді, ауа жұтпайды, жұмыс істемейді т.б. Доскейдің күндіз-түні ойлайтыны ақындық өнер, әншілік, сал-серілік, мағыналы, қызықты өмір. Ол бойындағы ақындық, жыршылық, әншілік, айтыскерлік өнердің, қабілеттің Алла тағала тарапынан берілгенін жақсы біледі, осының бәрін ыстық жүрегі жақсы сезеді. Сондықтан ол бар өмірін ақындық, айтыскерлік өнерге арнамақшы. Ақындық, жыршылық, айтыскерлік өнер дегеніміз - он сегіз ғаламмен байланысты нәрсе. Өнер адамы аспандағы күн, ай, жұлдыздармен сырласа білетін, адамның жан дүниесін тереңнен түсіне алатын, космостық деңгейде ойлау дәрежесі, қабілеті бар жан. Ақын-дүниедегі, өмірдегі үш деңгейде-өткен шақ, осы шақ, келер болашақты, уақытты ойлай алатын ақыл-парасат иесі. Ақын адам үшін алтын уақыттың бастауы мен аяқтауы деген ұғым-түсінік мүлдем болмайды. Оған уақыт деген мәңгілік нәрсе. Ақын мәңгілік пен шексіздіктің құрамдас, бөлінбес бөлігі. Жай, қарапайым адам тек қана жердегі, төменгі эфирде, сана да ойлай-пайымдай алады, оның ойлау қабілеті-шектеулі. Ал, өнер адамы, бойында ақындық, жазушылық, айтыскерлік, күйшілік, әншілік қарым-қабілеті бар адамның жүрегіндегі көкірек көзі ашық, шексіз, мәңгілік айналып, қозғалып тұратын біртұтас шексіздіктегі жоғарғы эфирдегі, күшті, нұрлы энергия көздерімен, толқындарымен, тербелістерімен әрдайым байланыста болатын жан иесі. Ендеше, жай қарапайым адамдар көбіне ондай ақындардың ішкі жан-дүниесін, дүниеге деген көзқарасын түсіне де, біле де алмайды. Мысалы: ақын адам үшін кез келген адамның ғұмыры, өмірі мәңгілік деп санаса, ал жай адам бұл дүние, өмір-уақытша, шектеулі деп пайымдайды. Көкірек көзі ашық ақын адам өмірді, дүниені, шексіз әлемді тұтас бір энергияның жиілігі, 108 химиялық элементтердің мәңгілік, тоқтаусыз айнала беретін нұр-энергияның қозғалысы, бір-бірімен химиялық реакцияға түсіп, шектеусіз айнала беретін ыстық энергия толқындары, тербелістері деп ойлайды, қабылдайды. Ақын адам үшін өткен шақ, осы шақ, келер шақ деген ұғым мүлде болмайды. Ол 100 жылды, 100 мың жылды, 500 миллион немесе миллиард, триллиондаған жылды, алтын уақытты өткен шақ пен келер шаққа бөлмейді, мұның бәрі уақыт пен ыстық энергияның басталуы мен аяқталуы да болмайтын мәңгілік процесс, шексіздікке ұласқан дүние деп ой түйіндейді. Сонымен, ақын адамды космостық, шексіздік энергия түрі деп ойласа, ал жай адам жерді тәндік деңгейде, энергия тербеліс жиілігінде талдау жасайды. Уақытты жердегі адамдар ойлап шығарған, ал космос заңдылығы, уақытқа емес, энергия толқындары мен жиілігінде пайда болатын ыстық толқын мен химиялық процеске тәуелді, бағынышты. Адамның денесі уақытша өмір сүрсе, ал оның бойындағы айналып, қозғалысқа түскен энергия мәңгілік құбылыс. Сонда, ой, энергия толқындары, химиялық элементтері организм, жан. Жай адам мен өнер адамының көзқарастары, дүние танымдары бір-біріне мүлдем сәйкес келмейді. Өйткені, біреуі жоғарғы энергия жиілігінде, ал екіншісі төменгі энергия жиілігінде ойлағандықтан, көзқарастары екі түрлі болып келеді. Міне, осындай шым-шытырық, түсініксіз ойлар Доскей баланың басын шырмап алып бір жібермейді. Доскей баланың өнердегі басты ұстазы-табиғат ана және қоршаған әлем, кеңістік. Ол Сарыарқаның кең даласында мал бағып жүргенде, үнемі жер-анамен сырласады, жан дүниесіндегі шерін, мұңын, жүрек сырын табиғат-анаға

жайып, ақтарып салады. Туған анасынан кейінгі екінші анасы-қасиетті, киелі, қамқоршы жер-ана. Жер жаны бар, тірі организм. Оның жүрегі жердің ортасындағы *ыстық мантия. Жер өзінің кіндігінде тоқтаусыз айналып тұруы-жүрегінің жиілікпен, соғуы деп санайды. Жерде қартаю механизмі болмайды, онда тек жасару механизмі ғана жұмыс істейді. Жердің миллиардтаған жылдар бойы тіршілік етуінде, өмір сүруінде терең құпия-сыр бар сияқты. Табиғат-ана негізгі 4 принципке, заңға бағынады. Жылулық, жақсылық, мейірімділік, әділдік. Жақсылық жасау жердің басты заңы, қағидасы. Ол бұл ережеден ешқашанда ауытқымайды. Қасиеті жер-оның үстінде ғұмыр сүріп жатқан барлық тіршілік иелерінің ортақ анасы. Адамзат баласы өзіне қажетті азық-түліктің бәрін, суды, таза ауаны, сұлулықты, байлықты, өнерді т.б. жерден алады. Табиғат жақсылық жасаушы, ал адам баласы соны пайдаланушы. Жүрегінде жылулығы, мейірімділігі жоқ қара ниетті, пиғылды адамның құны көк тиын. 100 жыл, 150 жыл, 200 жыл ұзақ ғұмыр сүргің келсе, айналаңдағы адамдарға тек жақсылық жаса, жақсылық жаса, тағы да жақсылық жаса! Қазақта даналық сөз бар: «Жүйелі сөз жүйесін табады, ал жүйесіз сөз иесін табады» дейді. Әрбір адам аузынан шыққан әрбір сөзді алдын-ала ойланып алып сөйлеуі тиіс. Менделеев таблицасында әр химиялық элементтің өзіндік салмағы, қасиеті бар. Ендеше, әр сөздің өзіндік салмағы, қасиеті, энергетикалық күші болады. Өмірін мәнді, қызықты, сапалы болу үшін әрбір сөзді алдын-ала ойланып сөйле. Қалай басыңмен ойлайсың, сөйлейсің соған байланысты өмір сүру деңгейінде тіршілік етіп, өмір сүресің.

Жарық дүниеге келген әрбір адамға ең алдымен мықты, зор денсаулық, одан кейін білім, өнер, ғылым, ақыл, сабырлық т.б. адамгершілік қасиеттер қажет. Білімсіз, өнерсіз адам-өмірде надан, ақымақ, қараңғы болады. Ондай жанның жүрегіндегі көкірек көзі жабық болады. Надан, білімсіз адам арам пиғылды, іші тар, қызғаншақ, өзімшіл, қара ниетті, тойымсыз, сабырсыз, қанағатсыз, жалқау, сана-сезімі төмен болып келеді. Надан адамның бүкіл ғұмыры мәңгісіз, жел қуған қаңбақтай болып өте шығады.

Ал, Доскей әлі 15 жаста болса да, білімге құштар, жүрегіндегі көкірек көзі ашық, бойында ақындық, жыршылық, әншілік қабілеті күннен-күнге күшейіп келе жатқан талапты, намысқой, жігерлі бала. Ақындық, айтыскерлік өнер-бір Құдайдан. Оның бар байлығы, асыл қазынасы, бойындағы өнері-ақындық! Ол шығыс шайырларының кітаптарын, көркем шығармаларын, билердің даналық-шешендік сөздерін, батырлар жырын бас алмай, өте көп оқиды. Оқығанын миына, санасына тоқи береді.

Алла тағала Доскейге ақындық қабілет, мықты денсаулық және дене мүшелерін берді. Оның тәні, денесі, дене мүшелері, сезім мүшелері уақытша берілген. Ертең-ақ көзді ашып-жұмғанша балалық шақ, жастық шақ, қарттық шақ сағаттай зырылдап өте шығады. Миллиондаған, мыңдаған жылдармен салыстырғанда, 100 жыл, 200 жыл дегеніміз секундтар емес пе? Бір күні оның ғұмыры да сынаптай өтеді, денесі қара жердің қойнауында мәңгілікке қалады. Сонда Доскейге осынау өмір, жарық дүние не үшін берілген? Әрине, бойындағы ақындық өнерін қазақ халқына паш ету үшін және ақындық, жыршылық, әншілік өнері арқылы Құдайдың Құдіретін, болмыс-бітімін адамдарға таныту, көрсету.

Миллиардтаған жылдар ішінде: миллиард адам жер бетіне келіп, біраз жыл өмір сүріп, ғұмырдың қызығы мен шыжығын көріп, одан кейін жер-ананың қойнауына кетті. Миллиондаған адамдар тәннің, нәпсінің, сезімнің құмарлығы үшін ғана өмір сүретін секілді. Сол себепті, олардың аттары, есімдері тарихта қалмайды. Доскей бала көптің бірі болып, мән-мағынасыз, тектен-текке ғұмыр сүргісі келмейді. Оның тағдыры-ақындық жол. Ол бар өмірін осы жолға арнады. Ақын болу Құдайға бір табан жақындау дегенді білдіреді. Ақын адам қашанда жұмбақ, оның жан-дүниесі өте күрделі. Ақын адам көбіне өзінің жүрегімен, ішкі әлемімен сырласады, өзінің жан-дүниесін зерттейді, неше түрлі ойға беріледі. Ақынның ойы-шексіз, он сегіз мың ғаламды шарлап кетеді. Ойда шекара жоқ. Әсіресе, шығыс ғұлама-оқымыстыларының, ақын-жазушыларының, ғалымдарының суфизм ілімін, бағытын жан-жақты зерттеуі, ілім-білімнің қайнар көзін содан алуы Доскей баланың қызығушылығын, ынтызарлығын оятты. Ол шығыс данышпандарының шығармаларын, ақыл-парасат жайлы трактаттарын оқу арқылы бір нәрсеге көзі жетті. Жер бетіндегі барлық білім-ғылымның қайнар көзі-шығыс даналарынан, философиясынан басталған екен. Оның ішінде суфизм ілімінің ықпалы өте күшті болған. Сол себепті, Доскей де шығыс ойшыл-философтарының туындыларын ерекше ықылас-зейінмен оқи бастады. Оқыған сайын білім мұхитының тереңінен небір інжу-маржан, асыл тастарды көріп, білім көкжиегін кеңейте түсті. Сол туындыларда кездесетін аңыз-әңгімелерден ерекше рухани ләззат алып, жан дүниесі рухани байлыққа тап болды. Сондай философиялық мағынасы терең әңгіменің бірі сана-сезіміне, ішкі әлеміне қатты әсер етті. Бір шығыс, орта азия мемлекетінің патшасы өзінің нөкерлерімен, уәзірлерімен сән-салтанатты жағдайда, асыл тұқымды сәйгүлік аттарына мініп, маз-мейрам боп келе жатады. Хан өзінің қол астына бағынышты патшалықта тұрып жатқан қарапайым халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен жақынырақ танысу үшін арнайы сапарға шыққан болатын. Хан өзінің дәулетін, қазына-байлығын, жомарттығын халыққа көрсету үшін алдарынан шыққан адамдарға, кедей-кепшіктерге алтын-күміс тиындарды уыстап шашады, мұншалықты байлықты бұрын көрмеген қара халық алтын-күмісті таласа-тармаса, жанталаса, жапа-тармағай бір-бірімен төбелесіп, ит құсап ырылдасып жүріп жерден тереді. Мұндай аянышты, жиіркенішті көріністі көрген хан маз болып, қарқылдап күледі. Осылай келе жатқанда, алдарынан үсті-басы, киген киімдері алба-жұлба, сақал-мұрты өсіп кеткен, ұсқынсыз бір бейшара қарт адам кездеседі. Бұл бейбақты көрген хан, бұл кісіні танып, аттың үстінен түсіп, қарияға иіліп сәлем беріп, оның аяғына жығылады. Мұны ханның уәзірлері, нөкерлері, айналадағы адамдар көріп, таң-тамаша болады. Бір мемлекеттің ханы жолында кездескен бір кезбе шалға кездесіп, оған неге соншалықты жалпақтап құрмет көрсетіп жатыр деп баршасы түкке түсінбей тұрады. Сөйтсе, бұл кезбе қарт ханның туған әкесі болып шығады. Кезінде бұл қарт өзінің патшалығын ұлына қалдырып, байлық пен алтын тақтан бас тартып, тақуалық, сопылық ғұмыр кешемін деп жер-дүниені аралап кеткен екен. Міне, содан бері бірталай жылдың жүзі болыпты. Хан әкесінің қал-жағдайын тәмпіштеп сұрайды. Әкесіне жалынып, елге оралуын өтінеді. Бірақ, әкесі оған көнбейді. Осы өміріне, тағдырына риза екенін жеткізеді. Қарт адам ұлына қолында ұстап тұрған кішкентай ғана ағаш ыдысқа тамақ сатып алуға бірнеше

пақыр ғана тиын салуын сұрайды. Хан қасында тұрған уәзіріне қарап бұйрық береді. Тез арада әкемнің кішкентай ыдысына уыстап алтын сал деп бұйырады. Уәзірі ханның бұйрығын екі етпей, кішкентай ағаш табақшаға алтын салады. Бірақ, кішкентай ыдысқа салған алтыны құмға сіңген судай болып жоқ боп кетеді. Уәзірі алтын салынған қаптан уыстап-уыстап алтын алып, табаққа салады. Тіпті, болмағасын қап-қап алтынды кішкентай табақшаға қанша салса да, бір толмайды. Хан тағы да уәзіріне қарап, 40 қап алтын сал деп әмір береді. Алайда, соншама көп алтынның өзі кішкентай ыдысқа жұғымда болмайды. Қап-қап алтын мен күмісті қанша салса да, табақты толтыра алмай әбден әбігерге түседі. Хан өзінің уәзәрлерін хан сарайына жұмсап, одан 100 қап алтын-күмісті алдырады. Салып жатыр, салып жатыр, бірақ кішкентай табақ соншама қазына-байлықты түгін қоймай жұтып жатыр, қылғытып жатыр, қайда кетіп жатқаны белгісіз. Сала-сала алтын-күмісте таусылады. Одан кейін қап-қап азық-түлік өнімдерін алдырып, тойымсыз ыдысқа қанша салса да оны толтыра алмай жынды болады. Әбден шыдамы, төзімі таусылған хан әкесіне жалынышты, аянышты көзбен қарап, мына кішкентай табағын нағыз жалмауыз, ештеңеге көзі тоймайтын барып тұрған мешкей екен, салған нәрсенің бәрін түк болмағандай қылғытып сала береді. Жер бетіндегі қазына-байлықты салсаңда бір тояр емес. Менің бүкіл өмір бойы жиған қазына-байлығымды, алтын-күмісімді және қоймадағы азық-түліктің бәрін жұтып қойды. Бұл табақтың өзі неден жасалған, нендей сиқыры бар деп әкесінен сұрады. Міне ұлым дұрыс байқаған екенсің. Осынау кішкентай табақша ыдыс көздің тойымсыздығынан, тән мен нәпсінің қанағатсыздығынан, мешкейлігінен, дүниедегі барлық нәрсенің қызығын көрсем, дәмін татсам, көңіліме келген нәрсенің бәрін істесем, қызыққан затымды ала берсем, қалаған нәрсемді жей берсем деген көңіл және тән қалауынан пайда болған. Адамзат баласы бұл жарық дүниеде, жалғанда ешнәрсеге көзі де, өзі де бір тоймайды. Тәні мен нәпсісін, көңілін мешкейлік дерті жаулап алған. Адам бойы мен кішкентай көзінде ешқандай қанағат жоқ, сол себепті адамның өне-бойы толған мешкейлік пен тойымсыздық, қанағатсыздық... Жігіт сұлу қызға, мансап пен лауазымды қызметке, жылтыраған алтын мен күміске, боқ қарын тамаққа, адамның тәні жыныстық құмарлыққа, адамның көзі байлық пен қызыққа, сұлулық дүниесіне бір тоймайды. Адам бойында өзімшілдік мінез-құлық басым. Жер бетіндегі барлық нәрсе жалғыз ғана менікі болсын деп армандайды. Осынау жарық дүниені жалпағынан басып, мәңгілік ғұмыр сүрсем деп қиялдайды және өзін ешқашанда өлмейтіндей сезінеді, ойлайды. Адамның көзі мен көңіл қалауында ешқандай шек бір тыныс алып, таза ауаны жұтуының өзі үлкен бақыт, байлық емес пе? Адамның жер бетін алшаң-алшаң басып жүруі, күнделікті көк аспандағы алтын күннің жарығы мен жылуын өз көзімен көруі, кеудесіндегі ыстық жүрегінің дүрс-дүрс етіп соғып тұруының өзі нағыз бақыт пен қуаныш емес пе? Кез-келген пенде мәңгілік жастық шақ пен мәңгілік өмір сүрсем деп ойлайды. Ал, мәңгілік деген ұғым бір Аллаға тән нәрсе екенін бір сәт есінен шығарып алатын сияқты. Адам жер бетінде уақытша өмір сүретінін біледі, сол себепті бұл өмірден өзінің сыбағасын толық алғысы келеді. Адам қартайған сайын тұла бойын, жан дүниесін нәпсіқұмарлық пен дүниеқұмарлық сезімі билеп алады. Қартайған адам жас жігіттің жастық шағына қызыға қарайды, кәрі кемпір жас қыздың сұлу мүсініне, тәніне сұқтанады. Шал

қайтадан жігіт болсам деп, ал кемпір сұлу қызға айналып шыға келсем деп армандайды. Бірақ, бұл мүмкін емес. Уақыт артқа жылжымайды, қайта алға қарай жылжи береді. Өткен уақыт, жастық шақ, өткен қызық пен жалындаған жылдар қайтып оралмайды. Пенде бақытты, байлықты, сұлулықты, қызықты сырттан іздейді де, бұл өмірден адасады. Адамның денсаулығы мықты болып, он екі мүшесі сау болса, сол нағыз зор байлық! Байлық, бақыт, қуаныш, қанағатшылдық, дәулет, қазына-байлық адамның ішкі әлемінде, миында, жан дүниесінде жатыр.

Доскей бала 15 –тен жаңа асса да, өзін үлкен жігіттей сезінеді. Әр сөзін, әр ісін алдын-ала ойланып алып сөйлейді. Бір өкінетін жері балалық шақтың қызығын толық көрмеді, туған анасының жылуын толық сезінбеді, әке тәлім-тәрбиесін толық алмағаны жанына қатты батады. Тірі жетім деген сөз жүрегіне инедей қадалып, тұла бойын түршіктіреді. Осынау өмірдегі бар байлығы, қазынасы бойындағы Алла тағала берген ақындық өнері. Бұған Тәңір иесі үлкен жауапкершілік жүктеген. Ол бойындағы ақындық, айтыскерлік, әншілік, шешендік өнерін біртіндеп дамыту арқылы ақындық өнердің, сөз құдіретінің биік шыңына көтерілу. Өнердің қандай түрі болмасын қазақ халқының асыл қазынасы, мұрасы. Ақындық өнер бір Құдайдан, Құдірет иесі берген зор байлықтың, бақыттың бірі. Ендеше, Доскей жетімдіктің қамытын кидім екен деп неге мұңая беруі тиіс. Осынау жер бетіне, жарық дүниеге келуінің өзі нағыз бақыт емес пе? Ол қазақтай ақылды, дархан, қонақжай халқы тұрғанда ешқашанда жетімдік қасіретін тартпайды. Он мың адамның ішінде біреуі ғана ақын боп тууы мүмкін, міне осындай бақыт құсы Доскей баланың басына келіп қоныпты. Осыны ойлағанда Доскейдің тұла бойын қуаныш сезімі билейді. Ақындық өнер оның бойындағы жарқырап көрінген «гауһар тас». Адам көп болса, 100-300 жыл ғұмыр сүруі мүмкін, ал ақындық өнер мыңдаған, миллиондаған жылдарға созылып, халықпен бірге жасай береді. Ендеше, ол бойындағы асыл өнерді күнделікті дамыта беруі қажет. Жер-ана, қоршаған табиғат ақындық өнер жолындағы ұлы Ұстаздың бірі. Ал, адам сол табиғаттағы өнерді үйренуші, қайталаушы. Ақындық өнер тылсым табиғатпен, ғарышпен, жеті қат көкпен байланысып жатқан дүние. Ақын адам жаратушы иенің құдіретінің, болмысын жер бетіндегі адамзат баласына танытушы, дарытушы дара тұлға. Ақындық өнер, сөз құдіреті Алла тағаланың жер бетіндегі кішкентай ғана ұшқыны, көрінісі. Доскей бала болса да, осы зор жауапкершілікті барынша сезінеді. Оның досы-кітап және қазақтың киелі, қасиетті қоңыр домбырасы. Кітаптағы білім қазынасы оның басына нұр болып құйылып жатыр. Неше түрлі батырлар жырын, ғашықтық дастандарды жаттап алған сайын, бойындағы рухани байлығы күшейіп, ақындық ой-өрісі дамып, тіл байлығы, сөздік қоры молайып, шешендік, айтыскерлік өнері дами түскен. Ол біртіндеп қазақ тіліндегі әр сөздің салмағын, қасиетін, физикалық әсерін, энергетикалық күш-қуатын және қай сөзді қай жерде қолдану ережесін жете түсіне бастады. Әр сөзді дұрыс, өз орнымен қолдана білу адамнан үлкен білімділікті қажет етеді. Тас түскен жеріне ауыр демекші, әрбір химиялық элементтің өзіндік салмағы, орны болатыны сияқты, әр сөздің де өзіндік салмағы, орны, ықпалы, физикалық әсері, дәрежесі, энергетикалық күш-қуаты өте зор. Айтылған сөз атылған оқпен бірдей. Қарудың оғы көзге көрінетін нәрсе, ал сөздің оғы, әсері көзге көрінбейді. Ендеше, ауыздан шыққан әрбір сөзді бір-бір оқ деп

түсіну қажет. Сөз көзге көрінбейді, бірақ дыбыс ретінде адамның құлағына, жүрегіне бірден әсер етеді. Сөздің физикалық күш-қуаты, атом бомбысымен бірдей, кейде одан да күшті. Сол себепті, қазақ халқы «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген мақалды тегін шығармаған болар. Кез келген адамның аузынан шыққан сөздер, «соғыс майданында» атылған оқпен бірдей. Сондықтан да, әрбір адам айтар сөзін алдын-ала жақсылап ойланып алуы тиіс. Жер бетіндегі әрбір адам сөздің қолданылу, айтылу ережесін, тәртібін, техникасын жетік меңгерсе, ондай адам кез-келген мақсатқа, байлыққа, бақытқа қол жеткізе алады. Сондықтан да, қазақ халқы сөз өнерін ерекше бағалап қадірлеген. Ақындық, айтыскерлік, жыршылық, шешендік, әншілік т.б. өнерді меңгерген адамдарды ерекше сыйлаған, құрметтеген. Ақындық, айтыскерлік өнер түрі-сөз өнерінің, ақыл-парасаттың биік дәрежесін көрсетеді, сөз өнерінің биік шыңы. Ақындық өнер - 1 миллиард доллардан да, мыңдаған тонна алтын-күмістен де қымбат. Оған жетер байлық жоқ. Ақынның аузынан шыққан әрбір асыл сөз алтынмен пара-пар нәрсе. Доскей бала ақындық өнердің, биік дәрежесіне көтерілу үшін, білім мұхитында алтын балықтай жүзу үшін, күндіз-түні кітап оқудан бас алмайды. Барлық нәрсе еңбек, оқу, білім, талап, іздену, әрекет арқылы келеді. Бойдағы ақындық қабілетті сақтау үшін адамға ақыл-парасат, сабырлық, төзімділік, еңбекқорлық, батылдық, белсенділік, күш-қайрат, адамгершілік қасиеттер, ар-намыс, тектілік қажет. Ақындық өнердің қорғаны-білім...

Бүгін Доскей баланың қуанышында шек жоқ. Өйткені, Сораң ауылының қыз бен жігіттері 15-тен жастан жаңа асқан Доскейді түнде болатын «ақ сүйек» ойын-сауығына арнайы шақырды. Оны бала демей Доскей ақын ретінде шақырғаны, жандүниесіне қатты әсер етті. Кеудесіндегі ыстық жүрегі дүрсілдеп, күні бойы қобалжып жүрді. Бұл шақта Доскейдің өлең шығаратыны, ақындығы, айтыскерлігі, өнері ел арасына сымсыз телефон арқылы ауыл-ауылға тарай бастаған кез. Ауылдың сылаң қаққан сұлу қыздары оған бала демей, жігіт ретінде қарай бастаған... Күні бойы Сораң жазығында Қоңырбайдың қойын бақты. Бірақ, бүгін біртүрлі бойына қанат біткендей, ерекше бір күйде, сезімде болды. Күні бойы екі көзі ауылда. Тезірек ауылға жеткенше асықты. Сонда қалай, балалық шақтан өтіп, бозбалалық шаққа жеткен ме? Жігіт болып қалғаны ма? Бозбалалық шақ 17-18 жастан басталушы еді ғой! Ауылдың сұлу бойжеткендеріне көз салып, қырындайтын жасқа жетіп қалғанмын ба деген әртүрлі ойлардан екі беті ду етіп қызарып шыға келеді. Осы жылдан бастап, дауысы жуандап, жігіт сияқты сөйлей бастағанын өзі де сезіп жүр. Оған қоса бетіне мұртта тебіндеп шығып келеді. Бұл да болса, жігіт бола бастағанның белгісі шығар. Табиғаттың заңы деген осы. Балалық шақтың дәмін толық татпаса да, жастық шақтың дәмін ерте татайын дегені ме? Осы уақытқа дейін жетімдіктің қасіретін аз татқан жоқ. Бұл да бір Алланың Доскейге оң көзімен қарай бастағанынан болар. Қазақта «бала өспей ме, жарлы байымай ма» деген мақал тегін айтылмаған болар.

Алтын күн қызара бөрітіп, өзінің алтын ұясына батып барады. Доскей отар қойды Сораң ауылына қарай ақырындап айдап келеді. Ауылға жақындаған сайын жүрегі дүрс-дүрс соғады. Мұндай кезде, ауыл көрінісі қандай тамаша! Қазақтың киіз үйлері алыстан домаланып тақия боп көрінеді. Киіз үйдің қасындағы пештің мұржасынан шыққан көк түтін будақ-будақ етіп жоғары көтеріліп, ауаға сіңіп жоқ

болып кетеді. Қыз-келіншектер күйбеңдеп кешкі тамақты дайындап, қазан-ошақтың қасында күйбеңдеп жүр. Өрістен қайтқан сиырлар, қойлар, қозылар. Енесінен адасып қалып, енесін таба алмай маңыраған қозы-лақтар... Ауыл іші у-шу, азан-қазан. Малдарын іздеп, ерсілі-қарсылы жүрген ауыл адамдары. Ауылға жақындаған сайын Доскейдің мұрнына пештен шыққан түтіннің, қидың қышқылтым, ащы иісі мұрнына келеді. Әсіресе, баланың отты көзіне, көбіне пештің маңайында жүрген ауыл келіншектері мен сұлу қыздар көз алдына келеді. Ауылдың барлық сұлу қыздары Доскейге ғана қарап жымың-жымың, қутың-қутың етіп қарай беретін секілді. Ол өзін солай сезініп келеді. Осындай ойлардан қысылып, екі беті бір қызарады, бір бозарады. Отар қойды ағаш албарға қамап, тезірек үйге жеткенше асықты.

Киіз үйге кірген Доскейді-Барғана мен Төлебике де қабақ шытпай, күлімсірей қарсы алды. Бұған ол іштей таңырқап қалды. Әлде, олар да оның жігіт болғанын сезіп қойды ма деп іштей өз-өзінен қуыстанды. Төлебике оған жымия қарап, жігітім тезірек беті-қолынды жуып, дастархан басына кел. Қарның ашып, шөлдеген шығарсың деп дауысын жұмсарта сөйледі. Доскей жігіт деген сөзді естігенде, ол аңтаң боп, есеңгіреп бір орнында тұрып қалды. Саған не болған, - деп, Төлебике оған жымия қарады. Жай әншейін шаршағаннан болар, - деп ойына келген сөзді айта салды. Есік алдындағы темір шылапшынға суық су құйып, беті-қолын, денесін сабынмен жақсылап жуды. Бүгін ұзақ жуынды. Суық сумен жуынғаннан болар денесі әжептәуір сергіп қалды. Орамалмен беті-қолын, денесін асықпай сүртті. Киіз үйдің ішіне кірсе, Барғана мен Төлебике оны дастархан басында күтіп отыр екен. Жігітім, қызға баратындай бүгін тым ұзақ жуындың ғой, - деп Барғана туысы аппақ тістерін ақсита күлді. Доскейдің екі беті тағы да ду ете түсті. Бұлар менің ойымды оқитын көріпкел, сәуегей болып кеткеннен сау ма, - деп екеуіне бажырая қарады. Тезірек дастархан басына кел, тамақ суып қалады, - деп екеуі екі жақтан. Доскей үн-түнсіз кеп дастархан қасына келіп жайғасты. Төлебике бүгін дастарханның үстін жайнатып жіберіпті. Жаңа пісірілген ыстық бауырсақ, қуырылған бидай мен сары ірімшіктен жасалған қоспа, мейіз, кәмпит, сары май т.б. Ең алдымен дастарханға үлкен домалақ табаққа салынған буы бұрқыраған семіз марқаның балбырап, бабымен пісірілген қой етін әкеп қойды. Еттің үстінде қысқы соғымнан қалған шұжық пен тұзға қақталып, ұнның ішінде жатып майы сарғая бастаған сүрленген ет. Еттің дәмді иісі мұрынды жарып, адамның тәбетін ашып, ауыздан сілекейін ағызады. Барғана қолына бәкісін алып, етті баппен турады, одан кейін еттің үстіне тұздық әкеп құйды. Барғананың да ержетіп қалған үш баласы да дастархан басында отыр. Барлығының көздері етте. Үйдің иесі ең алдымен еттен алған соң, барлығы жапа-тармағай етке бас салды. Семіз марқаның еті қандай дәмді болады. Тек қылғыта жұта бересің. Оған тіл үйірер шұжық пен сүрленген ет қосылса... Әп-сәтте табақтағы етте таусылды. Одан кейін кеселерге езілген құрты бар ыстық сорпа құйылды. Сорпа да жақсы ішілді. Ет жеп, сорпа ішкен соң, барлығының көңілдері жайланып, езулеріне күлкі үйіріліп, көздеріне қуаныш сезімі ұшқындады. Еттен кейін, барлығы сүт қосылған шай ішті. 10 литрлік жез самауырында қайнаған ыстық шайдың дәмі ерекше болады емес пе?

Киіз үйдің іші ала көлеңке. Үстелдің үстінде керосинмен жанатын білтелі шам жанып тұр. Оның жарығы үстелдің маңайын ғана жарқыратып көрсетеді. Шамнан керосиннің күлімсі иісі мұңкіп тұр.

Доскей Барғана мен Төлебикеге бүгін өзінің ауылдағы «Алтыбақанға» баратынын айтты. Олар қарсы болмады.

Ол бүгін ұзақ дайындалды. Түн патшалығы орнаған. Аспанда самаладай жарқырап ай көрінеді. Миллиардтаған жұлдыздар жымың-жымың етіп, көк аспанды жаулап алған. Оның жүрегі дүрсілдеп, кеудесінен шығып кететіндей жұлқынады. Тұла бойын сөзбен айтып жеткізбейтін қуаныш сезімі билеп алған. Қобалжу әсерінен біртүрлі денесі дірілдейтін сияқты. Мөлдір махаббат, жалындаған жастық шақ, сұлу қызға ғашық болған алғашқы сезім... Аспандағы ай мен жұлдыздар жер бетіндегі алғашқы Адам ата мен Хауа ана пайда болғалы, қаншама жастардың мөлдір махаббатына, шынайы сезіміне куә болған шығар... Міне, осы түн патшалығы, самаладай жарқырап жан-жағына жарығын шашқан ай мен жұлдыздар да Доскейге жігіттік өмірдің қызықты сәттері күндері мен түндері басталды дегендей жымындап, сәттілік тілеп тұрғандай. Жалындаған жастық шақта зырылдап өте шығады, сол себепті осы бір бақытты, қызықты шақтың әр күнін мағыналы өткіз деп тұрғандай сыңай танытып тұрғандай.

Ауыл ішінен иттердің шәуілдеген, абалап үрген дауыстары естіледі. Ол біртіндеп «Алтыбақан» тұрған ауылдың шетіне жақындап келеді. Жақындаған сайын киелі домбырасын қаттырақ қыса түседі. Ауылдың қыз бен жігіттері «Алтыбақан» маңайына жиналып қалыпты. Жас, сұлу қыздардың сыңғырлаған, сылқ-сылқ күлген ашық, жарқын күлкілері естіледі. Алтыбақанда тербетіліп, махаббат әнін шырқаған қыз бен жігіт. Түн патшалығы сұлу бойжеткен мен сері жігіт үшін жаратылғандай. Сұлу қыздардың сұлулығы, әдемілігі, әдемі көздерінен ұшқан ұшқын, махаббат сезімі, лүпілдеген ыстық жүректердің дүрсілі алтыбақан маңайын жарқыратып жібергендей. Тіпті, аспандағы ай мен жұлдыздардың өзі жер бетіндегі қыз бен жігіт арасындағы шынайы сезімді, арудың сұлулығын қызғанып тұрғандай кейіп танытады. Егер де жер бетінде адамзат баласы, қыз бен жігіт арасындағы ғажайып махаббат болмаса, онда жер-ана бетінде ешқандай қызық болмас еді ғой! Ол жастарға жақындап қалды. Доскей ақын келді, Доскей жігіт келді, - деп ауыл жастары шу-шу ете қалысты. Қаншама сұлу бойжеткендердің отты көздері оған тесіле, қызғана қарады. Ол ұялғаннан екі беті ду ете қалды. Бірақ, қобалжығанын ешкімге білдірмеуге тырысты. Ауылдың алтыауызын айтсын, ән мен жыр айтсын, - деп ауыл жастары қолпаштап жатыр. Доскей қолына домбырасын алып, халық әнін шырқай жөнелді. Оның әдемі, зор дауысы жастардың делебесін қоздырды. Әннен кейін, «Еңлік-Кебек», «Қыз-Жібек» сияқты ғашықтық дастандарды майын тамызып айтқанда, ауыл жастары, әсіресе қыздар жағы көздеріне жас алды. Ду-ду қол шапалақтау. Доскей ақын тағы да айта түс, өзің нағыз ақын, сері жігіт екенсің, - деп жастар жағы шуылдап кетті. Одан кейін Доскей ауылда айтыскер ақын деген аты дүрілдеп аты шыға бастаған. Таяуда ауылдағы «Қыз ұзату» тойында Қанат деген жігітпен айтысты. Бұл айтыс өте қызықты, тартысты өтті. Айтыс өнерінде Доскей ақын алғашқы маңызды жеңісіне жетті. Доскейдің суырып салмалық қабілеті, айтыскерлігі, шешендігі, қарсыласын ұтымды сөздермен жеңе білуі, тіл байлығы

ауыл жастарын қатты тәнті етті. Айтыс өнеріндегі алғашқы жеңісі оған шабыт, қанат бітіргендей болды, кеудесіндегі жүрегі атша тулады. Бұл қуанышты сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Доскей өзін нағыз ақын екенін, өнерін өрге жүзсін, Құдай берген мұндай өнерімен әлі талай биік шыңдарды бағындырасың деген жалынды сөздер оның ақындық шабытын қоздыра түсті. Ол ауылдың сұлу қыздарымен алтыбақан тепті, «Ақсүйек» ойынын ойнады. Сонда алғаш рет Айсұлу атты сұлу қызбен жақынырақ танысты. Бойжеткеннің әдемілігі, сыңғырлаған күлкісі, жылы сөздері - Доскейдің бозбалалық махаббатын оятты. Арудың ботадай мөлдіреген көздеріне жарасқан ұзын кірпіктерінің дірілі, қағысы, Доскейге қатты әсер етті. Айлы, жұлдызды түнде екеуі махаббат сезімі, айтыскерлік өнер жайлы ұзақ сырласты. Бойжеткен қыз өзінен 5-6 жас үлкен болғанымен, екеуінің жас айырмашылығы онша білінбейді. Арайланып таң атқанша Доскей ғашықтық дастандарды қызға шабытпен айтумен болды. Айсұлу аузын ашып, жігіттің өнеріне ерекше тәнті болып, риза болды. Екеуі бір-біріне қарай береді, бір-бірін ұнатып қалғанын іштерінен сезіп тұр. Бірақ, таң атты, күншығыстан алтын күн қызарып көрінеді. Бір-бірін қимағанмен, үйлеріне қайтуы қажет. Біреу-міреу көріп қалса, ұят болар деген ойдан қорқып, бір-бірін қимай үйлеріне қайтты. Иә, бүгінгі қызықты сауық-сайран Доскейдің өміріндегі ең бақытты, ұмытылмас күндердің бірі болып жүрегінде, миында сақталары сөзсіз. Доскей ақын деген сөз оның өміріне үлкен жауапкершілік жүктеп тұрғандай. Ендігі жерде ол Әлімбайдың ғана ұлы емес, Соран ауылынан шыққан Доскей ақын деген атаққа, дәрежеге ие бола бастады. Ақындық өнерді ұстай білу, халық сенімінен шыға білу оңай шаруа емес. Ақындық пен бірге екі айналып келмейтін қайран жастық шақтың серілік, патшалық күндері басталып кеткен сияқты. Бұл да болса, Доскейдің басына «бақыт құсының» келіп қонғандығының бір нышаны, белгісі болар. Ол осындай неше түрлі ойлармен үйіне қалай жеткенін сезбей қалды. Әсіресе, Айсұлу арудың мөлдірлеген әдемі көздері, сұлу мүсіні, әдемі өрілген ұзын шашы көз алдынан бір кетер емес.

Доскей киіз үйге кіріп, киелі домбыраны өзінің орнына іліп, беті-қолын суық сумен жуып, апыл-ғұпыл таңертеңгілік тамағын ішіп, үйден шықты. Отар қойды ағаш албардан шығарып, өріске қарай айдады. Ол қойлар мен қозылардың артынан асықпай келе жатыр. Күншығыстан шыққан табақтай алып күн біртіндеп жоғарыға қарай көтеріліп келеді. Сарыарқаның самал желі беттен кеп өбеді. Айналаның бәрі жап-жасыл, түрлі-түсті гүлдерге тұнып тұр. Көк аспан шайдай ашық. Даладағы неше түрлі шөптердің ғажайып иісі мұрынды жарады. Көктем мен жаз айлары жастық шақтың көшірмесі сияқты. Оның кеудесіне қуаныш сезімі, толқыны симай келе жатыр. Екі аяғы жерге тимей, арқасына қанат бітіп, ұшып келе жатқандай көңіл-күйде... Доскей ақын, сері деген сөздер екі құлағында шыңылдап тұрып алған. Доскейдің жастық шағы, көктем айлары, алтын күндері басталған сияқты. Бұдан асқан бақыт, қуаныш бола ма өмірінде... Ең бастысы осы күндердің, жылдардың қадір-қасиетін білуі тиіс. Жастық шақ пен Доскей ақын бұл жарық дүниеге, жер-анаға екі айналып келмес... Миллиондаған, миллиардтаған жылдар зырылдап өте шыққанда, адамның ұзақ ғұмырының өзі қас-қағым сәт емес пе?! Сонда ақын болу деген нендей ұғымды білдіреді? Ақындық бір Алладан, Құдайдан, Тәңірден. Ақын деген киелі ұғымға шексіз он сегіз мың ғалам сиып кететін тәрізді. Ақын адам

қашанда жұмбақ, күрделі тұлға. Ақын-шексіз әлемді, айды, күнді, миллиардтаған жұлдыздарды, «Құс жолын» зерттеуші оқымысты ғалым. Ақын-өзінің ішкі жан, рухани әлемімен сырласушы-ойшыл-философ адам. Уақыт, шексіз кеңістік, адамзат баласы, өнер, білім, ақындық қабілет шексіз әлемнің құрамдас бір бөлігі, элементтері. Кез-келген адамның сыртқы келбеті, формасы алдамшы, жылтыр болып келеді, оның ішкі жан-дүниесі, патшалығы тылсым жұмбаққа, сырға толы. Міне, осындай шымшытырық ойлар Доскейдің басын шырмап алған. Ең бастысы Доскейдің өмірінде жастық шақтың, сал-серіліктің, шынайы махаббаттың алтын күндерінің басталып келе жатқандығы... Жалындаған жастық шақтың әрбір күнін мағыналы, мәнді өткізуі қажет. Тірі жетім атанып, балалық шақтың бал-дәуренін толық көрмесе де, жастық шақтың дуылдаған күндері ерте басталған сияқты. Доскейдің бойындағы ақындық өнер, оны ерте есейтіп жіберген тәрізді. Оттай жанған екі көзінен батылдықтың, күш-қайраттың, жасқа тән жігердің энергия күші айқын сезіледі. Ол осыншама күш-қайратты қоршаған ортадан, табиғаттан, аспандағы күннің жылуынан, Сарыарқаның жусан иісі аңқыған кәусар ауасынан алатын сияқты. Оның бұл күндегі әкесі-көк аспанда жарқырап көрінетін алтын күн, шешесі-қасиетті, киелі жер-ана. Жаздың ұзақ, ыстық күндерінде ол өзінше табиғат-анамен сырласады. Бойындағы ақындық өнерді әрі қарай дамытудың жолдарын іздейді. Ақыл-парасаты, ішкі-сезімі, түйсігі, ойлары табиғатпен сырласып, етіне жақын болып кетеді. Ақындықтың ғажайып қайнар көзі-адамның ішкі жан әлемінде, жүрегінде, ішкі рухани дүниеде жатыр. Ақындықтың биік шыңына жету үшін және өнер жолында үлкен жетістіктерге жетудің қандай жолдары бар деп өз-өзіне сұрақ қояды. Ол үшін адам өзін-өзі зерттеуі керек, ішкі рухани әлеммен сырласуды біртіндеп жақсы әдетке айналдыру керектігін Доскей біртіндеп түсіне бастады. Ішкі дүниедегі жасырын жатқан даналық патшасымен сырласқан сайын, өнерге қажетті күш-қуат адам бойына біртіндеп құйыла бастайды. Оның өмірдегі, өнер жолындағы басты ұстазы-қасиеті жер-ана мен құпия сыры мол табиғат. Сарыарқаның жазира даласы, таза ауасы, шөбі, самал желі, көк аспанда көшпелі жұрттай көшіп бара жатқан ақ мамық ақша бұлттары ақындық патшалығының, әлемінің сырлас достарындай бір-бірімен үнсіз сырласып жатқандай. Әсіресе, жер бетіндегі сұлу, әдемі қыздар адам бойындағы ақындық өнердің оянып, от сияқты лапылдап жануына себепші болатын басты фактордың бірі. Көз алдынан Айсұлудың ботадай мөлдіреген, оттай жанған әдемі көздері, бет-дидары кетер емес. Жан дүниесінде, жүрегінде, тұла бойында үлкен өзгерістердің болып жатқаны ақиқат. Бойына, арқасына қанат біткендей, жүрген кезде аяқтары жерге тимей ұшып жүргендей күй кешуде... Жер-ана өзінің кіндігінде, осінде айналып тұр. Аспандағы алып күн біртіндеп, өзінің ұясына батып барады. Тағы бір күн артта қалды. Доскей отар қойды Сораң ауылына қарай ақырындап айдап келеді. Тезірек үйге жетуге асығып келе жатыр. Түн патшалығы келген кезде, ауыл жастары «Алтыбақанға» барып, сауық-сайран құрып, «ақсүйек» ойынын ойнап жастық шақтың, мөлдір махаббаттың әрбір түнін барынша қызықты, мағыналы өткізуге тырысады.

Ол отар қойды шарбақ албарға қамап, киіз үйге қарай аяңдады. Киіз үйдің алдындағы темір легенге суық су құйып, кір сабынмен денесін сабындап, баппен, асықпай ұзақ жуынды. Кешкі тамағын апыл-ғұпыл ішіп, үстіне таза киімдерін киіп, кілемде ілулі тұрған қасиетті қоңыр домбырасын қолына алып, киіз үйден сыртқа

шықты. Аспанда жарқырап ай мен жыпырлаған, жымыңдаған жұлдыздар көрінеді. Түн патшасы өзінің тағына отырып, күшіне мінген. Дала ауасының қызуы қайтып, салқындай бастаған. Ауыл иттерінің абалап, арсылдап үрген дауыстары естіледі. Күнделікті қайталанып келе беретін күйбең тіршілік, таңсық көрініс. Ол қолындағы домбырасын саусақтарымен қаттырақ қысып, алтыбақан тіккен жерге қарай аяндап, аяқтарын маңғаздана басып келе жатыр. Жалындаған жастық шақтың қайталанбас «алтын күндері» басталып келе жатыр. Ауылдың шетіндегі алтыбақанға жақындаған сайын жүрегін қуаныш сезімі билейді. Өйткені, Доскей бұл күнде ауыл жастарының арасынан шыққан жас ақын деген атаққа ие болған өнер иесі. Доскейді көрген ауылдың қыз-бозбалалары шу ете қалды. Тәтті балға үймелеген арадай, барлығы жас Доскейді жан-жағынан қаумалап, қоршап алған. Бізге махаббат жырын айт, батырлар жырынан, «ғашық-нама» дастанынан, «Мың бір түн» кітабынан шайырлардың өлеңдерін тыңдағымыз келеді деп гу-гу, ду-ду етеді. Сұлу қыздардың сыңғыр-сыңғыр күлкілері, оттай жанған отты көздері Доскейдің жүрегіне шоқ салып, ақындық делебесін қоздыра бастады. Ол алдымен қоңыр домбырасын қолына алып, халық әндерін шырқай жөнелді. Дәстүрлі халық әндері жастардың жүрегін жаулап, тұла бойларын шымырлатып барады. Әннің, өнердің құдіреті деген осы. Доскейдің құйқылжыта салған әндері көк аспанда биікке көтеріліп, миллиондаған жұлдыздардың өзіне жеткендей... Ой пәлі-ай, әнді айтсаң осылай айт, - деп ауыл жастары қолпаштап қояды. Доскейдің ақындық қабілеті ән айтқан сайын ашыла түскендей. Бәйгеге қосылған жүйрік аттай шапқан сайын делебесі, арқасы қозып, әбден қызынып алған. Енді «Мың бір түннен» айтыңыз, айызымыз бір қансың, - деп ауыл жастары өтініш-тілектерін айтып жатыр. Доскей шайырлардың махаббат жайлы жазған өлеңдерін ерекше бір шабытпен шырқай жөнелді:

- Құштым ғажап көгершінді қондырып,
Сымға тартқан ақ білегі ауа қармап жанды үміт.
Мұндай ләззат болмас әсте! Қалғандаймыз жабысып,
Айтылмастай аңсап күткен арман-мүдде қабысып.

Бір түнді біз бірге өткізіп шығып едік болғаны,
Оймақ ауыз ләззатынан жаным эзер қалғаны.
Ұзақ түнің шолтаң етіп өте шықты бір сәтте,
Таңмен бірге батты күнім, күлсек те.

Махаббаттың ақ жолынан тайқып шыққан жандарын,
Бұру, түзу жолдардың да біле бермес аңғарып...

- Балам, Алланы аузыңнан тастама, жалғыз қамқоршың сол, ақша дегенге сақ бол, бет алдына шашпа, орынсыз оңды-солды жұмсай берсең, өзіңнен төменгінің қолына қарап қаласың. Адамның салмағы байлығымен өлшенеді. Шайыр былай деген:

- Ақшаң жоқта жолдар да жоқ қалатұғын қасымда,
Мол болса ол-адам біткен теңер мені асылға.
Ақшаң үшін қанша дұшпан достасып жүр өтірік,
Жоқ болса ол жауығар ед берекемді кетіріп!

Саудагерлердің орталарында тал шыбықтай бұралып, қос анары көкті тепкен, екі беті алаулаған, найза кірпіктерінің арасынан ұшқын шашыраған сұлулықтан бұл заманда теңі жоқ керемет бір ару тұр. Ол туралы шайыр былай деген екен:

- Ғажап етіп қалаған жаратқанда тағдырдың,
Артық-кем ғып мүсіндемей денесінің барлығын.
Жүзі айдай, белі бейне талшыбықтай бұралған,
Лебі жұпар теңдесі жоқ жел боп есер нұры алдан.
Жаңа ғана жаралғандай жақұт тастан мүсіні,
Ай өрнекті әр мүшесі ынтықтырған кісіні.

Сүлеймен пайғамбардың мөріндей оймақ ауыз, мүлтіксіз маржандай тізілген тіс, мұндай ару жайлы шайыр былай деген:

- О,перизат, інжу тісті, кім болды екен жаратқан,
Осыншама ғажап етіп, жұпар шашып қаратқан?
Таң шапақтай күлімдеген нұрың қайдан алынған,
Мүсініңді кім жасырған, жақұт тастай жарылған?
Бір көрген жан бұл жалғаннан өзіне орын таба алмас,
Ал, сүйгенің бойынан бу мәңгі бақи таралмас!

«Алтыбақандағы» думан-сауық кеші, көңілді әуен, ән-күй, сұлу қыздар мен сері жігіттердің әуелетіп салған әндері мен алғашқы махаббат сезімі Доскейдің жүрегіне қуаныш сезімін ұялатты, көңіл-күйін көтерді. Жастық шақтың әрбір сағаты бір күнге, әрбір айы бір жылға татиды ғой! Махаббат сезімі Доскейдің өміріне ерекше бір серпіліс әкелгендей. Ән айтып, ақындық шабыты тасыған сайын, оның Айсұлуға деген алай-түлей ынтызар сезімі минут сайын күшейіп бара жатқандай. Аспанда миллиондаған жұлдыздар жымыңдап тұр. Айдың аппақ сәулесі жан-жағына нұрын шашып, айналаны жап-жарық етіп, алтыбақан маңына жиналған ауыл жастарының қызық думанына қызығып, олардың дуылдаған жастық жылдарына ерекше бір сүйіспеншілікпен қарап тұрғандай. Бүгін Айсұлу ерекше құлпырып кеткен сияқты. Тостағандай екі көзі мөлдіреп, ұзын кірпіктері діріл қағып Доскейге жаутаң-жаутаң етіп қарай береді. Көзі қандай мөлдір, отты, өткір, тұңғұйық көкшіл көзі мұхиттай толқып, бала жігіт алдында өзінің ішкі құпия-сырын жасырып тұрғандай жымың-жымың етеді. Қыз өзіне тесіле, елжірей, біртүрлі мейірім шаша қараған сайын бозбала жасқа келмеген Доскей өзін біртүрлі сезініп, ішкі жан-дүниесі алай-түлей сезімге бөленді. Ыстық жүрегі аузынан шығып кететіндей, лүпілдей-дүрсілдей соғады. Әлі сал-серіліктің, мөлдір махаббаттың, шынайы сезімнің не екенін толық түсіне алмайтын ол, ақын балаға-сиқырлы «махаббат әлемі» жұмбақ нәрсе боп көрінеді. Ауыл жастары қызық думанды өздерінің бойларындағы өнерлерімен қыздыра түскен. Шырқалған әндер мен күйлер, қыз бен жігіт арасындағы «айтыс» өнері түнгі ауылдың көркін қыздыра түскендей. Қараңғы түнді аспан әлеміндегі жыпырлаған жұлдыздар мен толықсыған айды ауыл жастары ерекше жақсы көреді. Махаббат түні-бір-біріне ынтызар болған қыз бен жігіт үшін жаратылған сияқты. Жастық шақтың әрбір күні қызық-думанға, қуанышқа, тәтті сезімге, лүпілдей соққан ыстық жүрек қағысына толы. Доскей өзін томағасы сыпырылып, аңға шыққан қыран бүркіттей сезінеді. Балалық шағындағы қиындықтар мен өмір тауқыметін бір сәтке ұмытып, өзін ерекше бақытты сезінді. Балалық шақтың дәмін толық татып үлгермесе

де, жастық шақтың, сал-серілік өмірдің «алтын қақпасын» ертерек қағып тұрған тәрізді. Алла берген ақындық өнер оны, жастық шақ-дәуренге ерте әкелді. Бозбалалық шақ, Доскей баланың сал-серілік өмірі ерте басталып кетті. Бұл да болса, Құдайдың оған берген ғажайып сыйлығы шығар.

Түн ортасынан ауа, ауыл жастары үйді-үйлеріне тарай бастады. Доскей де Айсұлу аруды киіз үйіне дейін шығарып салды. Түн қараңғылығы біртіндеп сейіліп келеді. Ол өзін дүниедегі ең бақытты жандай сезінді. Қуаныштан, бақыттан басы айналып, кеудесіндегі ыстық жүрегі дүрс-дүрс соғады. Жан-дүниесін сұлу қыздың әдемі көркі, мөлдіреген көзі мен ынтызар сезім жаулап алған. Мұндай тәтті сезімді бастан кешу қандай ғанибет десеңізші... Қолындағы киелі домбырасын саусақтарымен қаттырақ қысып-қысып қояды. Сондай ерекше көңіл-күймен киіз үйдің ішіне кіріп, домбырасын төрдегі кілемге мұқият іліп қойып, апыл-ғұпыл үстіндегі киімдерін шешіп, төсегіне жантая кетті. Бас жұмсақ жастыққа тиісімен қор етіп, қатты ұйқыға кетті. Қанша ұйықтағаны есінде жоқ. Бір айғай шудан, қатты шыққан дауыстан оянып кетті. Біреу оны сілкілеп оятып жатыр. Тұр деймін, түні бойы қаңғырып, енді есі кетіп ұйықтап жатқанын қарашы, - деп біреу оны қарғап-сілеп жатыр. Сөйтсе, киіз үйді басына көтеріп долданып, ашуланып, ұрысып жүрген Төлебике екен. Бол, тұр. Тұрда қойдың кезегіне бар. Өзіңді ақынмын, - деп ойлайтын шығарсың. Тірі жетімнен қандай ақын шықсың. Сен қой бағатын малшы, жалшы болуға ғана жарайсың - деп жерден алып, жерге салып, боқтық сөздерді қарша боратып жатыр. Айтқан сөздері бүкіл денесін, сай-сүйегін шымырлатты, жанын жаралады, ыстық жүрегін өткір қанжармен тіліп-тіліп, осып-осып жібергендей болды. Шіңкілдеген дауысы қандай ащы еді. Тұла бойымды, сай-сүйегімді сырқыратады. Іннен шыққан суырдың дауысындай. Ол үн-түнсіз төсегінен тұрып киініп, өз-өзінен аласұрып, жынданып жүрген Төлебикеге өткір, батыл көздерімен бір бажырая бір қарап, таңертеңгі шәйінде ішпей, үн-түнсіз үйден шығып кетті. Киіз үйдің қасындағы ағаш бөренеді байлаулы тұрған ақбоз атқа қарғып мініп, бір отар қой жатқан албарға қарай беттеді. Бір отар қойды албардан шығарып, өріске қарай айдай бастады. Көңіл-күйі алай-түлей. Ішкі жан дүниесі бір қызып, бір суып, тұла бойын көңілсіздік, қайғы-шер шырмап, торлап алды. Еңсесін зіл батпан жүк басып тұрғандай. Осынау өмірден, жарық дүниеден баз кешкендей бет-жүзі сұрланып, бозарып кеткендей боп-боз болып, мең-зең күй кешуде. Екі көзіне ыстық жас кеп құйылды. Тірі жетім деген ащы, қатты, ызбарлы сөз екі құлағында шыңылдап тұрып алды. Қандай ауыр сөз десеңізші. Әкеден өлі, туған анамнан тірідей айрылдым. Әке-шешем қасымда болса, мұндай қорлық-сұмдықты, азапты күндерді көрмес едім ғой! Біреудің босағасында жүрген қандай жаман. Төлебикенің аузынан шыққан жаман, қарғыс сөздер бала қабырғасын қайыстырып, бала жүрегіне найза, садақ боп қадалып жатыр. Бала жүрегі жаралы, жүрегінен қан тамшылайды. Ол ызадан, бойын кернеген намыстан кеудесіне өксік кеп тығылды. Екі көзінен парлап аққан ыстық жас бетіне құйылып жатыр, құйылып жатыр, ащы бұлақтың көзі ашылып кеткендей...

ҮШІНШІ ТАРАУ

Доскей Әлімбаев шығармасындағы - махаббат лирикасы

Доскей Әлімбаевтың жастық шағындағы жазған шығармаларының көпшілігі махаббат тақырыбына, лирикасына арналған. Сұлу қыздардың әдемі, көркем бейнесін, табиғат берген тән және ішкі жан сұлулығын, образын ашудағы тілдік қорды, сөз байлығын барынша шеберлікпен қолдана білген. Сондай өлеңнің бірі, 1870 жылы 20 жасында жазған «Қос басқан» атты өлеңі.

Ауылына Қазыбектің барып қондық,
Бір бала жолдас болды Орынборлық.
Айқасып қалқатаймен жатқан күні,
Қалдырдым алтын сағат мың бір сомдық.

Доскей бозбала шағында ақындық, айтыскерлік өнерінің арқасында әр ауылда болатын жиын-тойларға жиі қатысып, өзінің бойындағы өнерімен жұртшылықтың көзіне түскен. Иә, дуылдаған қайран жастық шақ екі айналып келмейді. Сол себепті, жас ақын өмірінің қызықты, мәнді шағын, уақытын мағыналы өткізуге тырысқан.

«Қос басқан» әнім еді әуел бастан,
Келемін соны айтып, бала жастан.
Тұсынан қызды ауылдың шырқағанда,
Жиылып қыз-бозбала үнін қосқан.

Жас адам, оның ішінде ақындық қабілеті бар адамның жүрегі, жан дүниесі махаббат сезімін, лирикасын жырлауға жақын болатыны табиғи құбылыс екені шындық. Жыл мезгілдері: көктем және жаз айлары-жастық кезеңнің бір ажырамас бір бөлшегі іспетті ұғым. Доскейдің жастық кездегі өлеңдері, шығармалары махаббат сезіміне, иіріміне ерекше бай. Өлең шумақтарындағы сөз тіркестері, теңеулер, образдық бейнелер, тіл-ой байлығының ұшқырлығы ерекше ғажап, әдемі. Кейбір өлең жолдары, шумақтары жасырын, құпия түрінде берілген. Мөлдір махаббаттың, ғашықтық сезімнің нәзік тұстарын, сөзбен айтып жеткізе алмайтын жерлерін тұспалдап, жұмбақтап, емеурін арқылы, қазақ тілінің тіл шұрайлығы арқылы жеткізе білуі ақын бойындағы дарын қабілетін, қыр- сырын аша түскендей.

Көрінді одан әрі сәнді сарай,
Көруге оны ғашық жұрттың бәрі-ай!
Есігін сегіз жерден құлыптапты,
Кіреміз соған қалай, уа, дариға-ай!

Екінші өлеңі «Жалтарма» 1875 жазылған. Бұл өлеңде де сұлу қыздардың ғажайып бейнесі, әдемі тұлғасы, жан сұлулығы, жүректің тазалығы, махаббат тақырыбы айрықша шабытпен, жастық қызумен жырланады. Қай заманда, ғасырда болмасын мөлдір сезім, қыз бен жігіттің арасындағы шынайы сезім-мәңгілік тақырыптардың бірі. Осы өлеңде қазақ тілінің, фольклорының, ауыз әдебиетінің небір інжу-маржан сөздері айрықша жарқырап көрініп, өлең шумақтарына, сөз тіркестеріне өзінше сән беріп, өлеңнің негізгі композициялық құрылымын, қазақ аруларының жиынтық бейнесін, образын, жан-жақты аша білген лирик ақынның

қарым-қабілетін анық аңғарамыз. Осы өлеңі арқылы Доскейдің ақындық өнері, таланты «гауһар»тастай жарқырап көрінеді.

Жігіттер, сөз бастайын «Жалтармадан»
Мұны ешкім менен басқа айта алмаған.
Қосылып домбырамен шырқағанда,
Сұлулар талай-талай жаутаңдаған.

Алтыннан-он саусағың, жез –бармағың,
Инжуден-тісің, меруерт, гауһар жағың.
Нәсілің от-періден жаратылған,
Көркіңе күндей балқып, түсер сағым.

Төрт шумақтан құралған бұл өлеңнен Сарыарқаның жусан аңқыған самал желі, жастық шақтың қызу лебі, ару қыздың сұлу бейнесі, мүсіні аспандағы алтын күндей жарқырап көрінуі ғажап-ақ! Осы өлең арқылы, Доскей қазақ қыздарына арнап, өлеңнен алтын сарай, жұмыр жер бетіндегі мәңгілік махаббат сарайын, шоқтығы биік өнер туындысын сыйлап кеткені анық.

Алтыннан үй салғыздың, күміс сенек,
Жақұттан-арқалығы, гауһар-діңгек.
Ей, қалқа, үш құлыпты сандықтайсың,
Қойныңа келіп қалай кірсем керек?

Сұлулар сүйгеніне тіл қатады,
Сүйген қыз сүйгенімен бір жатады.
Барғанда қыз қасына «Жалтармамен»
Тамырын алпыс екі күй тартады.

Ер жігіт отызында орда бұзады деген халқымызда даналық сөз бар. Доскей ақын – 1880 жылы, 30 жасында «Қалқаға» деген өлең жазған. Бұл өлең жолдары бес шумақтан құралған. Өлең құрылымында - эпитет, метафора, мифтік, образбен теңеу, табиғатты суреттеу, жігіттің сұлу қызбен кездесу сәті ерекше сипаттаумен берілген. Әрине, осы өлең арқылы ақын жастық шақтағы сұлу қыздармен кездескен қызықты, қайталанбас алтын күндерін, махаббаттың қызу, отты жылдарын өлең шумақтары арқылы, жүрегіндегі құпия сырларын, ғашықтық сезімнің теңіздей терең иірімдерін қалың жұртшылыққа жеткізіп, оқырманмен сыр бөліседі.

Бір көште он бес жорға салдыртасың,
Бәрін де бір көш мініп болдыртасың.
Үстінде атластан бар камзолың,
Жауынға жаздай салып оңдыртасың.
Қолында қарағайдан бір қамшың бар,
Шеберге әлдеқандай жаңдыртасың.
Қолыңнан ақ сұңқарың ұшып кетсе,
Тұғырға қандай жанды қоңдыртасың?

Доскей ақын жастайынан шығыс поэзиясымен, дастандарын, батырлар жырын, фольклорын, аңыз-әңгімелері мен шайырларын көп оқып, халық ауыз әдебиетіндегі мұхиттай терең білімді бойыңа сіңіріп, сана-сезіміне, ақыл-парасатына тоқи білді.

Доскей далалық философияны, халық мұрасын, шығармаларын көп зерттеген және - сол әдеби мұраны насихаттаушы, іздену, талаптану арқылы ақын ретінде Сарырқаның сал-серілік, ақындық, айтыскерлік, жыршылық, әншілік мектебінің ізін жалғастырушы өнер тұлғасына, саңлағына айналып шыға келді. Ол халық ақыны, жыршысы, әншісі ретінде - махаббат тақырыбын, ғашықтар арасындағы құпия сезімді астарлы сөздермен күшті жеткізе білген ақынның бірі.

Ақын шығармасында - мөлдір махаббат мәселесі, ғашық жандардың сырласуы, ынтық, іңкәр сезімдер, жүрек лүпілі өлең шумақтарында таудан аққан бұлақтай мөлдір, таза. Жастық шақ кезең - адамның көктем, жаз айларындай құлпырып, түрленіп, шыға келетін ғажайып сәттері емес пе?!

Тай көкке жектім шана қораптаған,
Бір ізге түсіп кеттім сораптаған
Тұсынан жабығыңның тесіп түсіп,
Төсіңнен мен ақ сұңқар тояттаған.

Ақын шығармасындағы сүйіспеншілік, ғашықтық, сұлу қыз жайлы тамаша өлеңдері, ақын мұрасының, туындыларының «алтын арқауы» болып табылады. Жалпы, табиғат, қоршаған дүние, әлем, тіршілік иелері махаббатпен жаратылған. Адамзат ұрпағының жер бетіндегі көбейіп өсуі, табиғат заңдылығы, адамдардың, оның ішінде қыз бен жігіттің, еркек пен әйелдің жұптасып өмір сүріп, ұрпақ тәрбиелеуі, жалғастыруы он сегіз мың ғаламды жаратқан Құдірет иесінің құпия сыры болып табылады. Сол себепті, кез келген дарын иесінің, ақынның жастық шағындағы ең алдымен іңкәр сезімді жырлауы табиғи нәрсе, құбылыс.

Мына бір өлең жолдары соның айғағындай:

Болғанда түн ортасы ұйықтап қалып,
Жолдасын қасымдағы оятпаған.
Әкесі көріп қалып: «Байла!» - деген
Ағасы: «Ойбай, аттан, қайда!» - деген.
Шешесі парасатты бар кісі екен,
«Халқына артыңды ашып, жайма!» - деген

Доскейдің «Қалқаға» атты өлеңінде - қазақ халқының салт - дәстүрі, көшпелі өмірі, жаз айларындағы «жайлаудағы» тамаша, қызықты, көңілді сәттер, жүйрік аттың үстіндегі адамдардың образы, бейнесі, киіз үйлер және ауыл ішіндегі қым - қуыт тіршілік, түн ортасы болғанда, аспанда жарқырап ай мен жұлдыздар көрінгенде – бір-бірін сүйген жігіт пен қыздың кездесу сәттері ерекше сомдалып, шынайы көрсетілген. Өлең шумақтарында кездесетін сөз теңеулері, сөзді астарлап жеткізуі, тіл, сөз байлығы Доскей ақынның білімпаздығын, ой қиялының ұшқырлығын, ақындық қабілетінің жоғары дәрежеде екенін көрсетіп тұрғандай. Жігітті-ақ сұңқарға және қызды дария ортасындағы - қоңыр қазға теңеуі өлең шумақтарын ширықтырып, киіз үйдегі ою – өрнектей үйлесім тауып тұр.

Сұлу қыз бетін көрер айнаменен,
Жаманның ісі болмас пайдаменен
Дарияның ортасында қыз - қоңыр қаз,
Жігіттер атып алар айламенен.
Кісідей өкпелеген сырт қарайсың,

Көңілің қалған, қалқам, қайда менен?

Жалпы, Доскей ақынның махаббат тақырыбына арналған өлеңдері пантеистік ұғыныс – табиғатты, қызды суреттеу, образ бен мифтік теңеулерге өте бай. Өлеңнің көркемдік жағы, реалистік, шынайы пейзаждармен әдемі суреттелген. Бұдан ақынның реалист және лирик ақын екендігін, өлең жазудың құрылымын, заңдылығын композициясын жақсы меңгерген шебер екендігін аңғарамыз.

Жұмашев Оразбек Мақсұтұлы

*Доскейтанушы,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,*



Доскей ақын өнер сүйер жастар арасында

Доскей Әлімбайұлы және айтыс өнері.

Абайға

Әлемге сөзі шашылды,
Кітап боп бәрі басылды.
Айтқан, жазған сөзінің,
Бәрі-ғауһар, асыл-ды.

Айтыс - қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданылып келген.

Айтыс өзінің баурағыш, тартымдылық сипаттары арқылы халықтың ең сүйкімді жанрына айналған. Арғы түбі сонау көне дәуірлердегі хормен топталып айтылатын «Жар-жар», «Бәдік» жырларынан бастау алып, сөз дамуында қайымдасу мен қағысудың сан қилы белестерінен өткен бұл айтыстың көне түрі кейінірек кең арқалы ақындар айтысына келіп ұласты. Қыз бен жігіт айтыстары «қайымдасу» топтасып айтудан шығып, жеке арнамен дамуға жол салды. Бұлардың бәрінің бастау көзі үйлену салтымен әртүрлі діни сенімдерді орындауға сәйкес туған тұрмыс-салт жырларымен терең астасып жатады [1.6]

С.Мұқанов өз зерттеулерінде қазақ айтыстарын:

- 1.Әдет-ғұрып;
- 2.Жұмбақ айтысы;
- 3.Қайымдасу;
- 4 Дін айтысы;
- 5.Ақындар айтысы деп топтастырады.

Орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқу құралында Қ.Жұмалиев айтысты:

- 1.Бәдік айтысы;
- 2.Жар-жар;
- 3.Мал мен адамның айтысы;
- 4.Өлі мен тірінің айтысы;
- 5.Жұмбақ айтыс;
- 6.Салт айтыс;
- А)Қыз бен жігіт айтысы;
- Б)Ру айтысы
- 7)Осы күнгі айтыстар деп жетіге бөлінеді

Айтыс - ауыз әдебиетінің ертеден қалыптасқан жанры болғанымен халықтық дәстүрлі айшықты көрінісі болып табылады. Ойын, той, ас, қыз ұзату, келін түсіру сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті балуандармен бірге - айтыс ақындары да қатысып, олар айтыс арқылы той қызығын, мәртебесін көтере түскен. Әрине, мұндай жерде айтыстардың өз мақсаты, талабы, шарты бар. Айтыс түрлері де көп. Айтыс ақынның талантын шындайтын үлкен өнер жарысы. Өткен ғасырда: Жанак, Сабырбай, Шөже, Сүйінбай сияқты ғажайып ақындары болған [4.11].

Ендеше, Доскей Әлімбайұлы да осындай топ жарған дүлдүл, айтыс өнерінің биігіне шыққан айтыс ақындарының ізін басып, өнерін жалғастырған біртуар,

шоқтығы биік, сегіз қырлы, бір сырлы айтыс ақыны, дарабоз жүйрігі екендігіне халық куә және тарихи шындық екені дау тудырмайды.

Доскей ақын жайлы С.Мұқанов: «Егер Доскейді қазақтың ауыз әдебиетінен өсті десек, осымен үнемі байланысты болып келеді десек, біз еш уақытта қателеспеген боламыз. Күш-қуаты толық қазақтың басқа ірі ақындары сықылды Доскей де «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» тағы басқа батырлар жырын көп білген» - дейді. Жазушы - Доскей ақынмен жүздесіп, әңгімелескен. Бертініректе: Ағыбай, Бұқарбай, Жанайдар, Бұғыбай батырлар туралы аңыз-әңгіме, өлең-жырларды ақынның айтуында тыңдаған, тіпті, Доскей халықтың тұрмыс-салт жырларын, ертегілерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақ пен жаңылтпашты, айтыстарды да көп білген. Доскейдің айтуынан жазылып қалған: Кенесары, Ағыбай жорықтары туралы әңгіме, Ақдана қыз бен Асанның айтысы бар. Доскей Әлімбаевтың «Жетім бала мен жебір уәзір», «Бақыт іздеген тазша» сияқты ертегілері, «Қажымұқан», «Кенесары» секілді көлемді жырлары халық ауыз әдебиеті үлгісінде жазылған көркем туындылар. Доскей - қазақтың ұғымындағы нағыз суырып салма додасында шынығып, табан астында сөз маржанын ақтарып тастауға дағдыланған мектебі - айтыс өнері.

Доскей мұрасын жинастырған ақын Қ.Бекқожин «Толғау» жинағының (1941) алғы сөзінде: Доскей - махаббат жұмбағымен де көп айналысты, сұлулық жырларын да шертті, он саусағынан алуан-алуан күй, аузынан әсерлі ән төгілген ақын болды, - деп баға береді.

Қазақ даласына орыс патшасы Николай II келгенде, әкімдер патша алдында өнер көрсету үшін әншіден - Ақан серіні, ақыннан Доскейді алдырады. Сол кезде, Доскей тіл мен жағын сауып, патшаны мақтамай, керісінше, оған елдің қанаудағы хал - жағдайын айтып, әділетсіздігі мен озбырлығын бетіне басқан екен. Осыдан-ақ Доскейдің қанжардай өткір, қайсар ақын болғандығын көреміз (5).

Доскей ақын - Қуандық руының Байдәулет атасынан тарайды
Доскейдің әкесі - Әлімбай мен Бейсенбай бірге туады.

Доскей Әлімбайұлы - 1850 жылдың 23 шілдесінде (О.Құдышев марқұмның мәліметі бойынша) Сораң деген жерде, Әлімбай есімді жалшының шаңырағында дүниеге келген. (Қазіргі Саран қаласы)

Әкесі-Әлімбай мен шешесі - Үндемес сол маңайды билеген Қоңыр деген байдың жалшысы екен. Доскей 5 жасқа шыққанда, әкесі қайтыс болып, шешесі ұлдары Доскей мен Досмағамбетті құшақтап, жесір қалады. Қоңыр бай бұларға бұрынғыдан да бетер күн көрсетпей, сүлікше сорады. Әлімбайдың немере туысы - Барғана Үндеместі әмеңгерлік жолмен әйел үстіне алмақшы болады. Алайда, Үндемес келісім бермей жүргенде, Тінәлі елінің болысы - Айдапкел Қараөткелде тұратын Дуанбасы - Ыбыраймен бірігіп өзінің молдасына Үндеместі алып береді. Емшектегі баласын алып, 7 жасар Доскейді тастап, Үндемес зарлап кете барады.

Доскей әкеден өлі, шешеден тірі айырылып, Барғананың қолында қалады. Барғананың әйелі - Төлебике өте қатал, қабағынан қар жауған, тасбауыр кісі екен. Доскей отымен кіріп, күлімен шығады.

Доскей зар - наласын, қорлық - қасіретін, өксік - өкінішін, арман - қиялын сыртқа шығарғысы келеді. Сөйтіп, домбыра мен сырнайға әуестенеді, іштегі сезім - күйлерін ән арқылы сездіруге ұмтылады. Өгей шешесі Доскейдің әніне жиіркенішпен қарайды, домбырасын сындырып тастайды. Сонда Доскей:

Жетімдерде үн бар ма,
Сөйлейтұғын тіл бар ма,
Осы қу бас, кәрі иттен
Құтылатын күн бар ма? -

деп зар - мұңын шығады екен (6)

Жалпы, Доскей Әлімбаев-ірі айтыс ақыны, өкілі және жыр алыптарының, дүлдүлдерінің қатарына жатады.

Доскей ақын жайлы ғылыми-зерттеу мақала жазар алдында, Доскейге байланысты жазылған мақалаларды оқып, оның кітаптарын, айтыс туралы кітаптарды парақтап шықтым. Сонда байқағаным: Доскей ақынның жалындаған жастық шағында тарихта аты қалған, қазақ халқының айтулы, атақты, сегіз қырлы, бір сырлы көптеген айтыскер ақындарымен, сал-серілерімен, әншілерімен кездесіп, солармен айтысқа түскені тарихи шындық. Алайда, оның көптеген шығармалары, айтыстары ақ қағаз бетіне түспей қалғаны өкінішті-ақ! Ақынның айтыс шеберлігімен қоса, оның жезтаңдай әнші, көптеген батырлар жыры мен дастандарды жатқа айтқан жыршы, дарынды композитор болғаны белгілі. Сонда, бір адамның бойында қаншама өнер түрлерінің болуы, оның таңғажайып дарынды ақын екендігін, өнер жағынан жан-жақты болғанын паш етеді. Бұл өнер адамдарының ішінде кездесетін сирек құбылыс және табиғи талант. Бірақ, Доскейдің әншілігі, жыршылығы мен композиторлық мол мұрасы әлі күнге дейін толық зерттелген емес. Менің ғылыми мақаламның негізгі бағыты-танымы ақынның айтыскерлік қырын ашу болып табылатындықтан, оның айтыскерлік шеберлігін жан-жақты зерттеу басты мақсатым болмақ.

Доскей Әлімбайұлының айтыс өнеріне қосқан асыл-өнер мұрасын бірнеше кезеңдерге бөліп, қарастыруға болады:

1.1865-1900 жылдар аралығы; Ақынның қазақ ауыз әдебиетінің әдеби мол мұраларын, шығармаларын оқып, айтыскер ақын ретінде қалыптасып, толысып кемелденген шағы. Оның сол жылдардағы жазған көптеген туындылары, айтыстары ақ қағаз бетіне түспеген;

2.1900-1930 жылдар, революциялық өзгерістер, дүмпулер кезеңі;

3.1930-1940 жылдар, аштық және Алаш қайраткерлерінің репрессияға ұшыраған жылдары;

4)1940-1945 жылдар, соғыс уақытындағы айтыстары; Доскей Әлімбайұлы, 1946 жылы, 2 қазанда, 96 жасында қайтыс болған.

5)1950-1960 жылдар аралығы, Доскей ақынның «Кенесары» дастаны үшін, Кенесарыны уағыздап, дәріптеп, іштей Қазақ халқының дербес, тәуелсіз мемлекет болуын қолдағаны үшін, Кеңес үкіметіне қарсы адам ретінде бағаланып, оның өнер мұрасының қудалауға ұшырауына себепші болды.

Доскей - Шашубай, Нартай, Нүрпейіс, Жамбыл, Естай, Тайжан, Төлеу, Саяділ, Сапарғали, Қайып, Маясар, Илияс, Қуат, Кенен, Жолдыкей тәрізді жыр сүлейлерімен қатар өмір сүрген, олардың талайымен айтысқа түскен майталман.

1940 жылдың мамырында Доскейдің 90 жасқа толуын және шығармашылық еңбегінің 75 жылдығын бүкіл республика жұртшылығы мерекеледі.

Бұрынғы Киров атындағы көше 50-ші жылдардың басына дейін Доскей есімімен аталып келді. Тіпті, сол көшенің басынан арнайы үй салынып, қарт ақын біраз жыл ғұмырын сол құжырада өткізген болатын.

С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, өнердің Қарағандыдағы қара шаңырағы да сонау соғыстан кейінгі жылдары Доскей есімін иеленгенін біреу біліп, біреу білмес.

Ал, арада 5-6 жыл өтпей жатып, жоғарыдағы шешімнің аяқсыз қалуын, тіпті, аяқсыз қалып емес-ау, халық ақынының қадірлі есімін жойып жіберу үшін науқан жүргізілуінің себебін қалай түсінеміз.

Сонда дейміз-ау, Қазан төңкерісінің жеңістерін, оның көсемдерінің «көрегендіктерін», «халықтар достығы мен кеңестік патриотизмді» шабыттана жырлаған Доскей есімін сонша қуғын - сүргінге ұшырататындай, қартынды қабірінде тыныш жатқызбайтындай ол соншама не жазыпты?

Доскей ақынның шығармашылығына зер сала қарасақ, жоғарыдағы сауалдың жауабын табамыз. Отаршылдыққа жаны қас екен қартынның. Орыс отаршыларына қарсы жүргізілген ұлт - азаттық күрестің көсемі - Кенесары мен оның батыр інісі Наурызбайдың ерлігін - ол бүкіл ғұмыр бойы жырлапты. Сондықтан да, 50-ші - жылдың басында «қазақ ұлтшылдығы» туралы шу көтерілгенде «феодализм мен хандық құрылымды аңсаған» сұлтандар жайлы дастанның авторы «сырттай жер аударылыпты».

- Доскейдің соңында қалған үш белгісі бар еді, - дейді Мәпішкен апай. - фотоальбомдар, домбыра және портреті.

Альбомды Қазақстан Ғ.А.Қаскебай Жұмағұлов деген қызметкері сұрап алып, академияның қорына өткізіпті.

«Кенесары», «Тоқа батыр», «Иман мағзам», «Қажымұқан» сияқты дастандар қалдырған. [7]

1990-2015 жылдар аралығы, Қазақ елінің өзінің дербес ел екенін жариялап, Тәуелсіз мемлекет болуына байланысты, Доскей ақынның шығармаларын, айтысын, өнерін зерттеуге кең жол ашылуы;

Доскей Әлімбаев жас кезінде қиыншылықты көп көрсе де, жастайынан өнерге, ақындыққа құштар болып өседі. Оның ақын болып қалыптасып, өнер жолына түсуіне: сол замандағы өзін қоршаған өнерлі ортадағы ақындардың, әншілердің, жыршылардың, күйшілердің, сал-серілердің өнерлі өмір жолы қатты әсер етсе керек. Бір жағынан, ол кішкентай кезінен - қазақ халқының ертегілерін, фольклорын, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырын, «Ғашық нәмені», қисса-дастандарды оқып, жаттап, оларды зердесіне біртіндеп тоқи берді, ой-өрісі, танымы дами берді. Қолына қасиетті, киелі домбыра ұстап, сөз құдіретін танитын, білетін өнер адамы, ақын болып, сал-серілік жолға түскісі келді. Қазақта жақсы сөз бар емес пе «Талапты ерге нұр жауады» демекші, өзі өнер қуып,

жастық шақтың күш қуаты, шабыты бойына симай, қыран бүркіттей екі қанатын қомдап, отты, жігерлі көздерінен жалын шашып, сұлу қыздары бар бай ауылдарды жағалап, ел танитын ақын, сал сері болсам» - деп армандап жүргенде Қуандық елінің Жауғаш атты ақынына жолығып, оны өзіне өнер жолындағы алғашқы ұстазым» - деп санайды. Оған арнап, былай деп өлең шығарады:

Мен жауғаштан үйрендім өлең басып,
Сөзіне еріп кетті ықыласым.
Дауысым отарбадан кем емес еді,
Он үшке кәміл толған менің жасым, - деп жырлайды

Негізгі, қасиетті өнер жолына түскен қандай ақын, өнер адамы болмасын, оның тілге тиек ететіні жігіт пен қызға тән мөлдір махаббат. Сонда өмір дегеніміз - махаббат, махаббат дегеніміз - өмір. Ақындықтың бастауы, қайнар көзі, арқауы, өнері, сүйенері, жырлайтын биік шыңы - мөлдір сезім, пәк махаббат, ару қыз. Доскейдің жігітшілігі 13 жасында оянып, ақындық дарыны, қарым қабілеті ерте ашылып, сұлу, ару қыздарға көп ғашық болған жан, өнер иесі. Өнердің желбіреген биік туына жетудің алғашқы баспалдағы, қарлығашы - ару қызға деген ғашықтық сезімнен басталады.

Мысалы:

Жігіттер, сөз бастайын «Жалтармадан»,
Мұны ешкім менен басқа айта алмаған,
Қосылтып домбыраға шырқағанда,
Сұлулар талай-талай жауаңдаған.

Алтыннан-он саусағың, жез бармағың,
Інжуден-тісің, меруерт, гауһар-жағың.
Нәсілің от-періден жаратылған,
Көркіңе күндей балқып, түсер сағым.

Алтыннан үй салғыздық, күміс сенек,
Жақұттан-арқалығы, гауһар-діңгек.
Ей, қалқа, үш құлыпты сандықтайсың,
Қойнына келіп қалай кірсем екен?!

Тағы бір өлең жолдары:

Аулына Қазыбектің барып қондық,
Бір бала жолдас болды Орынборлық.
Айқасып қалқатаймен жатқан күні,
Қалдырдым алтын сағат мың бір сомдық.

Көрінді одан әрі сәнді сарай,
Көруге оны ғашық жұрттың бәрі-ай.
Есігін сегіз жерден құлыптапты,
Кіреміз соған қалай, уа, дариға-ай!

Иә, жоғарыда айтылған өлең жолдарынан, қазақ тілінің құдіреттілігі, оюдан өрнек салған сөз тізбектері, ана тіліміздің гауһар, жаһұт тастары аспандағы алтын күндей болып, жарқырап көрінеді.

Доскей Әлімбайұлы ақындық өнер жолында небір дүлдүл ақындармен, сал-серілермен кездеседі. Соның бірі қазақ елінің атақты сал-серісі, әншісі Біржан сал. Ол 1867 жылы 17 жасында бір тойда Біржан-салмен кездесіп, танысады. Сонда Біржан-сал: Доскейдің өнерін жоғары бағалап: «Көмейің кең, тілің мірдің оғындай екен. Әр сөзің мың ділдәлық болсын» - деп батасын беріп, қасиетті домбырасын сыйлайды. Сол кездесуден кейін, Доскейдің басына бақыт құсы қонып, өнер жолындағы тасы өрге домалай бастайды.

1878 жылы, 28 жасында Ақмола, Есіл бойындағы Қоңырадыр деген жерде жай отындай қазақ халқына танымал Жаяу Мұсамен кездеседі. Сонда ақын Жаяу Мұсаның «Ақсиса» әнін, басқа да әндерін тыңдап, ән құдіретіне бас иеді:

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса – сиса
Қалмайды кімдер жаяу, зорлық қылса
Аттыдан жаяу жүріп, кек аламын,
Жігіттер шамаң келсе, маған ұқса...

Жаяу Мұсаның шабытпен, жігермен салған асқақ әні, көк аспанның биігіне көтеріліп, әннің асқақ рухы Доскейдің жүрегін тербейді. Жаяу Мұса ән салып болғаннан кейін, Доскейге қарап: «Шырағым, өмірінде байға жалынышты болма, өткір бол. Екпінің жер жарып, тасты тілетін болсын» - деп ақ батасын береді.

Доскей ақын - қамалды бұзған 30 жасқа келгенде, айтыскерлік шеберлігі биік дәрежеге көтеріледі. Оның айтыскерлік қарым-қабілеті, Алла тағала берген ақындығын, жыршылығын әншілік өнерін дүйім жұрт Алты Алаш жұрты жоғары бағалайды. 30 жас-адамның жалындап, лапылдап тұрған жастықтың ең қызықты шағы. Бұл жаста Доскей ақынның өнері, шабыты, айтыскерлігі, аузынан шыққан жыр тасқыны биік таудан аққан тасқын судай ағады, гүрілдейді, дүрілдейді. Ол әр сөздің қадір-қасиетін, сырын жақсы түсінеді, әр сөздің орасан зор энергетикалық, физикалық, табиғи күш-қуатын пайымдайды. Әрбір ақынмен кездескенде, қай сөзді қай жерде қолдану керектігін, тәртібін, әр сөздің астарлы, тылсым құпиясын, механизмін өте шебер меңгереді.

Бір жыр жолдары Доскей ақынның ақындық шеберлігін айқындап тұрғандай:

Жыр қуған он бес жастан Доскей едім,
Арқаның адыры емес, төскейі едім.
Сөйлесем алқа – қотан, шаршы топта,
Шұбалған шалқар құлаш көштей едім...

Доскей Әлімбайұлының: Үкілі Ыбырай мен Ажар ақынмен ғана айтысқан айтыстары ғана сақталған. Ал, басқа көптеген ақындармен кездесіп, айтысқандары қағаз бетіне түспеген.

Доскей мен Ыбырай айтысы:

Доскей: Уа, інішек, жүрмісің есен-аман?
Сені тақ-тақ жаратқан хақ тағалам.

Қай ру, қай нәсілден боласың сен,
Әуелі соларыңды айтшы маған.

Ыбырай: Төрт момындап келгенде, қалың шорман,
Елім бай, шалқып жатқан көлден молмын.
Келген бұлт төбесінде қақ айырылған,
Атығай, Қарауылдай егіз елмін.

Доскей: Інішек, сөз сөйлейсің әрбір тұстан,
Шын айран көз екенсің қолды қысқан.
«Қоян» деген жымыстан жұт болып еді.
Жаным - ай, елің қалай биыл қыстан?

Ыбырай: Нәпсіге артық шешпейік ұзын бауды,
Ойға алып, тоқтайық нәпсі жауды.
Жалпы елдің іргесі аман қалып,
Жұт болды әр жерінен ала жаулы.

Доскей: Осылай мақтандың ба, Ыбырайым?
Бізді тақ - тақ жаратты бір Құдайым.
Тұяқты, жерді басқан малды айтсаңшы,
Тасыңды жерде жатқан не қылайын?

Ыбырай: Ыбырай қарауылдан нәсіл еді,
Өлең айтсам мұратым қасыл еді.
Атқа балап алушы ең алтын жүзік.
Ол тас емей, атаңның басы ма еді?

Доскей: Ой, шырақ, өлеңшіге ұнау керек,
Ағасынның сөзіне шыдау керек.
Келмей жатып бетімнен тырналама,
Әдеппен ел - жұрт жайын сұрау керек.

Доскей мен Ажардың айтысы:

Доскей: Мінеді патша болған алтын таққа,
Кім таласар жазмышты берген баққа.
Қолында екі шекті қу қарағай,
Барасыз, Ажар апай, қайсы жаққа?

Ажар: Жүйрікке жете алмайды аты шабан,
Біреуге олай, біреуге былай заман.
Мен сорлының көретін көзі барма?
Замандасым, жүрсің бе өзің де аман?

Доскей: Өзіңе жолдас болып, ерер ме едім,
Арасын ақ қорының көрер ме едім.
Балаңды еріп барып үйден көрсем,
Ат - шапан айыбына берер ме едің?

Ажар: Бір байқап кетіп едім манағыда - ай,
Ешкімді кетіп едім пана қылмай.
Бекайдар - атаң ірі, наркескенім,

Бақ қонған он бесіннен, қарағым - ай.

Доскей: Аруағы Қуандықтың кетті басып,
Әр жерде сөз сөйлеймін, өнер шашып.
Соңынан бір төбетін ертіп алып,
Жөнелді, жеңілген соң, қаншық қашып.

Ажар: Мына сөз расы ма, жалғаны ма?
Ажар сенен жеңіліп қалғаны ма?
Домбыра алып қолыңа, тақылдайсың,
Сиейін домбыраң мен гармоныңа!

Доскей: Суға салса батпайды ағаш кеме,
Жамандасын жақсысын халық неге?
Хазірет Мұса асасы ағаш еді,
Аруақ атқыр ағашқа сидің неге?

Мұнан кейін Ажар ақын өзінің Доскейден жеңілгенін мойындап, Доскейдің қолын алып, ат-шапан айыбын төлейді.

Доскей Әлімбайұлының айтыстарынан байқағанымыз: оның суырып салмалық, тез арада ұтымды сөзді тауып айтатын импровизациялық қарым-қабілетінің ұшқырлығы, жылдамдығы және сөздік қорындағы тіл байлығының шұрайлығы, сөз екпінінің күштілігі ақын бойындағы басты қасиеттердің бірі болып табылады. Ақынның айтыс кезіндегі дәл тауып айтылған тұщымды жауабы, әр сөзінің салмағы мың тоннаға жетерліктей екені даусыз. Доскей ақын, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін жақсы білген, ой-өрісі өте кең, энциклопедиялық білім жинақтаған айтыскер ақын екені ақиқат нәрсе. Ол әр сөзге мән беріп, ол сөздің қадір-қасиетін терең түсініп, сөздің астарына үңіліп, қай сөзді қай жерде қолдану керектігін өте жақсы меңгерген айтыс ақыны. Оның айтыс кезінде айтылған әр сөзінде, жыр жолдарында, өлең шумақтарында үлкен философиялық ой, тәлім-тәрбие жатыр. Ақынның келешек ұрпаққа қалдырған ақындық өнер мұрасы, шығармалары бүгінгі ХХІ-ші ғасырдың өзінде де өте өзекті болып табылады. Жылдан-жыл, ғасырдан-ғасыр өткен сайын Доскей ақынның жазған дастандары, айтыстары, шығармалары жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызды роль атқара берері сөзсіз.

Доскей Әлімбайұлы топжарған ақын, айыр көмей шешен, жезтаңдай әнші, дарынды композитор.

1939 жылы Д.Әлімбаевқа Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Жарлығы бойынша: «Қазақ халқының ауызша халық шығармашылығын өркендету ісіне озат еңбек сіңіргені үшін», «Қазақ ССР өнеріне еңбек сіңірген қайраткері» атағы, 1940 жылы «Құрмет белгісі» ордені берілді.

Д.Әлімбаев есімімен Қарағанды да көше, жатқан жерінде - Бұқар жырау ауданында елді - мекен Доскей ауылы деп аталады.

Доскей ақынның 140, 150, 160 жылдық мерейтойлары - Доскей ауылында тойланып, ақынның мерей тойына байланысты ақындар айтысы өткізілді. Бірақ, бір әттегені, Алаш жұртына атағы шыққан ақынның мерей тойлары ауылдық деңгейде ғана атап өткізілгені көңілге кірбің ұялатады. Әлі күнге дейін, ауылдағы Елтай Ерназаров атындағы мектепке Доскей есімін береміз деп жергілікті жерде қаншама рет мәселе көтеріліп, уәделескенімен, мұның аяғы сиырқұйымшақтанып, берілген

уәде орындалмай, баяғы жартас бір жартас күнінде қалып отырғаны түсініксіз жағдай.

Доскей ауылында - айтыскер ақынға арналған мүсін, кесене орнатылып, мұражай ашу туралы мәселесі де кейінге шегеріле беруі, Доскейліктердің наразылығын, ренішін тудырып отыр. Әлде, Доскей Әлімбайұлы «Кенесары ханды» дәріптеп, қазақ елінің Тәуелсіз мемлекет болуын армандап, жырына қосқаны үшін кінәлі болғаны ма? Қазақта: «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл сөзді ұмытып, Доскей Әлімбайұлының аруағы алдында ұятты болып отырған жайымыз бар. Қарағанды қаласының ұлт зиялылары, оқымысты - ғалымдары осындай қазақ халқының рухын көтеріп, өскелең жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін «руханият мәселесіне» неге немқұрайлы қарап отыр, намыс қайда?...

Сарыарқаның кең жазирасына симай, Арқаның адыры емес, төскейі болған дүлдүл, айтыскер ақынды ауылымыздағы шағын модельді - кітапхананың кішкентай бір бұрышына ел-жұрт көрмесін, деп тығып, тұншықтырып, жетімсіретіп қойғанымыз дүйім Алаш жұртына сын болып, Доскей ауылының адамдарының қабырғасына қатты батып жүргені, баршамызды ойлантуы тиіс. Онсыз да Доскей ақын балалық шағында жетімдік зардабын аз тартқан жоқ емес пе? Қазақ халқы әрдайым аруақты сыйлап, қадірлеп өскен жұрт емес пе?

Ендеше, өткен іс-шаралардан сабақ алып, Доскей Әлімбайұлының алдағы өтетін мерейтойларын шын мәнінде Республика деңгейде өткізілуіне барша Алаш жұрты боп атсалысуымыз қажет және қазірден бастап дайындалуымыз үлкен міндет, парыз болмақ.

Доскейдің «Кенесары хан» жайлы дастан-поэмасына ғылыми сараптама:

Шыңғыс хан ұрпағы - Кенесары хан
Кенесарының басы кетті,
Қазақ деген ел үшін.
Айдын шалқар көлдермен,
Сарыарқа деген жер үшін.
Хан кеткен соң,
Ел түсті,
Дұшпанның құрған торына.
Қилы заман орнады ғой,
Қазақтың алтын басына.

Баһадүрлер - атқа қонды,
Тәуелсіз ел болуға,
Азаттық пен Бостандық,
Арман болды - жұртыма.
Ай мен Күндей сұлу қыздар,
Күң болды ғой дұшпанға,
Есіл ерлер құл болды ғой,
Жоңғар, қалмақ, қытайға.

Тәуелсіздіктен айрылған соң,
Бұл - қазақтан күш кетті.
Әлсіреген, бұл - қазақтан,
Бақыт, дәулет, рух кетті
Байтал түгіл, бас қайғы боп,
Қазақ қалды абдырап,
Ал, надандар қойдай қырды,
Бұл - қазақты қуалап.
Алла қолдап, Желтоқсанда,
Тәуелсіздік таңы атты.
Таңның нұры, бұл - қазаққа,
Бақыт құсын сыйлапты.
Бақыт, дәулет қайта қонды,
Алты Алаштай жұртыма,
Нұрсұлтандай патша келіп,
Береке кірді - халқыма.

«Кенесары» поэмасы Қ.Бекхожиннің құрастырумен жарық көрген «Толғау» атты жинағына енген. Жарты ғасырдан кейін ғана аталмыш шығарма «Жас Алаш» газетінде 22 Қазан, 1999 жылы жарияланды. Баспаға әзірлеген - ғалым Серік Негимов. Осыдан соң, 1993 жылы « Жалын» баспасынан шыққан «Хан Кене» атты жинаққа енгізіліп, қалың оқырманның рухани игілігіне айналды.

1. Нысанбай жыраудың - «Кенесары - Наурызбай» дастаны;
2. Досқожаның Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны;
3. Жүсіпбек қожа Шайқысыламулының «Қиса Наурызбай төре» атты шығармасы;
4. Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы;
5. Қ.Есенберлин «Көшпенділер трилогиясы» «Қаһар»
6. Е.Бекмахановтың тарихи монографиясы - Кенесары Қасымұлы

Доскейдің «Кенесары - Наурызбай жорығы» жайлы аңыз - әңгімесі бар. Бұл естелік әңгімені 1940 жылы мұғалім Ф.Мұқанов жазып алған. Қолжазба Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында (1339 папка, 3 дәптер) сақтаулы. Доскейдің бұл естелік әңгімесі туралы ғалым Е.Бекмаханов былай дейді. «Доскей ақынның Кенесары Қасымов туралы естеліктері төңкеріске дейін халық арасында кең тараған. Доскейдің әңгімелері ертегі түрінде құрылғанына қарамастан, олар халықтың Кенесары көтерілісінде көзқарасын айтып берді, сондықтан да бұл әңгімелер тарихшылардың назар аударуына тұрарлық (Қазақстан ХІХ ғ. 20 – 40 жылдарында)

Доскей Әлімбайұлының «Кенесары хан» жайлы дастан-поэмасына ғылыми талдау жүргізу:

Доскей Әлімбайұлының шоқтығы биік, эпикалық батырлар жыры үлгісімен жазылған аса құнды, бағалы шығармасының бірі - «Кенесары хан» жайлы жазған дастан-поэмасы. Иә, бұл дастанның қазақ елінің тарихы мен әдебиетінде, рухани-мәдени қазынасында - өз орнын ойып алған, алтын әріптермен жазылған шығарма деп әділ баға беруге болады. Қазақ халқының соңғы ханы-Кенесары, хан-Шыңғыс, мен Абылай ханның ұрпағы. Ал, Шыңғыс хан өз заманында - дүние жүзінің тең жартысын, қаншама мемлекеттер мен ұлыстарды, аймақтарды, ел-жұртты ақ найзаның ұшымен, зуылдай ұшқан садақтың жебесімен, алмастай жарқылдаған қылыштың жүзімен, сәйгүлік аттардың құстай ұшқан шабысымен, өз бойындағы Құдай берген ақыл-парасатымен, күшті әскери-жауынгерлік қарым-қабілетімен, асқан батырлығы мен намысқойлығының, далалық данышпандығының арқасында төрткүл дүниені аузына қаратты. Шыңғыс хан өз дәуірінде - ұлан-байтақ жерлерге созылып жатқан Ұлы Империя, Қағандық құра білді. Сол алып, зор Империя бірнеше ғасырдың ішінде хан тағына таласу салдары мен Шыңғыс хан ұрпақтарының өз ішінде туындаған бақталастық пен алауыздықтың, қызғаныш пен көре алмаушылықтың салдарынан, ұйым мен бірліктің азайып кетуінен, «алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген даналық сөзді ескермеудің нәтижесінде-алып, зор мемлекет ұсақ-ұсақ хандықтарға, ұлыстарға ыдырап кетті.

Абылайхан заманында қазақ жұрты, мемлекеті әлі де болса, өзінің Тәуелсіздігіне ие болатын.

Кенесары хан-қазақ хандығының ең соңғысы. Сондықтан болар, Кенесары хан орыс патшасының отарлау саясатына қарсы шыққан бірден-бір тарихи тұлға. ХІХ

ғасырдың орта тұсында патша үкіметінің жүйелі жүргізген «отарлау саясаты» өзінің шарықтау шегіне жетті. Қазақтың әр қаласында, топырағы құнарлы, шұрайлы жерлерінде бекіністер салынып, қазақтардың мал жайылатын өрісі біртіндеп тарыла түсті. Ресейден орыстың кедей-шаруа мұжықтары Қазақстан жеріне лег-легімен көшіп келіп, қазақтың топырағы құнарлы, сулы аймақтарына қоныстана бастады. Ал, тұрғылықты қазақтар топырағы - құнарсыз, шөлді, сусыз, шөлейтті жерлерге күшпен ығыстырылды. Қазақ жұрты өз жерінде 2-ші санаттағы адамдарға айналып, «жабайы, надан, сауатсыз» деген атқа ие болды. Намысты, айдарлы, айбарлы жігіттеріміз - құлға, ал айдай сұлу қыздарымыз - күнге айналды. Орыс патшасы қазақ халқын «бұратана» артта қалған халық деп санады. Олардың арманы - қазақ жұртын біртіндеп орыстандырып, қазақ халқының ұлан-байтақ жеріне, жер қойнауындағы алтын-күмісіне, қазына-байлыққа иелік ету еді. Бірақ, халықтың ішінде отарлау саясатына көнбей, қайткен күнде қазақ мемлекетінің тұтастығын, Тәуелсіздігін сақтап қаламыз деген намысқой ер-азаматтарымыз аз болмады. Солардың бірегейі, қайталанбас тұлға Абылайханның ұрпағы - Кенесары. Ол үш жүздің басын біріктірген, ұлт-азаттық көтерілістің көсеміне, батырына айналды. Кенесары Қасымұлы ел-жұртының бостандығы мен Тәуелсіздігі үшін арыстандай алысқан, жауымен көкжал қасқырдай жұлысқан, арпалысқан, ыстық жүрегі түкті, кеудесі, жан-дүниесі намысқа толған, халқы үшін ыстық қанын жерге төккен, қазақтың соңғы ханы және қаһарлы, айбатты, ақылды батыры.

Доскей Әлімбайұлы балалық шағында, жастық кезеңде-Кенесары хан туралы, оның ерлігі, дұшпандармен соғысы мен батырлығы жайлы ел арасында көптеген аңыз-әңгімелер естіп, оның ерлігіне, жүректілігіне таң қалатын. Халық Кенесары ханды аңыз ғып жырлайтын. Доскей ержеткенде «Кенесары хан» туралы поэма жазамын деген арман-мақсаты, ешқашан да ойынан бір шыққан емес. Халық ақыны Алты Алашқа танылып, рухани толысып, ақындық қарым-қабілеті күшейген кезде, «Кенесары хан» туралы поэма-дастан, тарихи жыр жазды. Ақын хан туралы дастан жазбас бұрын, «Кенесары-Наурызбай» туралы аңыз-әңгіме, ертегі түрінде жазады. Доскей екі ғасырдың куәсі, куәгері болған ақын. Ақын Кеңестер Одағы дүрілдеп, қылышынан қан тамып тұрған кезде, зиялы қауым Кенесары ханның атын, есімін айтпақ түгіл, оны ойлауға қорқатын заманда, Доскейдің хан туралы поэма-дастан жазуы батырлықпен, ерлікпен пара-пар нәрсе.

Доскей Әлімбайұлы «Кенесары хан» туралы тарихи жырын былай бастайды:

Рас сөзге нанайын,
Он екі баулы өзбек.
Бізге болған ағайын.
Өзбекке болысқан,
Николаймен ұрысқан.
Кенесары - Наурызбай

Бұған өлең жазайын,

Халық ақыны бұл поэманы бұрынғы батырлар жыры үлгісінде, формасында жазғаны өлең жолдарынан, буын үндестігінен, эпикалық кейіпкерлердің іс-әрекетінен анық байқалады. Тарихи дастан XIX ғасырдың ортасында болған ұлт-азаттық көтерілістің көсемі, басшысы, қаһарманы - Кенесары ханның арғы атасы

Абылай хан мен оның арғы тегі, шыққан ортасы туралы, сол заманда қалыптасқан тарихи ахуалды, қазақ халқының басындағы аумалы - төкпелі жағдайды, Николай II патшаның жүргізіп отырған «отарлау» саясатын сынайды. Әсіресе, Кенесарының інісі Ер Наурызбайдың ерлігі, бейне-болмысы, батырлық ерліктері, мінез-құлқы, батырға тән қасиеттері жан-жақты суреттелген:

Ер Наурызбай ойлады:
«Текежәуміт мінсем» деп
Найза теспес, оқ өтпес,
Кенекеңнің артынан
Жолдас болып ерсем деп,
Жау қарасын көргенде,
Жекпе-жекке келгенде,
Иіле түйреп етекпен,
«Абылайлап» тисем деп,
Дос дұшпанның арасын
Айырып әбден білсем деп,

XIX ғасырдың орта шені, кезеңі қазақ халқы үшін өте қиын жылдар болды. Қазақ жұртының тағдыры қыл үстінде тұрды. Ол заманда қазақтың дұшпандары, жаулары өте көп еді. Жоңғар, қалмақ, қытай сияқты мемлекеттер қазақтарды жан-жақтан қыспаққа алды. Олардың көкsegені, ата-бабаларымыздың жерін жаулап алып, жер үсті байлығы мен жер асты қазынасына қол жеткізу болатын. Қазақ батырлары, біресе жоңғармен, біресе қалмақпен, бірде қытай мемлекетімен соғыса әбден әлсіреп, қалжыраған еді. Оған келіп, Николай II патшаның, Ресейдің қазақ жерлерін біртіндеп отарлау саясаты келіп қосылып, қазақ халқының тұрмыс, әлеуметтік жағдайы тым қиындап, ел-жұрт екі оттың ортасында қалды:

Қонысына таласқан,
Дұшпанды әрі түрсем деп
Сарыарқаның даласы
Халқының қазақ жері еді.
Қалмақ, қытай шүршітпен
Ел емеспіз дер еді.
Оңтүстіктен тағы да
Бір жау қаптап келеді.
Екі жақтан қысқан соң,
Ат төбелі секілді
Сорлы қазақ баласы
Таршылықты көреді,
Қалайша күн көреді.

Бұл тарихи кезеңде, тарих сахнасына Орыс Империясы шығып, ал қазақ хандығы бұрынғы айбын-күшінен айрылып, әлсіреп, жаралы арыстандай аласұрып, жанталасқан кезі болатын. Амал жоқтан, еріксіз орыс патшалығының ықпалына көндіге бастаған кез. Ешқашанда қазақ жұрты өз еркімен Ресей патшалығының қол астына кіріп, бағынышты болмаған. Сол заманда қалыптасқан қиын жағдайға байланысты, кейбір ру басылары Николай II патшаға бағынамыз деп арнайы хат жазған. Доскей ақын бұл дастанда Кенесары ханның образын, мінез-құлқын,

батырлық іс-әрекеттерін, бейнесін жақсы сомдай білген. Жыр жолдарында әсерлеу, хан бейнесін ашудағы сөз теңеулері, сөз тіркестері, буын үндестігі, сөз формалары, жыр жолдары, шумақтары, ырғақ үйлесімділігі бір-бірімен жақсы үйлесім тапқан. Жыр жолдарында - антоним сөздер, батырлар жырындағы формалық ұйқастар, нақыл сөздер жиі кездеседі.

Патшаның келіп жабылды
Арқаға нақақ жаласы.
Бұған қалай шыдасын
Кенекемдей данасы.
Кенесары батырға
Қан жауғандай боп кетті
Жер мен көктің арасы.
Кенесары батырдың
Қан толғандай қызарды
Көзінің ақ пен қарасы.

Доскей ақын жас кезінде халық ауыз әдебиетін және батырлар жырын көп оқыған. «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Қобыланды батыр» тарихи жырларын санасына тоқып, олардың көбін жатқа білген. Елдің батырлары қай заманда болмасын елі мен жерін, ұлан-байтақ жазира даласын, көздің қарашығындай сақтап, ақ алмастай жарқылдаған қайқы қылыштарымен, ақ найзаның ұшымен, желмен жарыса ұшқан, зуылдай ұшатын садақтарымен сыртқы жауларымен шайқасып, туған жерін, халқын қызғыш құстай қорғай білген. Батыр қашанда халықтың намысы, берік қамалдай қорғаны. Ал, батырдың қанаты, тірегі, намыс-күші астына мінген жүйрік, сәйгүлік аты. Сәйгүлікке мінген қазақ батырының рухы, намыс күші 100 есе, 1000 есе күшейіп кететін болған. Көшпелі қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын жабайы, кең жазиралы далада емін-еркін жайылып жүрген жылқы малын қолға үйреткеннен кейін, қазақ халқының басына «бақ құсы» қонып, тасы өрге домалай бастаған. Сол себепті болар, қазақ батыры ең сенімді досы, қолқанаты бола білген жылқы малын ерекше қастерлей білген. Жылқы қазақ үшін жесе ет, ішсе сусын, кисе киім болған. Жылқының қымызын ішіп, қазы-қартасын жеп, қасиетті аттың үстінде жүрген қазақтың рухы күшті, намыс күші мен энергетикалық, физикалық күш-қуаты әрдайым жоғары деңгейде болған. Қазақ батыры мен текті жылқы егіз ұғым. Қазақ жұрты батырын, ақын-жыршысын, әнші-күйшілерін ерекше қастерлей білген. Өйткені, жауынгершілік заманда ел арасында батыр, жүректі, батыл, күш-қайраты мол адамның бедел-абыройы жоғары болған. Кез-келген мемлекеттің қауіпсіздігі мен ел-жер-аймақ тұтастығы - найза мен қылыш ұстаған батырлардың күш-қайратына, намыс күшіне, көзсіз батырлығына тәуелді болған. Ал, Доскей Әлімбайұлының «Кенесары хан» жыр-дастанында қазақ батырларының ерен-ерліктері, соғыстағы іс-қимылдары жан-жақты суреттелген, шынайы бейнеленген. Орыс патшасының «отарлау» саясатына қарсы тұратын бірден-бір күш-қазақ батырлары екендігі тарихтан белгілі жайт. Міне, сол себепті Доскей ақын қазақ батырларын өзінің тарихи жыр-дастанында үлкен дәрежеге көтереді.

«Қастығын патша қоймаса,

Өртенер, - деді қаласы, -
Айдарлысы құл болып,
Тұлымдысы тұл болып,
Екіталай күн туып,
Ботасы өлген түйедей
Боздап қалар анасы,
Жүрегіме дақ салар
Найзадан болар жарасы,
Омыртқасы үзіліп,
Қабырғасы қақырап,
Жыртылар, - деді жағасы»
Опасыз туған болса ұл,
Өлімен тең бағасы,
Елін сатса жауына,
Ол жүректің қарасы.

Кенесары хан бастаған ұлт - азаттық көтерілісінің жеңіліске ұшырауының басты себеп-салдары: оған үш жүздің барлық ру-басылары қосыла қоймады. Кенесарының соңынан ерген сарбаздардың саны тым аз болғаны, көтеріліс жаппай халықтық сипатқа ие болмады, бытыраңқылы, шашыраңқылы күйде ұйымдастырылды. Бұл - көтеріліске бай-шонжарлардың, ауқатты байлардың қатысуы, қолдауы тым мардымсыз болғаны тарихи шындық. Біріншіден, Кенесары-Наурызбай әскерлері, сарбаздары, батырлары көбіне қайқы қылышпен, үшкір найзамен, садақпен, айбалтамен, шоқпармен қаруланды. Кейбір жауынгерлердің қолында ғана білте мылтық болды. Екіншіден, Кенесары әскерлері мен беделді ру басыларының арасында, патша үкіметін қолдайтын және ұлт-азаттық көтеріліске наразы адамдардың көп болуы да өз әсерін тигізбей қоймады. Николай патшадан: шен-атақ, сыйлық, марапат алу үшін кейбір ру басылары сатқындыққа, алдап-арбауға шейін барды:

Наград берем деген соң,
Қыпшақтан кетті Ыбырай,
Советник болып Тұрлыбек,
Ол да кетті сұмырай,
Бәсентиін Мәсеке
Шыдап тұрсын ол қалай?
Қаз дауысты Қазыбектің
Аруағын аттап сыйламай,
Ауылына кетті Шалғынбай
Жемсауы кеуіп параға
Тобықтының елінен
Суырыла шықты Құнанбай.
Құдаймен де қалған жоқ.
Қоңыр төре қалған жоқ.
Найманнан шыққан Ерден де
Алды-артына қарамай,

Параны жақын жағалай.
Мұның бәрі Кенеге
Қасірет болды бірталай.

Досекең бабамыз «Кенесары хан» поэмасында - қазақ батырларының ерлігін, намысын, олардың қай жүзден, рудан, атадан екендігін жіктеп көрсетеді. Халық ақыны - ел мен жердің тарихын, ата-бабалар шежіресін, шыққан тегін жақсы білген. Үш жүзден шыққан батырлардың басын қосып, патша үкіметі мен отаршыларға қарсы күресу, қазақ жерінде әрбір қалада салынған орыс бекіністерін бұзу, қасиетті туған жерді жан-жақтан анталаған дұшпандардан қорғау, Тәуелсіз мемлекет атану, қазақ хандығының негізін сақтап қалу Кенесары ханның басты арман-мақсаты, мүддесі болатын. Доскей ақынның Кенесары хан туралы тарихи дастан-поэма сияқты күрделі шығарманы сәтті жазып шығуы - оның халқына қалдырған рухани «алтын мұрасы» болып табылады. Жауынгершілік, соғыс заманында - батырлық пен намыстың, рухтың бірінші орынға шығуы табиғи заңдылықтан туындайды. Бұл тарихи жырда Кенесары мен Наурызбайдың, әр рудан шыққан батырлардың бет-бейнесі, образы, тарихи ролі, бойларындағы намыс пен биік рухтың, батылдықтың соншалықты жоғары дәрежеде екені жыр жолдарынан анық байқалады. Кей батырлардың соғыстағы іс-қимылдарын мифтік образға теңеу, әсерлеп жіберу, халық ауыз әдебиетіндегі «батырлар жырындағы» элементтерді қосу арқылы, поэма желісін ширатып, сәйгүлік аттарға мінген, қолдарына алмас қылыш пен найза, қалқан ұстаған батырлардың бет-бейнесі, кескін-келбеті, батырлық тұлғасы оқырманның көз алдына келеді. Тарихи жырды оқып отырған әрбір оқырман, сол тарихи кезеңнің, ұлт-азаттық көтерілістің ішінде жүргендей сезінері хақ. «Кенесары хан» туралы поэма-дастанды зерттеуші ғалымдар, филологтар тарапынан ашылмай жатқан бір қыры, сипаты тарихи жырдың өсіп келе жатқан жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудегі маңызды ролін жан-жақты зерттеу, бүгінгі Доскейтанушыларға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Намысты, ақылды, қайсар, батыр, білімді, өнері, рухы биік халық қана, өзінің Тәуелсіздігін, ұлан-байтақ жерін, туған тілін, салт-дәстүрін сақтап қалатыны сөзсіз. Намыссыз, жігерсіз, құлдық психологиядағы елдің, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр, күңгірт. Ендеше, Доскей ақын Кенекен жайында тарихи-дастан жазуының арқасында жалпы қазақ халқының жүрегінде өшіп бара жатқан намыс шоғын өшірмей, қайта әр қазақтың бойындағы батырлық қасиет пен жылдан-жылға әлсіреп бара жатқан намыс отын оятуға зор үлес қосқан нағыз халық ақыны, жыршысы, данагөй абызы. Тарихи дастандағы әрбір жыр жолында, шумақтардың тізбегінде, әр сөздің астарында намыстың күші, энергетикалық күш-қуаты бұрқ-сарқ қайнап жатыр. Ақыл-парасат, білім, намыс пен батырлық адам бойындағы басты, негізгі қасиеттердің бірі. Адам өмірінің маңыздылығы, құндылығы - ар-намысқа тікелей тәуелді. Миллиардер, бай адамның бойында намыс, ақыл және адамгершілік қасиеттер болмаса, ондай адамның құны, бағасы көк тиын. Ендеше, Доскей Әлімбайұлының бұл поэмасы шоқтығы биік, тәрбиелік маңызы зор құнды шығарма екендігі ерекше атап өткен орынды. Мысалы:

«Ойран салмай жауыма,
Шыдаймын, - деді, - мен қалай?
Қазақтың жиып батырын,

Басын қосып жинайын,
Қолды түзеп көк найза,
Желкесін жаудың қияйын,

Арғыннан шыққан Ағыбай,
Шапырашты Бұғыбай,
Толқынта найза сілтеген
Шәкір, Жәуке, Төлебай,
Азға қуат беретін
Туған інім Наурызбай.

Қайратты қалай тыяйын,
Атамның еді жолдасы
Қарт Бөгенбай бар еді.
Соған барып дос болған
Тарақтыда Байғозы,
Назымды соған құяйын.

Төртуылда Жанайдар,
Жиһан асқан ер еді.
Тамадағы Танашты
Шақырсам, ол да келеді.
Базар батыр Бөріші де
Ерегіскен дұшпанның
Жау жазасын береді.

Көбек батыр және бар,
Жауға жеке кіретін.
Бижан батыр тағы бар,
Мінген аты-Көкшағыр,
Әкесінің аты-Алшағыр,
Жарғаштың жеті бірі еді,
Қайраты мұның ірі еді.

Оған еріп жолдас боп,
Көкаласын мінеді.
Немересі Жұманның
Байқан батыр келеді.
«Ерегіскен, тақсыр-ау,
Жауың қайда», - дер еді, -
Байқан батыр ерлігі
Оның дағы мол еді.
Кенесары батырдың
Жауға аттанар жолы еді,

Жиналған осы батырлар,
Сегіз жүздей қол еді.
Кененің сонда мінгені
Сансыз қолдан озатын
Шамадан алған торы еді.

Сақ, Ғұн, Көк Түріктің ұрпақтары мыңдаған жылдар бойы Алла тағала берген осыншама ұлан-байтақ жазира даланы, ұшқан құстың қанаты талатын дархан қазақ даласын алмас қылыштың жүзімен, өткір найзаның ұшымен, ақыл мен намыстың күшімен, шешен-билердің далалық, даналық философиясының, дипломатиясының арқасында ғана қорғап қалды. «Кенесары хан» поэмасы, тарихи жыры басынан аяғына дейін батырлар жыры үлгісімен, үрдісімен жырланады. Тарихи жырда-Кенесары мен Наурызбайдың, ұлт-азаттық көтерілістің басшылары ретіндегі тарихи миссиясы реалистік тұрғыда шынайы жырланған, көрсетілген. Доскей ақын мұндай тарихи - дастан жазу үшін көп ізденді, әдеби, тарихи кітаптарды көп оқыды және халық ауыз әдебиетіндегі көптеген «батырлар жырын», «қисса-дастандарды» оқып қана қоймай, зейініне, сана-сезіміне тоқып, жаттап алатын. Доскей ақын балалық шағында ауыл ақсақалдарынан, көпті көрген қариялардан - Кенесары хан және оның ұлт-азаттық көтеріліске белсене қатысқан серіктес батырлар жайлы, неше түрлі ертегі, аңыз-әңгімелерді көп еститін. Батырлар жырын көп білетіндігі, бойындағы жыршылық қабілетінің, өнерінің, арқасында және бойындағы жылдар бойы жинақталған энциклопедиялық білімінің көмегімен, осынау тәрбиелік маңызы зор поэманы аса жоғары деңгейде жазып шықты. Қазақ халқы жылқы мінездес, батыр, намысты, қайсар халық. Қазақ намыс күшін қайдан алады? Қазақ жұрты, елі намысты оятатын күш-қуатты, басты қозғаушы элементтерді ең алдымен әдеби шығармаларынан, ана тілінен және сәйгүлік ат пен оның құнарлы, шипалы қымызынан, асқар таудың басынан гүрілдей аққан мөлдір суынан, шексіз даланың жусан иісі аңқыған таза ауасынан, самал желінен, қасиетті туған жердің топырағынан, қасиетті қазақ тілінің энергетикалық күш-қуатынан, жазиралы шексіз даланың дархан жүрегінен алады. Батырлық пен намыс қазақ халқының жаны. «Кенесары хан» дастан-поэмасының тарихи, рухани-тәрбиелік құндылығы тереңде жатыр, батырлық пен намысты, биік рухты жоғары қоюы - ХХІ-ші ғасырдың өзінде өзінің маңыздылығын, өзектілігін жойған жоқ.

Кенесары хан өзінің 800-дей батыр сарбаздарымен Алтай-Қарпық жеріндегі Құланөтпеске жиылды. Осы жерде үлкен кеңес, жиын өткізілді. Кеңестің негізгі мақсаты - орыс үкіметіне, отаршылдыққа қарсы қажырлы күрес жүргізу және ел ішіндегі әрбір рудан батыр жігіттерді іріктеу, жылқы малын, азық-түлік өнімдерін жинау, ұлт-азаттық көтерілісті бұқаралық деңгейге көтеру, ұтымды соғыс тәсілдерін жүргізу сияқты маңызды мәселелер талқыға салынды.

Батырлар шығып жайнады,
Наркескенді қайрады,
Арғымақ тұлпар мінгені,
Беттері жаудан таймады.
Жиылып тәман батыр келді
Сонда.

Наурызбай, Кенесары көрді

Сонда:

«Жүйрік тұлпар мін» - деді,

«Оқ өтпес сауыт ки» - деді,

«Сонымнан менің ер» - деді,

«Абылайлап жауға» кір» - деді.

«Кенесары хан» дастанында көшпелі қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінез-болмысы, биік рухы, мәдениеті, өркениеті, ата-бабалардың аруағын сыйлау, діни-нанымы, қасиетті туған жердің жұпар иісі, көк аспанның астында созылып жатқан дархан даласы-тарихы жырды оқыған оқырманның көз алдына келеді. Жыр жолдарында, шумақтарында: «жайнады», «қайрады», «таймады», «мін», «кір» деген іс-қимылды білдіретін етістік, бұйрықты білдіретін, күшейтпелі сөздер жиі кездесіп, сөз тіркестеріне барынша екпін, күш беріп тұрғаны байқалады. Доскей ақын қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдерін, тіл байлығын, сөздік қордың күш-қуатын, фонетикалық, синтаксистік ерекшеліктерін жыр жолдарында ерекше шебер қолдана білгені дастан-поэmanın құндылығын арттыра түсіп, тарихи жырдың көркемдік жағына ерекше бір сән беріп тұрғандай сезіледі. Қазақ халқы Алла тағалаға, Құдайға, Тәңірге сыйынып, құлшылық етеді. Алайда, атақты, күшті, батыр-хандардың аруағына сыйыну діни-дәстүрі жауынгершілік заманда жиі кездесетін әдет-ғұрыптың бірі. «Абылайлап» жауға шабатыны әр қазақ батырының қанында, бойында бар дағды.

Батырлар түгел жолықты,

Шаттыққа төре малықты.

Құланөтпес бойын жайлады,

Желіден бие байлады.

Жиылып келген әскерге,

Жеке-жеке батыр сайлады.

Мейірі халықтың қанады.

Жиылғанын естіген

Дұшпанның іші жанады.

Назыр, Шүрен елінде

Әлі батыр келсін, - деп,

Бізге көмек берсін, - деп,

Оған да хабар салады.

Сонда Әлі айтады:

«Қалай барам мен?» - деді

Он төрт мыңдай қол болып,

Жолдасқа да молықты.

Аруаққа төре сиынды.

Басшы болмақ қиынды.

Алтай - Қарпық ортасы -

Құланөтпеске жиылды.

Жиылды Алтай - Қарпық,

Бөріші, Темеш.

Сол жерден басталды үлкен кеңес.

Әрине, Кенесары ханға Николай II патшаның мұздай қаруланған, мылтығы мен пушкасы бар, соғыс тәжірбиесі мол әскерінен соғысу оңайға түспегені анық. Әр ру, тайпа өзін күшті санаған заманда, ел ішіндегі бай-шонжарлардан, беделді рубасыларынан мықты батырларды жинау, оларды соғысқа дайындау, жиналған батырлардың басын біріктіру жұмыстары Кенесары мен Наурызбайға үлкен тарихи жауапкершілік жүктегені анық. Жауынгершілік заманда қазақ батырлары ең алдымен Құдайға сыйынса, одан кейін астарына мінген жүйрік тұлпарға, сәйгүлікке қатты сенетін. Жылқы малы батырдың досына, ең сенімді көмекшісіне айналып шыға келетін. Сондықтан болар, Доскей ақын өзінің поэмасында атақты батырлармен бірге, сәйгүлік жылқы малының қадір-қасиетін жоғары бағалап, оларды жан-жақты суреттейді, сипаттайды.

Төрт тұяғы болаттай,
Жал-құйрығы қанаттай.
Қай батырдың аты екен?
Құйрығына қарасаң,
Қылыш салған қынаптай.
Танауына қараса - Ағыбай,
Тығынын алған шелектей.
Шықшытына қараса,
Оралып біткен түбектей.
Ту сыртына қараса,
Бек тамаша дөңбектей.
Ағыбай батыр айтты:
«Япыр-ай, мынау қандай ердің аты екен?
Тұлғасы көп тұлпардан артық екен»

Бұл поэмада Кенесары ханның қазақ батырларына басшылық жасауы, Николай патшаның солдаттарымен соғысқан кезде, соғыс тактикасын, стратегиясын шебер пайдалана білу қабілеті арқасында жеңіске жеткен сәттері көп болған. Поэмада ханның бейнесі, болмысы, мінез-құлқы, жүрек жұтқан батырлығы, ақыл-парасаты, айлакерлігі, тапқырлығы, тез арада шапшаң шешім қабылдай білу қабілеті толық ашып көрсетілген. Төре сарбаздарымен Қызылжарға барған соң, Петропавел деген басшысына жолықты. Сонда Кенесары айтты:

«Петропавел, Қызылжарды билеген сен», - деді.
«Николайға дұшпан мен» - деді -
«Екеуіміз дос болайық, сен маған тиме,
Мен саған тимеймін», - деді.
«Өгіздің терісіндей ғана
Қызылжардың айналасынан жер бер», - деді.
Айтқанына көнеді,
Сұраған жерін береді.
Екі атан өгізді сойғызып,
Терісін таспадай қылып тіледі.
Төре қандай даналық?!

Көргендер қайран қалады.
Екі өгіздің терісін
Таспадай төрт бұрышына салады.
Он бестен он бес төрт бұрышы
Отыз шақырымды алады,
Естіген қайран қалады.
Қызылжар, Көкшетау, Бурабай, Атбасар,
Қараөткел - тегіс бұған қарады.

Тарихи жырдың ең бір шырқау кезеңі, поэманың шарықтау шегі - Кенекен өзінің мыңдаған қазақ батырларымен, Омбы жеріне жетіп, Омбы қаласының Губернаторы - Клумзинге елші жіберіп, келіссөз жүргізеді. Төренің басты ойы, мақсаты - Омбы қаласын күшпен емес, айламен, ақылмен, тактикалық әдіс қолдану арқылы жеңіске қол жеткізу. Хан Омбы Губернаторына мынадай шарт қояды. Мен садақпен Омбы қаласында орналасқан шіркеудің басындағы кресті құлатсам, онда маған Омбы аймағын, жерін соғыссыз бересің, - деп Клумзинмен келіссөз жүргізеді. Егер бұл, сөзіме көнбесең, онда мен мыңдаған сарбаздарымен патша әскерін аямай қырамын, - деп күш, сес көрсетеді. Губернатор Төренің айтқан талаптары мен шарттарына өзінің келісімін береді. Ал, егер де Кенесары ханның шірене тартқан садағы шіркеудің кіресіне тимесе, онда төре өзінің әскерімен кейін шегініп, Омбы қаласына тимеуге уәде береді. Бұл жерде, Кенекеннің батылдығы, мергендігі, даналық қабілеті, қиын жерден жол тауып кететін басшылық қасиеті, тапқырлығы, тұла бойындағы күш-қуаты ерекше жарқырап көрінеді. Ханның әбжілдік, ширақ, белсенді іс-қимылы Губернатордың мысын басып, оның бойын қорқыныш, үрей билейді. Бір жағынан, Омбы Губернаторы мен Николай патшаның әскері-хан Кененің бір садақпен, биік шіркеудің ұшар басындағы кресті атып түсеріне күмәнмен, күдікпен қарайды. Алайда, Кенесары хан өзінің күш-қуатын, намысқойлығын, мергендігін, Шыңғыс хан мен Абылай ханның асыл текті ұрпағы екенін тағы бір дәлелдеп бергендей болды. Осы арада Кенекен өзінің Құралайды көзге атар мергендігін көрсетіп, сәйгүлік аттың үстінде тұрып, садақты шірене тартқанда, садақ зуылдап барып, шіркеудің басындағы креске дәл тигізіп, құлатады. Мұны көріп тұрған Николай патшаның әскерлері мен Омбы губернаторы таң қалғандарынан, бастарын шайқап, жағаларын ұстап, Кенесары ханың тектілігіне, батырлығына, мергендігіне, мойын ұсынып, ханның алдында бастарын иеді. Енді осы тарихи оқиғаға байланысты, тарихи жырдан үзінді келтірейік:

Батырдың сөзі қайнады,
Көзі шоқтай жайнады,
Беті жаудан таймады,
Көк буырылды мініп ап,
Шіркеуге жақын айдады.
Садағына оқ салып,
Кірместен тоқталып,
Атуға белді байлады.
Жүгіртіп келіп буырылды,
Шіреніп тартты садақты,

Көрсетті қалың тобына
Қайрат пен талапты.
Шыдай алмай күшіне,
Тізесін бүгіп, ат жатты.
Ыза болып атына,
Барып - қайтып тағы атты,
Үшінші рет болғанда,
Аузына алды аруақты.
Буырылына күш бітіп,
Тағы тартты садақты.
Басына шіркеу дәл тиіп,
Кресін жұлып құлатты.

«Кенесары хан» дастан-поэмасының, тарихи жырының философиялық маңыздылығы, жас ұрпақтың, қазақтың бойындағы «намысты» оятудағы ролі өте жоғары екендігін және тәлім-тәрбиелік, танымдық құндылығы тереңде жатқан тарихы, тереңде жатқан тарихи, рухани шығарма екендігін атап өткен орынды. Халық ақыны Доскей - жай ғана ақын емес, бойында көріпкелдік қасиеті, қабілеті болған өнер иесі. Доскей Әлімбайұлы өмір бойы қазақ елінің жеке мемлекет, тәуелсіз ел болғанын арман еткен және сол тәуелсіздік жолында күрескен батыр адам. Қазақ халқында жақсы мақал бар емес пе? «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» демекші, Доскей өзінің осы тарихи жыры арқылы, өзінің білімділігін, өнерін, ақындығын, бойындағы табиғи дарынын барша жұртқа көрсете білді. Осы поэмасы арқылы бүкіл қазақ халқына «намыстың рухын, дәнін септі, таратты және қазақтың бойындағы азайып бара жатқан намыс күшінің, рухының сөнбеуіне аса зор үлес қосты. Намыс бар жерде - қазақ бар, намыс жоқ жерде қазақ жоқ. Біздің қоғамда ақынның өзі 2 түрге бөлінеді: бойында өнері бар ақын және ақыл-парасатты, білімі, намысы күшті ақын. Доскей Әлімбайұлының көп ақындардан бір артықшылық қабілеті, қасиеті - оның намысқойлығы мен батырлығында жатса керек. Ақынның осы поэмасының жыр жолдарынан биік рухты, намысты, батырлықты, шындық пен әділдікті, қазаққа тән адамгершілік қасиеттерді, мінез құлықты, болмысты анық көреміз. Сондықтан болар, бұл поэма 50 жыл бойы көпшілікке белгісіз болып келді. Біздің дұшпандарымыз - бұл поэма-дастаннан өлердей қорықты және осы шығарманың халық арасына кеңінен тарап кетпеуі үшін қолдан келген нәрсенің бәрін жасап бақты. Хандықты, Кенесары ханның болмыс-бітімін, сол дәуірді, қазақтың рухын, намысын, батыр тектілігін дәріптейтін тарихи жырдың күш-қуатын, рухани серпіліс-сілкінісінен зәрулері ұшып, құттары қашты. Жер астындағы «Гауһар тастың», алтынның жер бетіне қайтқан күнде бір шығатыны сияқты, бұл дастан-поэманы халықтан жасырып ұстау мүмкін емес еді.

1991 жылы Қазақ елі өзінің тәуелсіздігін жариялап, ата-бабаларымыз ғасырлар бойғы армандаған, мақсатқа қол жеткізді. Ел-жұртымыз жеке мемлекет болған соң, халық ақындарының шығармаларының жарыққа, баспа бетіне шығуына кең жол ашылды. Доскей ақынның да «Кенесары хан» поэмасы да бұқаралық баспа беттеріне жарияланып, жеке кітап боп басылып, халық арасына тарап кетті.

Философиялық ойлар ағымы

5 миллиард жыл бұрын Бір Аллаһтың құдіретімен күн, жер, планеталар, күн системасы, жұлдыздар пайда болды. Ең бастысы - бұдан миллиард жыл бұрын адамзаттың құтты, бақытты мекені - жер-анамыз пайда болыпты. Жер ана да тірі организм, ол адамдардың басты анасы, ендеше жер-ананың туған күнін неге атап өтпейміз? Адамзат баласын, 8 миллиард халықты өзінің азық-түлігімен, суымен, таза, жұпар ауасымен толық қамтамасыз етіп отырған қасиетті жер-ана ғой! Жер қасиетті ана болса, Күн жарық беруші әкеміз емес пе? Жер ананың суы - анамыздың ақ сүтімен пара-пар нәрсе. Неге осы адамзат баласы жер-ананың қадір-қасиетін мүлдем ұмытып кеттік? Жер бетіндегі барлық тіршілік иелерін асырап отырған жер-ана ғой!

Алғашқы кезде біздің жеріміз-газ, тозаң күйінде болған дейді. Ол баяғы, ескі замандарда жер бетінде су атымен жоқ. Жер-ыстық, газ, сұйық күйінде. Жер қойнауында - неше түрлі химиялық реакциялар қарқынды түрде жүріп жатыр. Жер қойнауы керемет ыстық, неше түрлі химиялық элементтерге сұйыққа, буға айналған. Тұман, бу, шаң-тозаң, улы көмір қышқыл газдары бір-бірімен химиялық реакцияға түсіп жатыр. Алай-дүлей соққан жел, жер қойнауынан атқылап жатқан ыстық қоймалжың вулкандар. Бәрі бір-бірімен мидай араласып, езіліп жатыр. Миллиардтаған, миллиондаған жылдар, ғасырлар байқалмай өтіп жатыр. Жердің ауасы, атмосферасы өте ыстық, тығыз күйде. Әртүрлі газдардың қосылуынан неше түрлі химиялық реакциялар жүріп жатыр, жиі-жиі газ жарылыстары бұрқ ете қалады. Ауыр элементтер біртіндеп жердің ортасына жиналып, жеңіл элементтер жердің бетіне сұйық күйінде балқып шығуда. Улы газдар, көмір қышқыл газдары атмосфераға жиналған. Жер бетінде тіршілік үшін күрес жүріп жатыр. Әлі де болса, жердің беті өте жұқа. Құнарлы топырақ қабаты әлі толық қалыптаса қоймаған дәуір. Атмосфера да жиі-жиі алай-түлей газ дауылдары соғып, жердің астаң-кестеңін шығарады. Жердің үстін қалың газ тұмандығы жауып тұр. Күн сәулесі түскенімен, жер үстінде тіршілік белгісі мүлдем білінбейді. Бірақ, жер астында болып жатқан сан-алуан химиялық реакциялар тізбегі-осы күн сәулесінің әсерінен болып жатқаны анық. Тағы да миллиардтаған жылдар өте шықты. Алланың Құдіретімен бір тамшы су жердің ыстық қабатына келіп тамды. Жер бетіндегі тіршіліктің бастауы осы бір кішкентай тамшыдан бастау алады. Бүкіл жанды тіршілік иелерінің пайда болуына осы бір тамшы су-ана себепші болды. Бір тамшы жерге тамған кезде, болар-болмас бу шықты. Біртіндеп су тамшылары көбейе бастады. Жерге су тамады, ол су бу болып аспанға, ауаға ұшады, тарайды. Бірақ, ол кезде қазіргідей ауа атымен жоқ. Жарық сәулесі және су тірі организмнің басты элементтері болып табылады. Тағы да миллиардтаған жылдар білінбей өте шықты. Жер эволюциясында су тамшысы үлкен өзгерістер әкелді. Ендігі жерде, жер бетіне су біртіндеп жаңбыр күйінде жауа бастады, кей уақыттарда жаңбыр айлап жауатын деңгейге жетті. Жердің қабыршағы біртіндеп суи бастады. Жаңбырдың әсерінен, жер бетінде үлкен мұхиттар, теңіздер пайда болды. Енді әртүрлі реакциялардың әсерінен, жер бетінде өсімдік әлемінің қарапайым түрлері өсе бастады. Өсімдіктер әлемі жер бетіне үлкен, түбегейлі өзгерістер әкелді. Өсімдіктер атмосферадағы улы газдарды, көмір қышқыл газдарын бойларына сіңіріп, одан кейін қоршаған ортаға таза ауа шығара бастады. Күн сәулесінің әсерінен, жылуынан өсімдіктерде «фитосинтез» реакциялары жүріп, өсімдіктер жер бетіне қаулай өсіп, ну ормандар өсіп шықты. Қалың ормандар біртіндеп шіріп, топырақ құнарын құнарта түсті.

Жер бетінде пайда болған мұхиттар мен теңіздер де ең алдымен қарапайым балдырлар, ұсақ балық түрлері пайда бола бастады. Жер үстінде хайуанаттардың неше түрлері өмір сүре бастады. Тіпті, алып динозаврлар, кесірткелер дүниеге келді. Алайда, жер бетіндегі сан-алуан катаклизмдердің әсерінен, қорқынышты динозаврлар жер бетінен мүлдем жойылып кетті. Жердің климаты өте құбылмалы

